Жүгері өнімділігінің мүмкіндігін классикалық селекция әдістемелер негізінде жоғарлату және нарыққа жана жүгері будандарын, сорттарын белгілі дән сапасы және дәннің пісі мерзімдеріне қарай жүгері будандарын параметірмен ұсыну. Осы мәселенің қазіргі уақыттағы вегетациялық кезеңдерінің зерттелуін бағалау.

Кілт сөздер: будан, гетерозис, вегетациялық кезең, собық, жапырақтар саны.

Кіріспе

Жүгері дәнді дақылдардың ішінде өнімді мол беретін және құрғақшылыққа төзімді дақыл. Отаны Америка болып саналса да жер шарына кең тараған. Жүгері жер шарының терістік ендігінің 58°С-ынан, Оңтүстік ендіктің 40°С-ына дейінгі аралықта ойпатты да, қыратты да, егістікте де, тіпті тау бөктерінде де өсіріледі.

Жүгері өнімін, жоғарғы өнімді, сапалы дәнді жүгері будандарын шығару арқылы, мал өнімдерін ұлғайтуға сонымен қатар одан крахмал және биоотынға өңдеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты біздің республикамызда ауылшарушылығын дамыту бағдарламасында жүгері жоғары басымдылыққа ие дақыл ретінде көрсетілген.

Жүгерінің ата-аналық будандарының Алматы, Жамбыл және Оңтүстік-Қазақстан облыстарының элиталық тұқым шаруашылықтары және тұқым шарушылықтарынан көбейтуге, тұқым алуға және оны Қазақстан Республикасының басқа облыстарына таратуға сұраныс жоғары.

Таяу жылдары республика бойынша жүгерінің егістік көлемін 250 мың га, болашақта 500 мың га дейін жеткізу қажет. Бұл мақсатты орындау үшін үздіксіз селекциялық жұмыстар және тиімді жүгері өсірудің агротехнологиясын жасау қажет.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты– әр түрлі мерзімде пісетін жоғары өнімді гетерозисті жүгері будандарын зерттеу. Ғылыми жұмыстың мақсатына жету үшін келесі міндеттер қарастырылады: Будандарды зерттеу селекциясында олардың өніп-өсу мерзімі, өсімдіктің ұзындығы, бірінші собықтық жер бетінен биіктігі, жапырақ саны, бір өсімдікке шаққандағы собық саны, түптеу қабілеті, күтпеген төтеніш жағдайларға төзімділігі, ауру мен зиянкестерге төзімділігі, жоғары өнімдігі т.б. қасиеттері арқылы бағаланылады. Бағалау бұрыннан қолданылып жүрген, ерекшеленген линия мен будандармен салыстыру арқылы жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Тексеру нәтижесінде неғұрлым ерте мерзімде пісетін жүгері линиялары мен сорт үлгілерінің қуаңшылыққа төзімді келетіні анықталды. Атап айтқанда тексерілген 70 ерте мерзімде пісетін линиялардың 74,3% қуаңшылыққа өте төзімді деген бағаға ие болды (ВИР каталогі бойынша): 5098, 3692, 20453, 12956, 20481,6505, 20449, 1696, 1220, 20462, 5014, 5293, 20465, 20475, 1700, 6178, 17338, 17816, 20470, 3502, 5733, 20478, 20461.

Біздің тағы бір жүгері селекциясындағы бағытымыз, ол жүгері өнімін тұрақтандыру болды. Жүгері дақылының өнімін көбейтудің бірден-бір көзі ретінде алғашқы материалдарды зерттегенде олардың көп собықтылығына аса көңіл бөліп, іріктеп алып отырдық.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Зерттеу нәтижесінде мынадай ерте мерзімде пісетін сортүлгілері көп собықты болып шықты (ВИР-дің каталогі бойынша);1446, 20473, 20458, 20474, 17816, 19926, 5545, 19030, 13662, 11873, 126687, 1949, 1935, 1946, 109013, 14013 т.б. зерітелді.

Ерте пісетін алғашқы материалдар (ВИР каталогі бойынша); 20466, 20458, 6605, 14139, 1259, 15695, 11418, 3722, 13289, 17337, 16495, 17334, 15711, 19897, 19925, 14299, 11124, 15349, 17251 т.б. бөлініп алынып өте ерте мерзімде пісетін будандар 90-95 жаңа будандар; Сары-Арқа 150СВ, Целинный 160СВ, Будан 237МВ Казахстанский 162МВ, г/п Тургайская 5/8,7, Алтай 250МВ. Бұл будандар дәнге толық пісіп жетіледі, ғылыми – зерттеу мекемесі мен сортсынау мәліметтері бойынша гектарына 40-60 ц дән береді. Бұл будандардың бір кемшілігі ауа-райы аса қолайсыз жылдары дәндік өнім беру қабілеті болмай қалуы мүмкін.

Жүгері буданының гетерозис деңгейі оның ата-ана жұбының бір-бірімен будандастырғанда беретін комбинациялық мүмкіндігінің деңгейімен анықталды. Жүргізілген жұмыстардың арқасында: 05092, 04731, 05577, 05444, 05554, 04787, 05052, 05555, 06092 т.б. өте жоғары арнаулы комбинациялық деңгейі бар линиялар бөліп алдық. Ерте мерзімде сортүлгілерінің ішінен бір өсімдікке шаққандағы дән өнімі жағынан ерекше бөлінгендердің қатарына мыналарды жатқызуға болды (ВИРдің каталогі бойынша);20473, 20469, 20467, 20458, 20480, 20461, 20474, 20470, 20468, 20479, 20475, 20476, 20477, 1466, 17816, 60505, 17723, 16513; линиялардан :19925, 19928, 19913, 17253, 12791, 17334 т.б. Әр түрлі шаруашылық құнды белгілері жағынан шет елдің және өзіміздің бастапқы материалдың 29 нөміріне зерттеулер жүргізілді.

Селекциялық зерттеулер бәсекелестік, бақылау, алады-ала сортсынақтарда жүргізілді. 2014 жылы ерте пісетін БСС-да 10 будан ажыратылып алынды бұлар стандарттан ерте піседе немесе стандартпен қатар пісті.

2015 жылы да ерте пісетін БСС-да 10 будан ажыратылып алынды бұлар стандарттан ерте пісті немесе стандартпен қатар піседі (кесте 1).

Кесте 1. Ерекшеленген ерте пісетін жүгері будандарының фенологиялық бақылаулары, БСС, (2014-2015 ж).

Каталог №	Өскіннен гүлденгенге дейінгі күн саны		Биіктігі, см		Жапырақ саны, дана	Жатып қалуы, балл	Қарақүйемен зақымдалуы, %	Өсімдікті көзбен бағалау, балл
	пашағы	собығы	өсімдік	бірінші собыққа дейінгі				
ДНК 2314	59	61	242	75	11	5	1,0	5
ДНК 2402	61	62	270	85	13	5	1,0	5

ДНК 2394	59	60	245	75	12	5	1,0	5
ДНК 2452	59	60	245	85	13	5	1,0	5
ДНК 2450	60	62	250	75	12	5	1,0	5
ДНК 2526	58	59	243	75	12	4	1,1	5
ДНК 2456	62	60	220	60	13	5	1,0	5
ДНК 2462	60	62	245	80	12	5	1,1	5
ДНК 2468	61	59	248	90	13	5	1,0	5
ДНК 2473	62	60	250	80	13	5	1,0	5
Целинный 160 СВ (ст)	60	62	240	80	11	5	1,1	5

2014-2015 жылдардың бақылаулары бойынша жүгері үлгілерінің орташа пісу уақыты 62 күнді құрды, өсімдік биіктігі 245 см, бірінші собыққа дейінгі аралығы 78 см, жапырақ саны бір өсімдікте 12 дананы көрсетті, бұлар жатып қалуға, ауруларға төзімді.


Орташа кеш және кеш пісетін жүгері будандарының 2014-2015 жылғы фенологиялық бақылаулары 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Ерекшеленген орташа кеш және кеш пісетін жүгері будандарының фенологиялық бақылаулары, БСС, (2014-2015ж)

Каталог №	Өскіннен гүлденгенге дейінгі күн саны		Биіктігі, см		Жапырақ саны, дана	Жатып қалуы, балл	Қаракүйемен зақымдалуы, %	Өсімдікті көзбен бағалау, балл
	шашағы	собығы	өсімдік	Бірінші собыққа дейінгі				
P2345	82	86	240	90	20	5	1,0	4
P2438	83	86	240	110	18	5	1,0	5
P2597	81	84	250	85	20	5	1,1	5
P2620	84	86	280	90	23	5	1,0	5
P2639	83	86	300	95	24	5	1,0	5
P2727	83	85	270	70	20	5	1,0	5
P2731	80	85	245	85	18	5	1,0	5
P2759	82	88	265	100	19	5	1,0	5
P2484	83	85	290	125	23	5	1,1	5
P2796	83	85	275	110	22	5	1,0	5
P2482	83	85	260	75	19	5	1,0	5
P2800	83	86	290	100	22	5	1,0	5
P2501	83	85	280	85	22	5	1,0	5
P2759	83	85	265	100	23	5	1,0	4
Каз.587	85	88	260	87	20	5	1,0	4

2015 жылы балауызданып пісудің басталуы 4 күнге үлгіден ерте және бірдей 14 буданда жүрді. Олар: P 2345, P 2438, P 2597, P 2620, P 2639, P 2727, P 2731, P 2759, P 2484, P 2796, P 2482, P 2800, P 2501, P 2759.


2014-2015 жылы тестбудандасу, жай будандасу негізінен 20 будан бөлініп алынды оның ішінде БСС учаскісінен 10 жай будан ерешеленді олардың дән өнімділігі ерте пісетін жүгерінің стандарты ретінде алынған Целинный 160 СВ буданынан 12,5 -15,0 ц/га немесе 18,5-22,2 %. жоғары көрсеткішті көрсетті (сурет 1)



Сурет 1 – Ерекшеленген ерте пісетін жүгері будандарының дән өнімділігінің көрсеткіші

Ерте пісетін будандардың екі жылдық орташа дән өнімділігі 11,1-14,4 ц/га немесе 16,2-21,1% -ға артық көрсеткіш көрсетті.

2014-2015 жылдары БСС көшетігінде кеш пісетін будандар 25 (24+үлгі) будан зерттелді. 10 кеш пісетін жүгері буданы ерекшеленді, олар анық үлгіден 9,3-20,4ц/га немесе 7,6- 16,8 % артық болды (сурет 2).



Сурет -2 Ерекшеленген орташа кеш және кеш пісетін жүгері будандарының дән өнімділігі, БСС

Орташа кеш және кеш пісетін жүгері будандарының екі жылдық орташа дән өнімділігі стандарт ретінде алынған Қазақстанский 587 СВ–ден 7,9-20,1 ц/га немесе 6,4-16,4% -ға артық болды.

Зерттеліп отырған будандардың көк балауса массасының өнімділігі, зерттелген жылдарда орташа пісетін 83,6-180,8 ц/га аралығында болды. Зерттелген жүгері будандары көк балауса массасының өнімділігі жағынан стандарттан жоғары көсеткішке ие болды, тек ДНК 2381, нөмері ғана төмен өнім көрсетті, стандарттың өнімділігі 99,9 ц/га болды (кесте 3).

Кесте 3. Ерте мерзімде пісетін жүгері будандарының екі жылдық орташа өнімділігі

Будан	Дән өнімділігі, ц/га		Құрғақ зат жинақталуы	± ц/га. стн-қа шаққандағы құрғақ зат
	Көк балауса	собығы		
Сары-арқа 150СВ,(ст-т)	99,9	18,7	24,0	-
ДНК 2381	83,6	7,3	18,7	-2,0
ДНК 2409	125,1	17,8	30,4	+6,4
ДНК 2468	116,4	19,4	30,1	+6,1

ДНК 2600	119,4	16,6	27,3	+3,3
ДНК 2489	119,9	22,8	25,6	+1,6
ДНК 2490	134,9	41,0	30,3	+0,6
ДНК 2507	130,9	14,5	34,3	+4,5
ДНК 2390	127,8	20,8	29,0	-0,8
ДНК 2478	180,8	23,9	36,0	+6,2
ДНК 2599	150,3	23,9	35,5	+5,7
ДНК 2577	131,9	18,6	32,6	+2,8
НСР 095				

Жүгері будандарының жинау уақытында көк балауса массасының ылғалдылығы 68,8 - 79,3 %-ды құрды. Құрғақ зат мөлшері 18,7 ц/га- 41,9 ц/га дейінгі аралықта болды.

БСС-да тестбудандасу, жай будандасу негізінен 20 будан бөлініп алынды оның ішінде БСС учаскісінен 10 жай будан ершеленді, ерте пісетін жүгерінің стандарты ретінде алынған Целинный 160 СВ буданы, орташа кеш және кеш пісетін жүгері будан стандарт ретінде алынған Казахстанский 587 СВ болды.

Қортынды

Селекциялық зерттеулерде екі жылдық орташа дән өнімділігі, ерте пісетін буданда 12,5 -15,0 ц/га немесе 18,5-22,2 %. жоғары көрсеткішті көрсетті, ал орташа кеш және кеш пісетін жүгері буданында 7,9-20,1 ц/га немесе 6,4-16,4% -ға артық көрсетті.

Әдебиеттер

1. *Омарова А.Ш.* Экологическая селекция кукурузы на ультраскороспелость и продуктивность. / Материалы V Международной конференции «Проблемы АПК и охрана окружающей среды». Кызылорда:- 10-12 апреля.- 2008. - С.187-189.

2. Руководство по испытанию генотипов кукурузы и представлению отчетных данных (СИММИТ, Мексика): - 2001. –24 с.

3. *Диканев Г.П., Ефанов Д.В.* Использование влаги гибридами кукурузы различных групп спелости// Кукуруза и сорго. – 2007. - № 2. - С. 6-8.

Әбілдаева Қ., Идрисова А.Б., Мырзабаева Г.А.

ОЦЕНКА ЗЕРНА ГИБРИДОВ КУКУРУЗЫ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СРОКОВ СОЗРЕВАНИЯ

Аннотация

Для использования в селекции отобраны гибриды кукурузы, обладающие позднеспелый устойчив к полеганию и высокими показателями.

Ключевые слова: гибрид, гетерозис, вегетационный период, солома, количество листьев.

Abildaeva K., Idrisova A., Myrzabaeva G.

EVALUATION OF GRAIN MAIZE HYBRIDS DEPENDING ON RIPENING

Annotation

For use in the selection of selected corn hybrids having late-resistant to lodging and high performance.

Keywords: hybrid, heterosis, the growing season, straw, leaves

Балықбай С.Қ., Атақұлов Т.А., Мусаходжаев Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАУ БӨКТЕРІ ЖАҒДАЙЫНДА АРПА ДАҚЫЛЫНЫҢ СЕБУ МӨЛШЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы тау бөктері жағдайында арпа дақылының әр түрлі себу мөлшерінің оның өнімділігіне әсері келтірілген.

Кілт сөздер: себу мөлшері, жалға себу, минималді, нөлдік-өңдеулер, тамшылатып суғару.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы жолдауында Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытуға көп көңіл бөлінген. Жермен жұмыс істейтіндер, ең алдымен жаңа технологияларды енгізіп, өнімділікті үздіксіз арттырып, жұмысты әлемдік стандарттар негізінде жүргізу керек [1].

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіпті дамытудың негізгі жолы – суармалы жерлерді және су көздерін тиімді пайдалану болып табылады. Республикамызда су тапшылығына байланысты суғармалы жерлердің көлемін ұлғайту мүмкіндіктері өте аз. Сондықтан суды тиімді және үнемді пайдаланатын, ылғал үнемдейтін технологияларды өндіріске енгізу үлкен бір өзекті мәселенің бірі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруде топырақты минималды және нөлдік өңдеу технологияларын енгізу, топырақты өңдемей дақылды тікелей жалға себу тәрізді инновациялық технологиялар топырақ құнарлығын сақтап, одан тұрақты және жоғары сапалы өнім алуды қамтамасыз етеді [2].

Топырақты өңдемей астық тұқымдас дақылдарын тікелей жалға себу технологиясы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, дақылдың әр түрлі себу мөлшерінің өнімділікке әсерін, өнімділікті арттыруға, шығындарды азайтып экономикалық тұрғыдан тиімді өнім алуға болатынын дәлелдеп отыр [3].

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу бағдарламасына сәйкес тәжірибе Алматы облысы Көлді ауылында жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде арпа дақылының «Жұлдыз» сорты алынды. Тәжірибе танабының жалпы ауданы 325 м², мөлдек ауданы 27 м², үш рет қайталау. Танаптар қатарлап орналастырылды. Себу мерзімі - 11 сәуір. Далалық тәжірибиелерде арпа дақылының себу мөлшері зерттелді. Ол үшін арпа дақылының үш себу мөлшері, гектарына: 3,0; 5,0 және 7,0 млн өңгіш тұқым салыстырмалы түрде зерттелді. Арпаны өсіруде суды үнемдейтін тамшылатып суғару әдісі пайдаланылды. Бұл суғару әдісі суды 40-50 пайызға дейін үнемдейді. Вегетация кезінде арпаның өсіп жетілуіне бақылаулар жүргізілді (кесте 1, 2).

Кесте 1 – Арпаның түтіктену фазасындағы бақылаулар нәтижелері

Себу мөлшері, млн дана	Өсімдік саны, 0,3м ² /дана	Өсімдіктің орташа биіктігі, См	Өсімдіктің жалпы салмағы, 0,3м ² /г	Құрғақ масса 0,3м ² /г
3(б)	108	46,3	210,7	60
5	110	48	273	71,4
7	119,3	49	262,5	62

Арпаның түтіктену фазасында ең жоғарғы көк массаның салмағы – 273 (0,3м²/г) және құрғақ салмақ 71,4 (0,3м²/г) екінші нұсқада -5 млн себу мөлшерінде болды.

Кесте 2 – Арпаның сүттеніп пісу фазасындағы бақылаулар нәтижелері

Себу мөлшері, млн дана	Өсімдік саны, 0,3м ² /дана	Өсімдіктің орташа биіктігі, См	Өсімдіктің жалпы салмағы, 0,3м ² /г	Құрғақ масса 0,3м ² /г
3(б)	72,6	133,3	280	121,5
5	74,3	137,6	340,3	140,7
7	74,6	140,0	300,4	135,8

Арпаның сүттеніп пісу фазасында ең жоғарғы көрсеткіш – 340,3 (0,3м²/г) және құрғақ массасы – 140,7 (0,3м²/г), екінші нұсқада – 5 млн себу мөлшерінде болды.

Арпаның әртүрлі себу мөлшері оның өнімділігіне әсерін тигізді. Алматы облысы тау бөктері жағдайында жүргізген зерттеулеріміздің нәтижелері бойынша арпа дақылының «Жұлдыз» сортының себу мөлшері 3,0 млн өнгіш тұқым сепкенде арпаның орташа өнімділігі 44,6 ц/га, 5,0 млн өнгіш тұқым себілгенде 48,3 ц/га, 7,0 млн өнгіш тұқым себілгенде 45,8 ц/га орташа өнімділік қалыптасты.

Ең жоғарғы орташа өнімділік - 48,3 ц/га 5 млн себу мөлшеріндегі тәжірбие нұсқасында болды (кесте 3).

Кесте 3 – Арпаның әртүрлі себу мөлшеріне байланысты өнімділігі, ц/га

Қайталаулар	Себу нормасының нұсқасы, млн.дана		
	3(б)	5	7
1	47,2	45,9	48,4
2	43,6	46,8	45,3
3	43,0	52,3	43,7
Арпаның орташа өнімділігі, ц/га	44,6	48,3	45,8

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Алматы облысы тау бөктері жағдайында арпа дақылының ең қолайлы себу мөлшері бір гектарға 5 млн тұқым себу керектігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Егемен Қазақстан 17 қаңтар, 2014 ж.
2. Оспанбаев Ж., Карабаев М.К. Перспективы нулевой технологии возделывание культур на юге и на юго-востоке Казахстана// Ноу-Тил и плодосмен – основа аграрной политики поддержки ресурсосберегающего земледелия для интенсификации устойчивого производства: матер.межд.конф.- Астана-Шортанды, 2009. – С.195-198.
3. Алкенов Е.Н., Атакулов Т.А. Пути эффективного использования поливной пашни в предгорной зоне Алматинской области// Исследования, результаты, 2012.-№4. – С. 42-45

Аннотация

В статье приводятся данные влияния нормы высева ячменя на ее урожайность. Установлено что оптимальной нормой высева ячменя является 5 млн всхожих семян.

Annotation

The article presents the data of influence of barley seeding rates on its productivity. It was found that the optimal rate of barley seed is 5 million viable seeds .

УДК 632.9(575.2)

Баясов А., Джунусов К.К.

Кыргызский национальный аграрный университет им. К.И.Скрябина

БОЛЕЗНИ ЗЕРНОВЫХ БОБОВЫХ КУЛЬТУР И МЕРЫ БОРЬБЫ С НИМИ В УСЛОВИЯХ ЧУЙСКОЙ ДОЛИНЫ

Введение

С семенами сельскохозяйственных культур могут передаваться возбудители различных болезней, таких как корневые гнили, головня, аскохитозы, септориозы и другие. Обработка семян фунгицидами позволяет защитить семена, проростки и всходы не только от семенной и почвенной, но и от других видов инфекций.

В настоящее время для предпосевной обработки семян широко используются в основном химические, и мало уделяется внимания биологическим препаратам, регуляторам роста и т.д. Однако биопрепараты в отдельные годы по своей эффективности практически не уступают химическим. В связи с этим, для оптимизации приемов защиты сельскохозяйственных культур необходим подбор таких препаратов, которые на протяжении длительного времени могли бы повышать их устойчивость к фитопатогенным организмам.

Целью настоящих исследований было выявить влияние предпосевного обеззараживания семян фасоли различными препаратами на повышение их устойчивости к наиболее распространенным и вредоносным болезням.

В задачи исследований были поставлены следующие вопросы:

- 1) установить видовой состав болезней, проявляющихся на фасоли;
- 2) определить биологическую эффективность предпосевного обеззараживания семян фасоли;
- 3) оценить влияние предпосевного обеззараживания семян на урожайность и элементы структуры урожая фасоли.

Условия и методика

Исследования проводились в 2013-2014 гг. на опытном поле Учебно-опытного хозяйства КНАУ. Почва опытного участка – сероземно-луговой, среднесуглинистый, маломощный, мелиорированный. Для исследований были взяты семена фасоли сорта Лопатка, наиболее широко возделываемого в Кыргызстане.

Предпосевное протравливание семян проводили методом увлажнения, с нормой расхода препаратов: раксил и дивиденд стар – по 2 л/т, фитоспорин – 0,8 кг/т, планриз – 0,5 г/т семян. Расход воды 10 л/т семян (1,2). Учет болезней фасоли проводили по общепринятым методикам (3).

Определяли распространенность и развитие болезней, биологическую и хозяйственную эффективности (4). Весь цифровой материал обрабатывали статистически дисперсионным методом (5).

Результаты исследований

При учете листо-стеблевых инфекций был выявлен аскохитоз. Возбудителями заболевания являлись грибы из рода *Ascochyta* – *Ascochyta pisi* и *Ascochyta pinodes*. Они сохранялись на инфицированных растительных остатках в виде мицелия и пикнид, передавались с пораженными семенами.

Распространенность аскохитоза в контроле не превышала 73,1%, а в остальных вариантах опыта – существенно ниже и составляла 52,1-56,1% (табл.1).

Таблица 1 - Влияние предпосевной обработки семян препаратами на поражаемость фасоли аскохитозом, (Учебно-опытное хозяйство КНАУ, 2013-2014 гг.)

Варианты	Распространенность болезни, %	Развитие болезни, %	Биологическая эффективность, %
Контроль (без обработки)	73,1	41,2	-
Раксил	56,1	24,7	40,1
Дивиденд Стар	54,9	23,9	42,0
Фитоспорин	52,1	22,1	46,4
Планриз	61,9	26,2	36,1

Минимальное развитие аскохитоза было отмечено при обработке семян дивидендом и фитоспорином и составило, что на 42-46% ниже относительно контроля. Обработка семян раксилем и планризом обеспечивало снижение развития болезни до 25%, что существенно ниже по сравнению с контролем.

При испытании препаратов для предпосевной обработки семян фасоли была выявлена различная степень их эффективности в борьбе с корневыми гнилями. Возбудителями корневой гнили фасоли в большинстве случаев являлись грибы рода *Fusarium*, наиболее патогенные из них – *Fusarium oxysporum*, *Fusarium culmorum*, *Fusarium solani* и др. Эти грибы широко распространены в почве и могут легко передаваться с семенами.

Распространенность болезни в контроле составляла 98,2%, а при обработке семян препаратами существенно ниже (табл.2).

Развитие корневой гнили при обработке семян дивидендом стар и фитоспорином не превышало 28,3%, что соответственно на 52-55% ниже относительно контроля. При использовании раксилы и планриза, также было отмечено существенное снижение развития болезни.

Урожайность и элементы структуры урожая приведены в таблице 3. Максимальная урожайность была получена в варианте с фитоспорином и составила 18,7 ц/га, что обеспечивало прибавку урожая в 3 ц/га относительно контроля.

Таблица 2 - Влияние предпосевной обработки семян препаратами на поражаемость фасоли корневой гнилью, (Учебно-опытное хозяйство КНАУ, 2013-2014 гг.)

Варианты	Распространенность болезни, %	Развитие болезни, %	Биологическая эффективность, %
Контроль (без обработки)	98,2	59,1	-
Раксил	87,3	31,2	47,3
Дивиденд Стар	89,0	28,3	52,2

Фитоспорин	85,1	26,2	55,7
Планриз	88,2	30,1	49,1

Таблица 3 - Влияние предпосевной обработки семян препаратами на урожайность фасоли, (Учебно-опытное хозяйство КНАУ, 2013-2014 гг.)

Варианты	Продуктивных стеблей, шт./м ²	Масса 1000 зерен, г	Урожайность, ц/га	Прибавка к контролю, ц/га
Контроль (без обработки)	51,8	168,7	15,7	-
Раксил	66,2	182,5	17,9	2,2
Дивиденд Стар	68,9	184,6	18,0	2,6
Фитоспорин	69,7	194,2	18,7	3,0
Планриз	68,1	189,3	18,1	2,4

Заключение

На основании проведенных исследований можно сделать вывод о том, что наиболее распространенными болезнями на горохе являются аскохитоз – возбудители грибы рода *Ascochyta*, корневые гнили, возбудители которых относятся в основном к грибам рода *Fusarium*.

Предпосевная обработка семян фасоли препаратами (как химическими, так и биологическими) оказались эффективными не только против возбудителей группы листовых болезней (поражаемость аскохитозом снижалась до 36,1-46,4%), но и против почвенных инфекций – корневых гнилей (снижение развития гнилями составляло 47,3-55,7%). При этом необходимо отметить, что биологическая эффективность биопрепаратов была практически на уровне химических препаратов (раксил и дивиденд стар). В вариантах с применением фитоспорина и планриза получены и максимальные уровни урожайности фасоли – 18,7 и 18,1, соответственно.

Литература

1. Методические указания по государственному испытанию фунгицидов, антибиотиков и протравителей семян сельскохозяйственных культур.- М., 1985.
2. Рекомендации по защите зернобобовых культур от корневых гнилей. – М.: Колос, 1982.
3. Методическое руководство по учету болезней сельскохозяйственных культур. – М., 1985.
4. Методы определения болезней и вредителей сельскохозяйственных растений (пер.с нем.). - М., Агропромиздат, 1987.
5. Доспехов, Б.А. Методика полевого опыта. – М. : Агропромиздат, 1985.

Дуйсенова Г., Малимбаева А.

Казахский национальный аграрный университет

ВЛИЯНИЕ ДЛИТЕЛЬНОГО ПРИМЕНЕНИЯ УДОБРЕНИЙ НА ПОКАЗАТЕЛИ
ЭФФЕКТИВНОГО И ПОТЕНЦИАЛЬНОГО ПЛОДОРОДИЯ
ТЕМНО-КАШТАНОВЫХ ПОЧВ

Аннотация

Исследования показали, что длительное и систематическое применение минеральных удобрений в интенсивном овощном севообороте различно действуют на показатели потенциального и эффективного плодородия в темно-каштановой почве.

Ключевые слова: плодородие, удобрение, гумус.

Введение

Органическое вещество почвы или гумус это высокомолекулярные темно окрашенные органические вещества почвы. Гумус состоит из гуминовых кислот, фульвокислот, гуминов, а также ряда других сложных соединений. Это большой набор ароматических соединений, липидов, аминокислот, органических кислот и их производных. Органические компоненты почвы так же, как и минеральные ее компоненты, содержат в тех или иных количествах практически все элементы, которые имеются в периодической системе Д.И.Менделеева. В результате гумификации органических остатков растений и животных образуется гумус и содержит все основные элементы питания, которые после его минерализации переходят в доступную и мобильную для растений форму. Почвы, богатые гумусом являются высокоплодородными, поэтому уровень содержания органического вещества можно считать показателем ее потенциального плодородия. При этом значение имеет фракционный состав гумуса, где лучшими являются те почвы, во фракционном составе которых преобладают гуминовые кислоты.

В процессе длительного применения минеральных и органических удобрений, как в севооборотах, так и в монокультурах в почве происходят определенные изменения. Меняется качественный и количественный состав питательных веществ, структура почвы, физико-химические, биологические свойства, реакция почвенной среды. Изучение изменений, происходящих в почве, особенно в условиях длительного и систематического применения различных видов удобрений, имеет большое агрономическое значение для правильного и рационального применения удобрений.

Органическое вещество сложный и относительно динамичный комплекс органических соединений почвы, который подвергается изменениям под влиянием целого ряда факторов, главным из которых является антропогенный фактор. Снижение содержания запасов гумуса при введении целинных почв в оборот известен давно, причины и общие закономерности этого процесса снижения всесторонне освещены в работах исследователей.

Как известно, абсолютные (валовые) запасы гумуса, азота, фосфора и калия характеризует ее потенциальное плодородие. Длительное и систематическое применение удобрений оказывает большое влияние на показатели потенциального плодородия, об этом свидетельствуют многочисленные исследования ученых, проведенные отечественными и зарубежными исследователями в различных зонах стран в различных почвенных и климатических условиях, а также в севооборотах с различной специализацией.

Материалы и методы

Исследования проводились на стационаре КазНИИ картофелеводства и овощеводства в условиях 4-польного интенсивного овощного севооборота, заложенного в 1992 году.

Опыт развернут в пространстве и во времени. Севооборот проходит 6 ротацию. Чередование культур в 4-польном интенсивном овощном севообороте, заложенного в 1992 году на темно-каштановой почве: 1. Капуста белокочанная (поздняя), 2. Огурец, 3. Томат, 4. Корнеплоды (морковь, свекла столовая). Площадь опытной делянки составила 67,2 м² (4,2 м x 16 м), повторность 4-х кратная.

Схема внесения удобрений под капусту: 1. Контроль (без удобрений), 2. N60P30K30 (одинарная доза), 3. N120P60K60 (двойная доза), 4. N180P90K90 (тройная доза).

Виды удобрений, вносимые в интенсивном овощном севообороте: мочевины (46% д.в.), двойной суперфосфат (40% д.в.), хлористый калий (58-60 % д.в.).

Результаты и их обсуждение

Результаты наших исследований показали, что длительное и систематическое применение минеральных удобрений в интенсивном овощном севообороте различно действуют на показатели потенциального и эффективного плодородия в темно-каштановой почве.

Среди основных типов почв каштановые почвы после черноземов занимают 2 место по уровню плодородия. В свою очередь, среди каштановых почв подтип темно-каштановых почвы обладают высоким потенциальным плодородием.

Предгорные орошаемые темно-каштановые почвы юго-востока Казахстана, общая площадь которых составляет около 470 тыс. га, всегда считались высокоплодородными. Однако, как показывают результаты агрохимических обследований и научных исследований, за более чем полувековой период сельскохозяйственного использования эти почвы утратили многие свои исходные параметры, определяющие их потенциальное и эффективное плодородие.

Орошаемые темно-каштановые почвы опытного стационара КазНИИКО, являющиеся объектом наших длительных исследований, также претерпели существенные изменения. Результаты экспериментов по изучению гумусного состояния предгорной темно-каштановой почвы, установлению влияния минеральных удобрений на содержание и запасы гумуса в почве представлены в таблице 1. Здесь показано исходное содержание и запасы гумуса в темно-каштановой почвы, содержание его после первой ротации севооборота без внесения удобрений и при использовании минеральных удобрений, а также после 5 ротации интенсивного овощного севооборота.

На варианте опыта, где в течение первой ротации интенсивного овощного севооборота (в период 1991-1995 гг.) вносились минеральные удобрения в сумме за все культуры севооборота - капуста, огурец, томат, корнеплоды (в количестве N₃₆₀P₃₃₀K₃₀₀), снижение запасов гумуса по сравнению с исходным количеством происходит сравнительно в наименьшем количестве и составило 6,48 т/га или 7,03%.

В конце 5 ротации (более 20 лет использования) интенсивного овощного севооборота на удобренных вариантах произошло дальнейшее снижение содержания гумуса в пахотном слое (0-30 см) и составило 2,32%.

Однако, снижение гумуса на удобренных вариантах происходило не так интенсивно, как на варианте без применения минеральных удобрений.

Так, в пахотном слое (0-30 см) содержание гумуса после первой ротации севооборота снизилось до 2,38%, после 5 ротации до 1,83%. Снижение против исходного содержания составило: -14,04 т/га или 15,23% и -26,28 т/га или 28,52%.

Таблица 1. Содержание и запасы гумуса в предгорной темно-каштановой почве (интенсивный овощной севооборот, год закладки опыта 1992 г., данные КазНИИКО, Айтбаев Т.Е.)

Вариант исследования	Содержание гумуса по слоям почвы, %				Содержание гумуса в слое 0-30 см, %	Запасы гумуса в слое 0-30 см, т/га	Разница по сравнению с исходным содержанием	
	0-10 см	10-20 см	20-40 см	40-60 см			т/га	%
Исходное содержание, 1992 г.	2,74	2,50	2,31	1,25	2,56	92,16	-	100
Контроль (без удобрений), 1992-1995 гг.	2,35	2,24	1,80	0,90	2,17	78,12	-14,04	84,77
N ₃₆₀ P ₃₃₀ K ₃₀₀ (в сумме за одну ротацию севооборота, д.в.), 1992-1995 гг.	2,48	2,35	2,25	0,90	2,38	85,68	-6,48	92,97
Контроль (без удобрений), 1992-2014 гг.	2,11	2,07	1,31	0,68	1,83	65,88	-26,28	71,48
N ₂₀₇₀ P ₂₃₇₀ K ₂₂₂₀ (в сумме за одну ротацию севооборота, д.в.), 1992-2015 гг.	2,40	2,33	2,24	0,91	2,32	83,52	-8,64	90,63

Выводы

Внесение одних минеральных удобрений не приводит к повышению содержания органического вещества почвы, а скорее всего поддерживает его содержание на первоначальном уровне. Это также подтверждается и другими исследованиями, которые мы описывали выше. Снижение потерь органического вещества почвы при внесении только минеральных удобрений объясняется не только увеличением массы корней возделываемых культур, но и усилением вторичного синтеза органического вещества почвенными микроорганизмами за счет улучшения обеспеченности элементами минерального питания. В процессе гумусообразования большая роль принадлежит азотным удобрениям, которые принимают участие в образовании гумусовых веществ через корневые и пожнивные остатки растений, и стимулирует активность почвенной микрофлоры.

Литература

1. Рамазанова С.Б., Умбетов А.К. Влияние длительного систематического применения удобрений на содержание гумуса в почве // Проблемы биологизации земледелия в Казахстане. – Алматы, 1997. – С.133-146.
2. Айтбаев Т.Е. Күнгірт қарақоңыр топырақтың тың және өңделген жерлердегі агрохимиялық қасиеттері мен жалпы химиялық құрамы // Жаршы. – 2007. – № 10. – Б. 18-20.
3. Айтбаев Т.Е. Көкөніс шаруашылығында топырақ құнарлылығын сақтаудың өзекті мәселелері // Жаршы. – 2009. – № 11. – С.43-46.

Дуйсенова Г., Малимбаева А.

ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТЫҢ ТИІМДІ МЕН ПОТЕНЦИАЛДЫҚ ҚҰНАРЛЫҒЫНА ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҰЗАҚ ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Тәжірибеде көрсеткендей, қара-қоңыр топырақтың тиімді және потенциалды құнарлығына көкөніс ауыспалы егістігіне минералдық тыңайтқыштарды ұзақ және систематикалық қарқынды қолдану әр түрлі әсер етеді.

Кілт сөздер: құнарлылығы, тыңайтқыш, қара шірінді.

Duysenova G., Malimbaeva A.

INFLUENCE OF LONG APPLICATION OF FERTILIZERS ON THE PERFORMANCE OF EFFECTIVE AND POTENTIAL FERTILITY OF DARK CHESTNUT SOILS

Annotation

Studies have shown that prolonged and systematic application of mineral fertilizers in an intensive vegetable crop rotation effect on different indicators of potential and effective fertility of dark-chestnut soil.

Keywords: fertility, fertilizer, humus

Егінбаева Қ., Қалдыбаев С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЕРТЕДЕ МЕЛИОРАЦИЯЛАНҒАН ІЛЕ АЛАТАУ ТАУ АЛДЫ ЖАЗЫҚТЫҒЫНЫҢ ШАЛҒЫНДЫ СОРТАҢ ТОПЫРАҚТАРЫНЫҢ СУ-ТҰЗ ҚҰБЫЛЫМЫ

Аңдатпа

Зерттеулер нәтижесінде ертеде мелиорацияланған шалғынды сортаң топырақтарының табиғи жағдайда және жоңышқа егістігінде тұз құбылымын бағалайтын ғылыми мәліметтер алынған.

Кілт сөздер: мелиорация, су-тұз құбылымы, ыза суы деңгейі, маусымдық тұз жиналу коэффициенті, постмелиоративті кезең, төменгі су сыйымдылық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Жарлықтарында және ҚР Үкіметінің қаулыларында ғылымның, соның ішінде халық шаруашылығын дамытудағы іргелі зерттеулердің маңызды рөлі атап өтілді. Қоршаған ортаға антропогендік әсердің артуы жағдайында топырақ жамылғысының сақталуы, топырақ құнарлылығының және агроценоздың өнімділігінің артуы проблемасының маңызы зор болып отыр.

2004 жылы Рим клубының филиалы Ташкенттің «ЭКОСАН» клубының отырысында Ресейдің, АҚШ-тың, Францияның, Бельгияның, Жапонияның атақты ғалымдары, сондай-ақ Орталық Азияның министрліктерінің, ведомстваларының және жоғары оқу орындарының өкілдері, Орта Азия мен Қазақстанның ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бөліктері жақында ауыл шаруашылығы үшін жарамсыз болып қалады деп атап өтті. 53 миллионнан астам тұрғындары бар 39 млн км² аумақты алып жатқан Еуразия континентінің ортасында орналасқан Орталық Азия экологиялық осал аймақтардың бірі болып табылатындығы атап өтілді.

Қоршаған ортада топырақтардың тұздануының және судың минерализациясының өсуі суармалы егістіктің өнімділігінің ең күшті қауіпі болып табылады. Тұзданумен байланысты жыл сайынғы шығындар шамамен 2 млрд. АҚШ долларын (Орталық Азия елдерінің ішкі ұлттық өнімінің 5 %-ға жуығын) құрайды және жыл сайын өсуде. Қазақстандағы деградацияға ұшыраған жерлер 179,9 млн. га, немесе аумақтың 66 %-ын құрайды, ал Түркіменстан мен Өзбекстанда – 80 %-ға дейін. Деградацияның осындай қарқында жүруі таяудағы он жылдық ішінде ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бөлігі ауыл шаруашылығын жүргізу үшін жарамсыз болып қалады, оның өзі ауыл тұрғындарының тіршілік етуіне қаражаттар көзін тікелей бұзады.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы құрлықтың ағынсыз облысына жатады, оның физикалық-географиялық ерекшеліктеріне қарай, мұнда ТМД-дағы тұзданған топырақтардың үлкен аудандары шоғырланған және сондықтан, ол Орталық Азияның ең тұзданған бөліктерінің бірі болып табылады. Осы аумақ геологиялық дәуірдің бәрінде де қарқынды тұз жиналу аймағы (орташа алғанда жылына 1,6 т/км²) болды және оның қазіргі кездегі деңгейі (жылына 20-40 т/км²) ең жоғарылардың бірі болып табылады.

Ежелгі галогендік формациялар қандай да бір дәрежеде үлкен зат айналымға қатыса отырып және республиканың жеке бөліктерінің нақты физикалық-географиялық жағдайларына байланысты топырақты, грунтты және жер асты ыза суларының тұздануын жалғастыруда.

Тұзданумен күресу проблемасы барлық уақытта да егіншіліктің бүкіл даму тарихында өзекті мәселе болуда.

Тұзданған топырақтардың генезисін, жіктемесін және мелиорациялаудың негізгі әдістерін білу, жер ресурстарын тиімді пайдалану, қорғау және су-тұз құбылымын реттеу, яғни топырақ құнарлылығы үшін қажет.

Іле Алатауының тау бөктері жазықтығының негізгі егіншілік аймағында тұзданған топырақтардың пайда болуы гидротермиялық коэффициенттің көрсеткішінің төмендігі (0,5-0,7), белсенді температураның жоғарылығына ($\sum t^0 > 10^0\text{C} = 3500-3800^0$) байланысты және ыза суының ағымы нашарлығы әсерін тигізеді.

Алматы облысының топырақ жамылғысының мелиоративтік жағдайын көп жылдық бақылау нәтижелеріне сәйкес, суармалы жерлерді пайдалану барысында топырақтардың су-тұздық құбылымының нашарлауы, екіншілік тұзданудың дамуы, ақырғы 15-20 жыл ішінде тұзданудың белсенділігі жоғарылауы топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкеліп соқты. Бұл жағдай суару және коллекторлы-дренаж жүйелеріне қаржы бөлінбегендіктен жөндеу жұмыстары жүрмегендіктен туып отырған жағдай.

Топырақтың тұздану үрдісі суармалы егіншілікті жетілдіру жүйесіне, табиғи-климаттық және гидрогеологиялық жағдайларға байланысты облыстың барлық территориясында орын алуда.

Материалдар мен әдістер

Суарылмалы жерлердің екіншілік сортаңдануы ауыл шаруашылығына үлкен зиян әкеледі. Бұл зиянды құбылыстың болуының басты себебі - ыза суларының табиғи әлсіз ағыны шарттарында инженерлік коллекторлы-дренаждық жүйенің жоқ болуы. Топырақтың су-тұз құбылымының нашарлауы суармалы жерлердің өнімділігінің төмендеуіне және суармалы егістік бөліктерінің ауылшаруашылығы айналымынан шығып қалуына әкеледі.

Мелиоративтік топырақтану ғылымымен суарылмалы жерлердің тұздану, тұздардың тасмалдану және қозғалу процесстерінің заңдылықтары себептері анықталды және топырақгрунттарының су-тұз құбылымының оптимизация принциптері жасалды.

Қазақстанда өз кезінде мелиоративтік жұмыстардың кең етек алуы топырақтардың тұз құбылымының аймақтық зерттелуінің жетілуіне көмектесті, бірқатар жұмыстарда нәтижелері жарияланған, тұзданған топырақтардың су-тұз құбылымының қалыптасу ерекшеліктері мен түсіндірмелі шарттары, оларды түзету үшін нақты іс-шаралар ұсынылды. Сырдария өзенінің дельтасы – [2], [5], [3]; Іле – [6]; Шу өзенінің аңғары – [1]; Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс тау алды жазықтығы – [8], [7], [4] және т. б. топырақтары зерттелді.


200 м-лік дренажаралық кілттік аймақтың су-тұз құбылымы. Біз 2015 жылда Тескенсу ауылының тәжірибелі-мелиоративті участкесінде (Алматыдан шығысқа қарай 91 км) тұзданған топырақгрунттарда (табиғи жағдайдағы тың топырақта) маусымдық тұзжинақталу процесінің динамикасын зерттедік.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Табиғи жағдайдағы жылдық циклде топырақтың тұз құбылымы аздаған өзгеріске ұшыраған. Метрлік қабаттағы тұздар қорына байланысты ол маусымды-қайтымсыз түрдегі тұздануға ұшыраған Топырақтың қысқы-көктемгі мол ылғалдануы жеңілеритін тұздардың ыза суларына қосылуына әсер етеді. Нәтижесінде топырақгрунтының профилінде тұздардың аздаған мөлшері анықталды – метрлік қабатта 28,698 т/га (сурет 1).

Зерттеудің бірінші жылы жаздық-күздік кезеңінде, топырақ ылғалдылығы мен ыза суларының деңгейінің төмендеуіне байланысты, керісінше жағдай байқалады, атап айтқанда ылғалдың қатты булану есебінен және тұздардың жоғары көтерілуінен топырақтың тұздануы жүреді, әсіресе күзде көптеп: жазда тұз қоры – 32,439, ал күзде – 86,513 т/га-ға тең, бұл маусымды-қайтымсыз тұздану процесіне дәлел болады.

Негізінен тұздар құрамында SO_4^{2-} және Ca^{2+} , Na^+ иондары басым, бұл тұздандудың сульфатты-кальцилі-натрилі түрімен тұзданғанын көрсетеді. Көктемде метрлік қабатта сульфат-ионның болуы 0,300-0,069% аралығында ауытқиды, ал күзде ол 1,033-0,075%-ға дейін көтерілді. Ca^{2+} ионы 0,082-ден 0,150 %-ға дейін көтеріледі, ал Na^+ ионы 0,028-ден 0,055%-ға (0-20 см қабатта) дейін көтеріледі. Хлоридтердің үлкен жылжымалығы болуына байланысты жылдық циклде – 0,006-дан 0,012%-ға дейінгі кейбір артулар байқалады.



Сурет 1 – 200 м. дренажаралық 0-100 см қабаттағы (т/га) тұздар қорының динамикасы.


Зерттеудің бірінші жылы жаздық-күздік кезеңінде, топырақ ылғалдылығы мен ыза суларының деңгейінің төмендеуіне байланысты, керісінше жағдай байқалады, атап айтқанда ылғалдың қатты булану есебінен және тұздардың жоғары көтерілуінен топырақтың тұздануы жүреді, әсіресе күзде көптеп: жазда тұз қоры – 32,439, ал күзде – 86,513 т/га-ға тең, бұл маусымды-қайтымсыз тұздану процесіне дәлел болады.

Негізінен тұздар құрамында SO_4^{2-} және Ca^{2+} , Na^+ иондары басым, бұл тұздандудың сульфатты-кальцилі-натрилі түрімен тұзданғанын көрсетеді. Көктемде метрлік қабатта сульфат-ионның болуы 0,300-0,069% аралығында ауытқиды, ал күзде ол 1,033-0,075%-ға дейін көтерілді. Ca^{2+} ионы 0,082-ден 0,150 %-ға дейін көтеріледі, ал Na^+ ионы 0,028-ден 0,055%-ға (0-20 см қабатта) дейін көтеріледі. Хлоридтердің үлкен жылжымалығы болуына байланысты жылдық циклде – 0,006-дан 0,012%-ға дейінгі кейбір артулар байқалады.

Осылайша, табиғи жағдайда ертеде мелиорацияланған шалғынды сортаңдарда тұз құбылымының маусымдық циклінде зерттеліп отырған жылда көктемгі тұзсыздану және жазғы-күзгі тұздану кезеңдері байқалады. МТЖ (маусымдық тұз жиналу) коэффициенті бірден жоғары болуына байланысты, топырақта маусымды-қайтымсыз тұздану процесі қалыптасқан.

Суармалы егістіктің тұз құбылымы динамикасын зерттеу қолданылатын мелиорацияларды бағалау және олардың эффективтілігін арттыру жолдарын іздестіру үшін актуалды.

Ертеде мелиорацияланған шалғынды сортаңдағы жоңышқа астындағы топырақтың тұз құбылымында маусымды-қайтымсыз тұзсыздану түрі қалыптасқан (сурет 2).



Сурет 2 – Кілттік участкадегі (жоңышқа) 0-100 см қабаттағы (т/га) тұз қорының динамикасы.

Бірінші жылдық жоңышқада көктемде тұз қоры 30,400 т/га тең болған, оның жаздық вегетациялық өсу кезінде топырақтағы тұз мөлшері 46,131 т/га дейін ұлғайған. Ал күздік кезеңде маусымды тұзсыздану процесі маусымды тұзданудан асып кетті, тұз қоры - 14,489 т/га дейін төмендеді.

Үшінші жылдық жоңышқаның жыл аяғындағы 0-40 см. қабаттағы тұздар жиынтығы – 0,388-0,620% тең болса, ұзаққа созылған постмелиоративті кезеңде - 1,437-1,172%-ды құрады, яғни осы аралықта бұл топырақтардың тұздануы қалпына келді. Топырақтың қайта тұздануына сазды жиектен қылтүтіктер арқылы ыза суларын сіңіру белсенді рөл атқарды. Ыза сулары мен топырақтың жоғарғы қабатының тұрақты тұз тасмалдаушысы - жерасты суларын қылтүтіктер арқылы сіңіру болып табылады. Бұл сулардың құрамы гидрокарбонатты-кальцилі, және бұдан басқа аздаған мөлшерде натрий және магнийдің хлоридтері мен сульфаттары бар.

Көктемгі жоңышқа егісінің астынан топырақ үлгілерін алу кезеңінде ыза су деңгейі 85 см тереңдікте жатқан болатын, ал минерализациясы – 3,89 г/л-ге тең, яғни классификация бойынша орташаминерализацияланған болып табылады (кесте 1).

Кесте 1. Тескенсу тәжірибелік участкесіндегі ыза суларының деңгей және минерализация динамикасы (см/г/л)

Орналасуы	Кезең	1989 ж.(жоңышқа, ТСС-тың 85%)	2015 ж.
1-ші жылдық жоңышқа	көктем	–	81 3,89
	жаз	–	129 7,90
	күз	–	118 5,04
200 м. дренажаралық (тың топырақ)	көктем	188 20,45	74 4,65
	жаз	201 15,47	121 8,17
	күз	223 16,38	114 5,39

Жазда ыза суы деңгейінің 129 см-ге дейін төмендеуі байқалады, ал минерализациясы – 7,90 г/л-ге дейін көбейеді. Ыза суы деңгейінің төмендеуі және оның минерализациясының жоғарлауы жазғы кезеңдегі ыза суларының булануының артуы және кейбір суда еритін тұздардың шайылу есебінен жүреді. Ал күзге қарай ыза суы деңгейі көтеріледі (118 см), ал минерализациясы 5,04 г/л-ге дейін төмендейді.

1989 жылы дренажаралық 200 метрдегі жоңышқа астында ТСС-тың (төменгі су сыйымдылық) 85%-ды суару нормасы кезінде ыза суы деңгейі 188-223 см тереңдікте, ал минерализациясы – 15,47-20,45 г/л (күшті минерализацияланған) болса, ұзаққа созылған постмелиоративті кезеңнен кейінгі көктемгі мерзімде ыза суы деңгейінің (74 см) және минерализациясының (4,65 г/л) айтарлықтай төмендеуі байқалады, яғни әлсізминерализацияланған. Постмелиоративті кезеңде ыза суларының қылтүтіктер арқылы қоректенуі белсенді рөл атқарған болса керек, өйткені зерттеліп отырған ауданда жоғары қысымды ағын байқалады және оның минерализациясы 1-2 г/л аралығында, ол ыза су деңгейін көтеріп, минерализациясын төмендетеді.

Қортынды

1. Іле Алатауы тау алды жазықтығының өте құрғақ климаты, жазғы жоғарғы температурасы, көп мөлшерде булануы, табиғи ағымдылығының нашарлығы, тұзды ыза суының жер бетіне жақын жатқандығы сияқты табиғи жағдайлары топырақтарда тұздану процесінің кеңінен таралуына әсер етеді.

2. Зерттеу нәтижелері ертеде мелиорацияланған шалғынды сортаң топырақтарда, табиғи жағдайда, көктемгі тұзсыздану және жазғы-күзгі тұздану кезеңдерінің байқалатынын көрсетеді. Маусымдық тұз жиналу (МТЖ) коэффициенті 1-ден көп, яғни, топырақта маусымдық-қайтымсыз тұздану процесі қалыптасады.

3. Жоңышқа егістігі астындағы ертеде мелиорацияланған шалғынды сортаң топырақтардың тұз құбылымы маусымдық-қайтымсыз тұзсыздану типінде қалыптасты. Көктемде тұздар қоры 30,400 т/га болса, жазғы вегетациялық кезеңде оның мөлшерінің өскендігі байқалады – 46,131 т/га. Ал күздік кезеңде маусымдық тұзсыздану процесі маусымдық тұзданудан асып кетті, тұз қоры - 14,489 т/га дейін төмендеді.

4. Ыза суы деңгейі, көктемде, жоңышқа егістігі астында 85 см тереңдікте болды, ал оның минерализациясы 3,89 г/л, яғни бұл жіктеу бойынша орта тұзды. Жаз айында ыза суы деңгейі 129 см-ге дейін төмендеді, ал тұздылығы 7,90 г/л-ге ұлғайды. Күзге қарай ыза суы деңгейі қайта жоғарылап (118 см), тұздылығы төмендеді – 5,04 г/л 200 м дренаж аралығында 1989 ж. жоңышқа астында (ТСС-ның 85%) ыза суы деңгейі 188-223 см тереңдікте, ал тұздылығы 15,47-20,45 г/л (өте тұзды) болды. Ұзақ мелиорациядан кейінгі кезеңде (2015 ж.), көктемде, ыза суы деңгейі жоғарылап (74 см), оның тұздылығы төмендегенін (4,65 г/л) көреміз.

5. Ұзақ мелиорациядан кейінгі кезеңде (2015 ж.), тұздар мөлшерінің азаюына және топырақ кескіні массасының қайта құрылуына байланысты топырақтың тығыздалғандығын ($1,33-1,37 \text{ г/см}^3$) байқаймыз. Игеру кезеңінде (1989 ж) мелиорацияланған шалғынды сортаң топырақтардың сыбағалы салмағы $2,59-2,61 \text{ г/см}^3$ болып, төмен қарай ұлғайды ($2,71-2,73 \text{ г/см}^3$). Ұзақ мелиорациядан кейінгі кезеңде (2015 ж.) топырақтың сыбағалы салмағының кейбір мөлшерде кемігендігін байқаймыз – $2,55 \text{ г/см}^3$. Игеру кезеңінде (1989 ж) топырақтың көлемдік және сыбағалы салмақтарына сәйкес, 0-40 см қабатта, жалпы қуыстығы 49,6-48,3%-ды құрады (орта тығызды). Ұзақ мелиорациядан кейінгі кезеңде (1989 ж.) бұл көрсеткіштің кішкене өскенін байқаймыз – 51,2-52,1% (орта тығызды). Біз зерттеп жатқан топырақта игеру кезеңінде (1989 ж.) төменгі су сыйымдылығы (ТСС) жоғары 1 м қабатта топырақ салмағының 25,56-27,25% құрады. Ұзақ мелиорациядан кейінгі кезеңде (2015 ж.), оның кішкене өскендігі байқалды (25,71-27,88%).

6. Жоңышканың өндірістік егістігі (Жетісу сорты) 2015 жылдың 30 сәуір күні тәжірибе учаскесінде (2,0 га) егілді. Үш рет суғарғандағы маусымдық суғару мөлшері – 1095 м³/га. Жоңышқа өнімінің ауадағы құрғақ массасы екі шабында – 50,38 ц/га болды.

Әдебиеттер

1. Аханов Ж.У., Коробкин В.А. Изменение физико-химических свойств сероземно-луговых почв Таш-Уткульского массива в процессе промывки / В кн.: Охрана почв и рациональное использование земельных ресурсов Казахстана.- Алма-Ата, 1976. - С. 69 - 71.
2. Боровский В. М., Погребинский М. А. Древняя дельта Сырдарьи и Северные Кызыл-Кумы.- Алма-Ата: АН КазССР, 1958.- т. 1.- 512 с.
3. Боровский В.М. и др. Почвенно-мелиоративные условия развития орошения в Казахстане в связи с переброской части стока сибирских рек / В кн.: Охрана почв и рациональное использование земельных ресурсов Казахстана.- Алма Ата: Наука, 1976. - С. 78 - 85.
4. Калдыбаев С. Засоленные почвы Казахстана и их мелиорация. -Алматы, 2014. - 484 с.
5. Каражанов К.Д. Генетические особенности гидроморфных почв современной дельты Сыр-Дарьи / Автореф. дис. канд. Алма-Ата, 1973. - 24 с.
6. Корниенко В.А. и др. Почвы Акдалинского массива, Алма-Ата, 1977. - 180 с.
7. Стародубцев В.М. Водно-солевой режим и вопросы мелиоративного улучшения почв Арысь-Туркестанского массива / Автореф. дис. канд. Алма-Ата, 1972. - 27 с.
8. Тазабеков Т.Т., Земцова Л. Е. Мелиоративная характеристика предгорных сероземов Заилийского Алатау // Почвоведение.- Алма-ата, 1968. - № 9.

Егинбаева К., Калдыбаев С.

ДИНАМИКА СОЛЕВОГО РЕЖИМА ЛУГОВЫХ СОЛОНЧАКОВ САЗОВОЙ ПОЛОСЫ ПРЕДГОРНОЙ РАВНИНЫ ИЛИЙСКОГО АЛАТАУ ПРОДОЛЖИТЕЛЬНЫМ ПОСТМЕЛИОРАТИВНЫМ ПЕРИОДОМ

Аннотация

В результате исследований получены данные, позволяющий оценить солевой режим ранее мелиорированных луговых солончаков в естественных условиях и под люцерной.

Ключевые слова: мелиорация, водно-солевой режим, уровень грунтовых вод, сезонная аккумуляция солей, постмелиоративный период, наименьшая влагоемкость

Eginbaeva K., Kaldybayev S.

TO STUDY THE DYNAMICS OF SALT REGIME OF MEADOW MARSHES AT SASA BELT PIEDMONT PLAIN OF ILI ALATAU WITH A LONG POST RECLAMATION PERIOD

Annotation

The studies provided data for assessing salt regime of previously reclaimed meadow saline in natural conditions and under lucerne.

Keywords: drainage, water-salt regime, groundwater levels, seasonal accumulation of salts, postmilitary time, the lowest moisture content

Жұман Н.Б., Кежембаева Ж.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫ «АЛТЫНТӨБЕ» АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫ**

Аңдатпа

Зерттеу нәтижелері бойынша "Алтынтөбе " шаруашылығында, ауылдық округінің, Қазығұрт ауданында жалпы көлемі 9774,8 га алады, оның ішінде суармалы жер 5565,7 га, және максималды балл бонитеті округ бойынша – 81,4 га көрсетті.

Кілт сөздер: топырақ жамылғысы, балл бонитеті, топтастыру.

Кіріспе

Тіршіліктің негізгі көзі, сарқылатын байлықтармыздың бірі де бірегейі топырақ болып табылады. Сондықтан топырақты үнемі күтімді пайдаланып, оның келешек ұрпақтарға да ойдағыдай қызмет етуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет. Сонымен бірге осы үшін қызмет ететін «Жер ресурстарын басқару коммитеті», топырақтану институттары, жер бағалау орталықтары т.б. сол сияқты мекемелер бар.

Қазақстан жер шарының 2%-ын алып жатыр. Осындай кең байтақ өлкенің бір бөлігін құрайтын оңтүстік облысы. Облыс аумағында көптеген топырақ түрлері кездеседі, солардың басым бөлігін көрсетер болсақ: жазық бөлігінде топырақ жамылғысын сұр, сортаңды сұр, бозғылт сұр, құмды, құмдақты топырақ құрайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеулер Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, «Алтынтөбе» ауылдық округінің территориясында жүргізілді. Ондағы жұмыстың негізгі мақсаты сол территориядағы кездесетін топырақ жамылғыларына сипаттама беру және олардың балл бонитетін анықтап агроөндірістік топтастыру. Сонымен қатар топырақ материалдарын жаңарту және бұрынғы алынған құжаттарға түзетулер енгізу.

Зерттеу жүргізілген аумақтың жалпы көлемі 9774,8 га құрады. Соның ішінде: суармалы жер -565,7 гектарды алып жатыр. Зерттеу жұмыстары тәлімі жерлерге әрбір 15, ал суармалы жерлерге –10 жыл сайын қайталанып отыруы керек. Бұл жұмыстарды атқару үшін тәлімі және суармалы жерлерге зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Топырақ зерттеу жүргізу тәлімі жерлерде 1:25000 және суарылатын аймақтарда 1:10000 масштабтарында жоспар бойынша алынып, топырақ нұсқалары салынды. Зерттелген жер көлемі 9774,8 га. «Алтынтөбе» ауылдық округінің 221 кескін қазылып, оның 28 негізгі 180-200 см тереңдікке дейін, 91 жартылай 100-120 см тереңдікке дейін, 102 қазбаша 80-90 см тереңдікке дейін кескіндер зерттелінді.

1. Сұр қоңыр сілтісізденген ауыр құмбалшықты, ауданы– 49,3 га
2. Сұр қоңыр ауыр құмбалшықты, ауданы– 5493,9 га
3. Сұр қоңыр суармалы ауыр құмбалшықты, ауданы – 29,4 га
4. Сұр қоңыр аз тасты шайылатын ауыр құмбалшықты, ауданы– 29,4га
5. Сұр қоңыр аз шайылатын ауыр құмбалшықты, ауданы – 2085,5га
6. Сұр қоңыр аз шайылатын суармалы ауыр құмбалшықты, ауданы – 30,4 га
Определены высоты растений по составляющим компонентам смеси. У растений определены высота растения – от основания до верхушки вытянутого стебля. На каждый делянке (по вариантам) проведены измерения высоты из 25 растений разных местах. Определен ботанический состав травостоя с площадок размером не менее 1м² на каждом варианте опыта, травостой срезали и развивали по группам: бобовые, злаковые, сорные и взвешивали.

Таблица 1. Фенологические данные злаково- бобовых травосмесей в год посева (2015 г.)

Название сорта	Дата наступления фаз развития растений					
	весенняя отрастание	густота, балл (1-5)	сроки внесения удобрений	выметывание	высота, см	урожайность биомассы
Эспарцет	27.03	3	12.04	18.06	50	3,4
Люцерна + эспарцет	3.04	5	12.04	3.06	52/48	3,5
Люцерна + эспарцет + ежа сборная + райграс пастбищный	3.04	4	12.04	3.06	49/50/ 51/46	2,7
Люцерна + эспарцет + ежа сборная +	3.04	5	12.04	3.06	53/51/4	3,0

райграс пастбищный + овсяница луговая					7/5/47	
Люцерна + эспарцет + ежа сборная + райграс пастбищный + кострец безостый	3.04	5	12.04	3.06	52/53/ 49/54/ 48	3,5

Проведены 5-и кратное скашивание трав при пастбищном использовании, 2-кратное - при сенокосном использовании и 4-х кратное - при комбинированном использовании: 3 – в пастбищном и 1 – в сенокосном режиме использования травостоя (таблица 2).

Таблица 2. Скашивание травосмесей при разных режимах использования

Режим использования травосмесей	15 мая	19 мая	27 мая	8 июня	12 июня	27 июня	9 июля	18 июля	27 июля
Пастбищный режим	+		+	+		+	+		
Сенокосный режим		+							+
Комбинированный режим			+		+	+		+	

Скашивание проводили по достижению роста 20-23 см. Первый укос при сенокосном режим проводили 19 мая при высоте растений в среднем 45 см, а во втором укосе высота составила – 55 см. В нашем опыте наибольшая скорость прироста биомассы у эспарцета и их смесей со злаковыми травами отмечена в период с третьей декады мая до середины июня. В это время наибольший среднесуточный прирост у эспарцета и люцерны составлял 1,5 и 1,2 т/га. Интенсивный прирост биомассы наблюдался у вариантов следующих смесей: люцерна + эспарцет + ежа сборная + райграс пастбищный (3,0 кг/м²) и люцерна + эспарцет + ежа сборная + райграс пастбищный + овсяница луговая (3,2 кг/м²) при пастбищном режиме использования. Заслуживает внимания эти смеси во всех повторностях. Всего взвешивание по определению урожайности биомассы составило в объеме 200 образцов. Средний рост травостоя достиг в пределах 20–25 см во всех укосах кроме сенокосного режима

Выводы

По результатам оценки из общего количества изучаемых растений отобрано 436 растений. В контрольном питомнике по среднему урожаю зеленой массы выделилось 13 номеров с размахом урожайности от 494 ц/га (13%) до 571 ц/га (29%) при значении стандарта – 442 ц/га, по урожаю сухой массы среди изучаемых номеров выделилось 11 номеров: 42304, 44253, 42306, 41981, 40998, 40937, 41372, 29628, 40822, 41980 и 38740, с урожайностью от 147,1 ц/га (11%) до 171,8 ц/га (29%), при значении стандарта – 132,7 ц/га, в среднем за два года, по семенной продуктивности выделилось 27 номеров, урожайность которых варьировала от 10,9 ц/га до 14,2 ц/га, что составляет 45% превышения над стандартным значением – 9,8 ц/га.

Литература

1. Анисимова Т.Ю. Роль многолетних трав в борьбе с водной эрозией и продуктивностью склонов // Кормопроизводство, 2005. - №10. - С. 13-16.
2. Боме Н.А., Комаров А.В. Эспарцет в Сибири // Кормопроизводство, 1985. - №28. - С. 12-15.
3. Вавилов П.П. Эспарцет. – М., 1975. - 492 с.
4. Ганичева В.В. Влияние луговых трав на агрохимические свойства почвы // Кормопроизводство, 2002. - №9. - С. 19-21.

5. Грязева Т.В., Игнатъев С.А. Эспарцет необходимая культура в современном растениеводстве // Кормопроизводство, 2004. - №2. - С. 13 - 15.
6. Айтпаев А. Кормопроизводство главный цех животноводства // Кормопроизводство, 2004. - №2. - С. 2-4.
7. Насибов Г.Г. Эспарцет на корм и семена // Кормопроизводство, 1985. №5. - С. 39-40.
8. Методические указания Государственной комиссии сельскохозяйственных культур Республики Казахстан. – Алматы, 2002. – 312 с.

Сабденова А.С., Баядилова Г.О., Турганбайкызы Г.

ЗЕРТТЕУ КОЛЛЕКЦИЯЛАР ЭСПАРЦЕТ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН СЕЛЕКЦИЯ

Аңдатпа

Бұл зерттеуде коллекциялар эспарцет шығару үшін жоғары өнімді сорттарын, сондай-ақ құру үшін мықты жемшөп базасын зерттелді. Зерттеулер В.Р. Вильямс әдістемесіне сәйкес бүкілресейлік ҒЗИ жемшөп жүргізілетін болды

Кілт сөздер: коллекциялар, селекция, жоғары өнімді сорттарды, сортүлгісі, мал азықтық дақыл.

Sabdenova A., Bayadilova G., Turganbaykyzy G.

THE STUDY OF THE COLLECTION OF SAINFOIN FOR USE SELECTION

Annotation

In this study we have examined the collection of sainfoin breeding high-yielding varieties, to create a powerful forage base. The study will be conducted according to the methodology of all-Russian research Institute of fodder them. V.R. Williams.

Keywords: collection, selection, high yielding varieties, varieties, forage crop.

ӘОЖ 633*853 (574.51)

Сайлауханұлы А., Сулейменова Н.Ш.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

РАПС ФИТОЦЕНОЗЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада, оңтүстік-шығыс Қазақстан егіншілігінде рапс агрофитоценозының қалыптасуын реттейтін абиотикалық және биотикалық факторлардың оңтайлы әсері және ғылыми негізделген оңтайлы алғы дақылдардың рапс өнімділігіне әсері сипатталынған.

Кілт сөздер: рапс, агрофитоценоз, абиотикалық фактор, биотикалық фактор, алғы дақыл, өнімділік.

Кіріспе

Бүгінгі таңда негізгі экологиялық мәселелердің бірі табиғаттағы қалыптасқан тептеңдікті сақтай отырып, халық шаруашылығы өндірістерінде табиғат ресурстарын тиімді

пайдалану болып табылады [1]. Оның ішінде аграрлық өндірісті нарық талабына бейімдей отырып, агроэкожүйенің ресурстарын тиімді де ұтымды пайдаланудың озық әдістері мен жолдарын анықтау алғы өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуының нақты жоспарларында агроэкожүйенің жер қорын тиімді пайдалану және дақылдардың, әсіресе май дақылдарының өнімділігін арттыра түсу көзделіп отыр. Бүгінгі таңда республика бойынша, азық-түлік кәуіпсіздігін қамтамасыз етуде майлы дақылдардың орны ерекше, әсіресе рапс дақылының қажеттілігі жоғары. Рапс дақылы арзан, майлылығы жоғары (35-50%) және мал азықтық ақуыз мөлшеріне бай [2]. Рапс дақылы тамақтық, жемдік және техникалық мақсаттарға кеңінен қолданылуына байланысты өте тиімді дақыл. Сондықтан суғармалы шалғынды-қара қоңыр топырағында рапс дақылын өсіру технологиясының тәсілдерін зерттеу және агроэкожүйенің климаттық-топырақтық ерекшеліктеріне бейімділігін анықтап, рапс фитоценозының қалыптасуына экологиялық факторлардың әсерін айқындап, өнімділігі мен тиімділігін дәлелдеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бұл мәселені шешуде экология кафедрасында проф. Н.Ш. Сүлейменованың жетекшілігімен БҒМ-нің Гранттық қаржыландырумен «Қазақстанның оңтүстік-шығыс таубөктері аймағы жағдайында рапс агроэкожүйесінің рационалды ресурсүнемдеу технологиясы» тақырыбында ғылыми жоба жүргізілуде [3].

Материалдар мен әдістер

Рапс дақылы, Сорт – Майлы. Рапстың алғы дақылдары: -күздік бидай, -жүгері, - майбұршақ, - рапстың бірегей егісі. Рапс агрофитоценозының ортасына атаулы факторлардың әсері зерттелді.

Зерттеу жүргізілген ауданының климаттық жағдайы ерекше континенталды. Жауын – шашын мөлшері 300-450 мм-ді құрайды. Ал, рапс дақылының вегетациялы кезеңінде түсетін орташа жауын-шашын мөлшері 140 мм. Әрине бұл ылғалдың мөлшері оның өсіп-өнуіне жеткілікті емес. Сондықтан рапс суғармалы жағдайда өсіріледі.

Зерттеу ауданының топырағы ақшыл қоңыр, шалғынды, шалғынды-сұр топырақты болып келеді. Қарашірік мөлшері 3,9-4,1%. Рапс – бағалы белокты және майлы дақыл ретінде азық-түлік проблемасын шешуде маңызды орын алады. Рапстың майлылығы 17-26% болып, белоктың мөлшері 29-53%-ға дейін болады. Рапс дақылының құндылығы осында.

Рапс дақылын егудің тиімді тәсілдері мен тұқым себу мөлшерін зерттеу үшін тәжірибенің келесі нобайы бойынша нұсқалар зерттелді: - 3 түрлі ерте, орташа және кеш егу мерзімі зерттеліп, әр бірінде тұқым себудің үш мөлшерінің (1,5, 2,0, 2,5 млн. дана/га) әсері зерттеліп анықталды.

Ауыспалы егіс қысқа ротациялы, Саймасай ОТС-да орналасқан, төрт танапты дәнді дақылды отамалы ауыспалы егістерде рапс күздік бидайдан, жүгеріден, майлы бұршақтан кейін орналасқан. Аталған алғы дақылдар мен қатар рапс бірегей егіс ретінде зерттелді. Жоғарыда айтылған алғы дақылдардың рапс агрофитоценозының экологиясына, арамшөптермен ластануына және оның құрылымына абиотикалық факторлардың әсері зерттелді.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Рапс дақылы жылу сүйгіштігіне байланысты рапс өсімдігінің, вегетациялық кезеңінің ұзақтығы да түрліше болады. Оның биологиялық ерекшеліктеріне байланысты алғашқы вегетациялық кезеңдерінде өте баяу өседі. Ол кезде егістікті өте көп мөлшерде арамшөптер басады, бұл жағдайды тудырмас үшін олармен күрес шаралар өткізу қажет. Әрине механикалық күрес энергия қорын өте көп мөлшерде пайдаланады. Агроэкожүйеде қолданылатын дақылды өсіру технологиясы тәсілдерінің агрофитоценоз ортасына әсері алуан - түрлі. Агроэкожүйенің экологиялық жағдайының қалыптасуына абиотикалық факторлар жауап береді. Біздің нәтижелеріміз бойынша ылғал және температуралық режим шарттары ерекшеленіп, бірінші кезекте бақыланып, алынған мәліметтер рапс дақылының

өнімділігін анықтайтын абиотикалық фактор ылғал мен жылу екендігін дәлелдеді. Рапстың көктемдегі өсу кезеңінде топырақта орташа есеппен ылғал мөлшері 58,5 мм-ден 62,6 мм-ге дейін болды. Оның шамасы А.Ф.Неклюдов градациясы бойынша рапс егістігі үшін ылғалмен қанағатандырылады деп есептеуге болатындығы айқындалды.

Біздің тәжірибеміздегі сияқты қосжарнақты өсімдіктер тұқымының бірі рапстың өнуіне қажетті экологиялық жағдайлардың оңтайлы болуын қамтамасыз ету үшін тиісті топырақ қабаттарында тұқымның өз салмағынан екі еседен асатын мөлшерде ылғал болуы тиіс. Егер топырақтың температурасы оң мәнде, ал ылғалы жеткілікті болса, рапс тұқымның өне бастауына кедергі болмайтындығы нақ. Сондықтан біз, оның тұқым себу мерзімдерін зерттегенде осы аталған екі фактордың сәйкес келуін бақылап есте ұстадық. Рапс дақылының суыққа төзімді солтүстік мекендіктердің өсімдігі болғандығын еске алып, оның тұқым себу мерзімдері бойынша тәжірибе нобайын жасағанда кештеу мерзімнен гөрі мүмкіндігінше ертелеу себу ойластырылды.

Тәжірибе нобайына үш кезеңді зерттеу нұсқалары алынды: бірінші 25-27.03; екінші 10-12.04; үшінші 25-27.04 аралығында.

Зерттеу варианттарының ішіннен ерте себу варианттарында ылғал жеткілікті болып, уақыт та ұтымды пайдаланылды. Тұқым себу мерзімдеріне байланысты топырақ қабатының ылғалдылығы тиісінше оңтайлы сипатталды: топырақтың ең жоғары ылғал сыйымдылығының шегінен (ЫСШ) есептегенде 27,4%, 26,3%, және 19,6% болды және температурасы 4-6 °С (t) жоғары болды.

Рапс егістігінің биотикалық факторы ретінде арамшөптермен ластану дәрежесі оның себу мерзіміне байланысты екендігі дәлелденді. Рапсты себу мерзіміне байланысты алғашқы өсу кезеңдерінде арамшөптер саны 12-18 дана/м² шамасында болып рапс өскендеріне көп әсер етпейді. Ерте себу мерзімінде олардың саны төмен 12-15 дана/м², ал кеш мерзімдегі саны көбірек 18-19 дана/м² болады (кесте 1).

Рапстың алғашқы вегетациялық кезеңдерде тек ерте шығатын (пісетін) жаздық арамшөптерғана өседі. Арамшөптер дақылдарға қарағанда қарқынды өнуіне байланысты, тез өсіп жетіле бастайды, олармен қатар кеш көктейтін арамшөптер көктеп шығып арамшөптер санын арттырады. Рапстың келесі вегетациялық сабақтану және бүршіктену кезеңдерінде арамшөптер саны екі есеге артып дақылды қатты тұншықтырумен қатар, оның саны тез арада көбейіп егістікке әсері күшейеді. Рапс вегетациясының бұл кезеңінде де, себу мерзімдерінің әсері алғашқы заңдылық қалпында, ерте мерзімдерде төмен 21-25 кезеңдерінде арамшөптер саны екі есеге артып дақылды қатты тұншықтырумен қатар, оның саны тез арада көбейіп егістікке әсері күшейеді. Рапс вегетациясының бұл кезеңінде де, себу мерзімдерінің әсері алғашқы заңдылық қалпында, ерте мерзімдерде төмен 21-25 дана/м² шамасында, кеш себу мерзімдерінде жоғары 38-41 дана/м². Гүлдену және пісу кезеңдерінде де арамшөптер саны көбейеді, ерте пісетін мерзімдерде салыстырмалы түрде аздау - 51-61 дана/м², ал кеш себу мерзімінде көптеу – 61-63 дана/м² болатындығы дәлелденді.

Кесте 1. Рапстың өсу фазаларына байланысты арамшөптермен астануы

Себу мерзімі	Рапстың өсі фазаларындағы арамшөптер саны, дана/м ²			
	өскіндер	сабақтану	бүршіктену	гүлдеу
Ерте себу мерзімі 25-27.03	12	21	42	51
Орта себу мерзімі 10-12.04	15	25	41	50
Кеш себу мерзімі 25-27.04	19	38	40	61

Ресурс үнемдеу технологиясының тәсілі ретінде алғы дақылдардың орны ерекше, көптеген ғылыми мәліметтер бойынша алғы дақылдар таза экологиялық жағдаймен қамтамасыз етіп, артық шығынсыз агроэкосистеманың ресурстарын үнемдеп, дақылдардың өнімділігін арттырады (кесте 2).

Кесте 2. Күздік рапстың алғы дақылдарына байланысты арамшөптермен ластануы

Алдыңғы егілген егістік дақылдар	Арам шөптердің саны, шт/м ²		Алғы дақыл тиімділігі, %	Рапстың өнімділігі, ц/га	Қосымша	
	жалпы	көпжылдық			ц/га	%
Рапстан кейінгі рапс- бірегей егіс	62,0	18,0	-	12,8		
Күз. бидайдан кейінгі рапс	23,9	4,2	38,5	19,3	6,3	46,2
Жүгеріден кейінгі рапс	32,1	9,5	51,8	17,6	4,8	37,5
ЕАЕА _{0,5} ц/га				1,37		
S _x , %				2,88		

Рапс егістерінде жақсы алғы дақылдар пайдаланылғанда ондағы арамшөптер саны 23,9-32,1 дана/м² аралығында ауытқиды, ал арамшөптермен ластанудың жалпы көрсеткіші ауыстырылмайтын егістікпен салыстырғанда азаяды. Ресурс үнемдеу агротәсілі-алғы дақылдардың арам шөптермен күресудегі тиімділігі 38,5% дан -51,8% дейін артып, оның жиілігін төмендетеді. Сонымен, рапс дақылы егістігінің арамшөптермен ластану дәрежесінің төмендеуіне әсер ете, оның өнімділігінің жоғарлауына алып келеді. Жақсы алғы дақылдар рапс дақылының 6,3 ц/га қосымша өніміне қол жеткізуге болатындығы дәлелденді. Оңтүстік шығыс Қазақстан егіншілігінде агроэкожүйе жағдайын оңтайлау мәселесі белгілі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясына байланысты болып, егістіктің алғы дақылдармен анықталады.

Қорытынды

Оңтүстік-шығыс Қазақстан егіншілік жағдайында рапс дақылының өсіп-өну үрдісі ортаның абиотикалық факторларына, оның ішінде топырақ және температура режимдеріне тәуелділігі дәлелденді. Рапс дақылы өсіп - өну фазаларың кезеңінде абиотикалық факторлардың әсеріне тәуелді болып, алғы дақылдардың орнатқан жағдайына байланысты әр түрлі жағдайда өтеді. Ал, рапстың бірегей егісі жағдайында абиотикалық факторлармен қатар биотикалық факторлардың әсері арта түседі. Егістік арамшөптермен өте жоғары дәрежеде ластанып, оның саны 62 дана/м² дейін артады.

Рапс бидайдан және жүгеріден кейін орналасқанда арамшөптермен ластану дәрежесі төмендеп, алғы дақылдардың биотикалық әсері арамшөптермен күресуде тиімділігі 38,5-51,8% дейін артады. Агрофитоценоз құрылымының оңтайлануына байланысты рапстың өнімділігі жүгеріден кейін орналасқанда 17,6 ц/га, және күздік бидай – 19,3 ц/га дейін жоғарлап, 4,8-6,3 ц/га қосымша өнім алуды қамтамасыздандырып, оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында рапсты өсірудің экологиялық тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен, Оңтүстік-шығыс Қазақстан егіншілігінде рапс өсіру агроэкожүйесінің экологиялық және экономикалық тиімділігі, рапс агрофитоценозының қалыптасуын реттейтін абиотикалық және биотикалық факторлардың оңтайлы әсеріне және рапсты ғылыми негізделген оңтайлы алғы дақылдардан кейін орналастыру қажеттілігі анықталады.

Әдебиеттер

1. *Дежкин В.В.* Природопользование (курс лекций), 3-е издание, исправленное и дополненное, Издательство МНЭПУ, Москва, 2008. – 71с.
2. *Артемов И.В.* Рапс — масличная и кормовая культура / И.В. Артемов, В.В. Карпачев. — Липецк: ОАО «Полиграфический комплекс «Ориус», 2005. — 144 с.
3. Промежуточный отчет научного проекта КН МОН РК, тема: «Рациональная ресурсосберегающая технология агроэкосистемы рапса в условиях предгорной зоны юго-востока Казахстана», Алматы. 2015, -83с.

Сайлауханұлы А., Сулейменова Н.Ш.

ВЛИЯНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА ФОРМИРОВАНИЕ ФИТОЦЕНОЗА И УРОЖАЙНОСТЬ РАПСА

Аннотация

В условиях Юго-Востока Казахстана изучено влияние абиотических и биотических факторов агроэкосистемы на формирование агрофитоценоза рапса и установлены оптимальные предшественники обеспечивающие повышение продуктивности рапса.

Ключевые слова: рапс, агрофитоценоз, абиотические факторы, биотических факторы, предшественники, урожайность.

Saylauhanuly A., Suleimenov N.Sh.

INFLUENCE OF ENVIRONMENTAL FACTORS ON THE FORMATION OF YIELD AND RAPE PHYTOCENOSES

Annotation

In the context of South-East of Kazakhstan studied the influence of abiotic and biotic factors on the agro-ecosystem agrophytocenosis rape and optimum precursors providing increase of productivity of rapeseed

Keywords: rape, agrophytocenosis, abiotic factors, biotic factors, predecessors, yield.

ӘОЖ 633.18:631.416.9

Сулейменова А., Жаманғараева А.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ПОЛИФУНКЦИОНАЛДЫҚ ХИМИЯЛЫҚ МЕЛИОРАНТТАР МЕН БИОГУМУСТЫҢ ТАҚЫР ТӘРІЗДЕС ТОПЫРАҚТАРДЫҒЫ БОРДЫҢ УЫТТЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мелиоративтік биогумус түрлерінің топырақтағы бордың уыттылығына әсері бор қосылысы қосылған және натрий тетраборат тұзы қосылмаған топырақтарға биогумус, мелиоративтік биогумус, полифункционалды химиялық мелиорант қосып, олардың күріш дақылының өніп-өсуіне әсері бақыланды.

Кілт сөздер: Сортаң топырақтар, бор қосылыстары, жалпы сілтілілік, натрий тетрабораты, биохимиялық үрдіс, полифункциональды химиялық мелиорант (ПФХМ).

Кіріспе

Қазіргі кезде топырақтың құнарлылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе тұзданған топырақтарды жақсартуды қолға алу қажет. Бұл үшін мелиоративтік шаралар ретінде топырақтың экологиялық жағдайларын жақсартатын және де қоршаған ортаға зиян тигізбейтін тыңайтқыштарды қолдану қажет. Мелиоративтік биогумус түрлерінің топырақтағы бордың уыттылығына әсері бор қосылысы қосылған және натрий тетраборат тұзы қосылмаған топырақтарға биогумус, мелиоративтік биогумус, полифункциональды химиялық мелиорант қосып, олардың күріш дақылының өніп-өсуіне әсері бақыланды.

Материалдар мен әдістер

Кебірлену үрдісі ғалымдардың зерттеулерінше аумақтың жеткіліксіз дренажалуы, жер асты сулары денгейінің жақын орналасуы, және де топырақтың ауыр гронулометриялық құрамы болып табылады [1,2]. Золды тұз жиналуға көптеген ғалымдарда ерекше көңіл аударды. Маңғыстау және басқада Орталық Азияның көптеген аудандарында импульсизация әсерінен тұздардың қосылуы кейде үлкен шамаға -3,5 т/гажылына жетуі мүмкін [3,4,5]. КСРО-ң әртүрлі аудандарында борды [6-8] және т.б. зерттеді. Бор бойынша қолда бар мәліметтердің айтарлықтай бөлігі [9-10] еңбектерінде жалпыланған. Зерттеулерге сәйкес КСРО-ң аймақтық топырақтарында бордың жылжымалы фракциясының мөлшері 0,08-ден 1,95 мг/кг аралығында ауытқиды. Суда еритін бордың ең жоғарға концентрациясы (1,95 мг/кг) шөлейттің сұр топырақтарында болған [11].

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған Іле өзенінің төменгі ағысында жайласқан Ақдала алқабының тақыр түстес топырақтарындағы бор қосылыстарының түрлері, олардың аудандастырылған күріш дәнінің өнуіне және өскіндердің өсу қарқындылықтарына әсерлері зерттеліп, әртүрлі минералдық және органикалық полифункциональды химиялық мелиоранттардың бордың уыттылығына қарсы әсерлері сынақтан өтті.

Ақдала алқабының топырақтарындағы, суармалы суларындағы және өсімдіктеріндегі бор қосылыстарының биогеохимиялық жайғасу жағдайлары зерттеліп, бордың уыттылығына қарсы тәсілдер жасалып шығарылды.

Бордың әртүрлі концентрацияларының күріш өсімдігінің өніп-өсуіне әсерлері; Полифункциональды химиялық мелиоранттың (ПФХМ) жауын құрттарының тіршіліктеріне уыттылық шегі, мелиоративтік биогумус түрлерінің топырақтағы бордың уыттылығына әсері анықталды.

Төрт аудандастырылған күріш сұрыптарына қатысты бор қосылыстарының түрлі формаларының уыттылық шегін анықтау алғаш рет жүргізілуде. Бұл алынған нәтижелер жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Бордың таралу заңдылықтарын анықтау үшін Ақдала алқабынан топырақтың бастапқы үлгілері күріш танаптарын суға бастырғанға дейін алынды (кесте 1).

Кесте 1. Суға бастырылғанға дейінгі Ақдала суармалы алқабы топырақтарындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері, сәуір, 2013 жыл.

Тереңдік, см	Бордың мөлшері, мг /кг			
	бастапқыбөлігі		соңғы бөлігі	
	атыздағы топырақ	тастанды жер	атыздағы топырақ	тастанды жер
0-10	0,45	10,9	1,63	12,7
10-20	0,50	10,4	1,65	12,0

20-30	0,54	9,6	1,68	11,5
30-40	0,65	8,8	1,70	10,9
40-50	0,78	8,2	1,78	10,4
50-60	0,93	7,8	1,80	9,6
60-70	1,21	7,8	2,10	9,2
70-80	1,30	7,3	3,57	8,4
80-90	1,58	6,7	4,82	7,8
90-100	1,63	6,4	5,00	7,2

Кестеде көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, бордың жылжымалы түрінің мөлшері топырақ кескінінің беткі қабатынан төменгі қабатына қарай артып таралу заңдылығы анық байқалады. Мұндай көрініс екі стационарлық учаскелерде де байқалатынын айта кету керек және күріш атыздарының литологиялық шығу тегінде бор қосылыстарының бар екендігін дәлелдейді. Осы нәтижелердің негізінде бор қосылыстары топырақ кескініне топырақ түзуші аналық жыныстардың биогеохимиялық морулуының нәтижесінде келіп түсетіндігіне қорытынды шығаруға болады. Осылайша, топырақ құрамындағы мөлшеріне байланысты өзінің уытты әсерін тигізе отырып, күріш өсімдіктерінің тамыр жүйелерін қамтып, топырақ кескіні бойымен боратты тұздардың миграциясы жүреді.

Ақдала алқабының топырақтарында бордың жылжымалы түрінің мөлшері, кескінінің төменгі жағынан жоғары қарай артады да топырақтың беткі қабатында 12,7 мг/кг дейін жетеді. Бордың жылжымалы түрінің мөлшерін бақылау күріш танаптары суға бастырылғаннан кейін: суармалы су→ топырақ→ дренаж суы жүйесінде, жоғарыда аталған екі стационарлық учаскелерде жүргізілді. Топырақ, су және өсімдік үлгілері күріш танаптары суға бастырылғаннан кейін күріш өскіндерінің түптенуінің алдында алынды (кесте 2).

Атыздар суға бастырылғаннан кейін күріш плантациялары жүйесіндегі бордың жылжымалы түрінің мөлшері таралу заңдылығында біршама өзгерістер байқалатындығын 2 кестеде көрсетілген мәліметтерден көруге болады. Бұған Ақдала алқабының екі бақылау стационарлық учаскелеріндегі 0-10 см қабаттары мысал бола алады. Мұнда бастапқы бақылаумен, яғни атыздарды суға бастырғанға дейінгі кезеңмен салыстырғанда, бор мөлшерінің біршама артқандығы байқалады.

Кесте 2. Ақдала суармалы алқабы топырақтарындағы, суармалы және дренажды су, күріш өсімдігінің 3-4 жапырақ фазасындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері (мг/кг), маусым, 2014 жыл

Алқаптың бастапқы бөлігі (№ 594)						Алқаптың соңғы бөлігі (№ 596)					
атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні	атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні
тереңдігі, см	бордың мөлшері	канал	атыз	дренаж		тереңдігі, см	бордың мөлшері	канал	атыз	дренаж	
0-10	0,53	Із-р	0,17	4,38	0,08	0-10	1,78	Із-р	0,98	7,16	0,09
10-20	0,42					10-20	1,56				
20-30	0,46					20-30	1,56				
30-40	0,51					30-40	1,58				
40-50	0,83					40-50	2,10				
50-60	1,11					50-60	2,93				
60-70	1,34					60-70	3,17				
70-80	1,47					70-80	4,22				
80-90	2,03					80-90	5,37				
90-100	2,12					90-100	5,48				

Бордың жылжымалы формасы жағдайына әсер ететін екінші фактор болып суға бастырылатын күріш егістіктеріндегі су құбылымы жатады. Жоғары көтерілген грунт сулары деңгейінің қозғалысы бор қосылыстарының төменнен жоғары миграциялануына мүмкіндік береді. Бұл құбылыс 2 кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, 50-60 см қабаттардан бастап төменгі қабаттарға қарай екі стационарлық учаскеде де байқалады. Топырақтағы бор мөлшерін анықтаумен қатар суармалы және дренаж суы, күріш өскіндерінің де үлгілері талданды. Екі стационарлық учаскенің де суарылатын канал суы үлгілерінде бордың «іздері» анықталды, ал атыз суымен салыстырғанда дренажды канал суындағы бордың мөлшері 5-6 есе жоғары екені анықталды.


Суармалы су → топырақ → өсімдік → дренаж суы жүйесіндегі бор мөлшерінің динамикасын анықтау үшін шілде айының аяғында топырақ, су және күріш өсімдігі үлгілері қайта алынды (кесте 3).

Кесте 3. Топырақтағы, суармалы және дренаж суларындағы, күріш өсімдігінің масақтану сатысындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері (мг/кг), тамыз, 2014 жыл.

Алқаптың бастапқы бөлігі (№ 594)						Алқаптың соңғы бөлігі (№ 596)					
атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні	атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні
тереңдігі, см	мөлшері	канал	атыз	дренаж		тереңдігі, см	мөлшері	канал	атыз	дренаж	
0-10	0,60	Іздер	1,07	5,10	1,09	0-10	2,93	Іздер	2,01	7,90	1,22
10-20	0,48					10-20	2,12				
20-30	0,52					20-30	2,18				
30-40	0,60					30-40	2,32				
40-50	0,82					40-50	2,47				
50-60	1,36					50-60	2,14				
60-70	1,52					60-70	3,33				
70-80	1,61					70-80	4,52				
80-90	1,63					80-90	5,46				
90-100	1,74					90-100	5,52				

Кестедегі мәліметтерден топырақ кескінінің 0-10 см қабатында (екі стационарлық учаскеде де) бордың салыстырмалы жоғары мөлшерінің сақталғаны және тіпті арту үрдісі байқалатындығы көрінеді. Одан ары қарай, топырақ кескінін бойлай бордың таралу заңдылығы алдыңғы кезеңдегідей сақталған. Бірақ, бор мөлшерінің жаппай арту үрдісі бар, бұл суармалы және грунт суларының гидрохимиялық балансын орнатудағы өзара әрекетімен байланысты.

Суармалы канал суындағы бордың мөлшері алдыңғы деңгейде қалған және тек «іздері» ғана анықталды, ал атыз және дренаж суларында бордың мөлшері біршама артқан. Ақдала алқабының төменгі бөлігінде оның жоғарғы бөлігімен салыстырғанда бор мөлшерінің жоғары екендігі анықталды.



Сурет 1- Бордың ұйыттылық шегін анықтау.

Берілген суретте топыраққа енгізілген бордың 2-ден 6 мг/кг дейінгі мөлшері өскіндер өнуінің жойылуын туғызбағандығын көрсетеді. Тіпті олардың өсуіне біршама жақсы әсер етті. Күріштің өсуіне күрт кері әсер топырақтағы бор шоғырының 8 мг/кг болған жағдайда байқалды. Мұнда өсімдіктің биіктігі 3,2 см болса, бақылауда 7 см болды. Топырақтағы бор шоғыры 10 мг/кг болған кезде егілген күріш дәндері дамымады. Бұл жағдайда, яғни топырақтағы бордың 8 мг/кг шоғырын жас өсімдіктер үшін ұйыттылық шегі деп санауға болады.

Қорытынды

Бордың мөлшері топырақ кескінінің тереңіне қарай ұлғайып, оның 0 ден 10 см-ге дейінгі аралығында 8,1 ден 10,8 мг/кг-ға дейін ұлғайды.

Топырақтың ерітіндесіндегі рН мәні мен жалпы, жекеленген және боратты сілтіліктердің арасындағы байланысты зерттеу барысында, бұлардың өзара кіріптарлық арақатынасы бар екендігі анықталып, алынған нәтижелік көрсеткіштер өзара толық корреляциялық заңдылыққа бағынатыны ақиқатталынды.

Әдебиеттер

1. Мамутов Ж.У., Есимбеков М.Б. Состояние борных соединений засоленных почв Казахстана / Научно-теоретическая конференция «Вклад У.У. Успанова в развитие почвоведения Казахстан». – Алматы, 2006. – С. 153-159.
2. Аиымбетов И.К. Рациональное, устойчивое землепользование и пути предотвращения деградации. -Ташкент, 2005.
3. Вильямс В.Р. Общее земледелие. -1920.
4. Орлова М.А. Роль эолового фактора в солевом режиме территории. -Алма-Ата, 1983.- 230 с.
5. Боровский В.М. Усыхание Аральского моря и его последствия // Известия АН СССР. 1978.- №5.- С. 35-42.
6. Боровский В.М., Джамбеков Е.Е. Имкульверизационное засоление почв. / Почвы полуострова Мангышлак.- Алма-Ата.- 1974. –С. 171-174.

7. Ильин В.В., Аникина Ф.П. О борном засолении почв. // Почвоведение, 1974.- №1.-С. 102-108.

8. Макеев О.В. Общие закономерности распределения микроэлементов в почвах СССР и микроэлементный состав некоторых почв Байкальской Сибири- Тр. 1 конф. По микроэлементам Вост. Сибири и Востока Улан-Удэ, 1961.

9. Калмет Р.Я. Динамике содержания водорастворимого бора в почвах и эффективности борных удобрений в Эстонской ССР./ Микроэлементы в с/х и медицине. Киев, 1963.

10. Баранова Е.П., Карась Н.И. Содержание бора в почвах Украинской ССР.- Микроэлемента вс/х и медицине. Киев, 1963.

11. Ковда В.А., Якушевская И.В., Тюрюканов А.Н. Микроэлементы в почвах Советского Союза. М., Изд-во МГУ, 1959.

Сулейменова А., Жамангараева А. Н.

ПУТИ СНИЖЕНИЯ ТОКСИЧНОСТИ БОРА НА ТАКЫРОВИДНЫХ ПОЧВАХ ПРИ ПРИМЕНЕНИИ ПОЛИФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ХИМИЧЕСКИХ МЕЛИОРАНТОВ

Аннотация

В настоящее время повышение плодородия почвы является одной из глобальных проблем. В особенности это касается улучшения засоленных почв. С этой целью проводилось изучение влияния биогумуса на токсичность бора на фоне внесения борных соединений и без использования тетрабората натрия, с добавлением полифункциональных химических мелиорантов и их действие на рост и развитие риса в условиях Акдалинского массива рисосеяния.

Ключевые слова: Засоленные почвы, борные соединения, общая щелочность, тетраборат натрия, процесс биохимический, химический мелиорант полифункциональды (ПФХМ).

Suleimenova A., Zhamangaraveva A.

WAYS TO REDUCE THE BORON TOXICITY IN SOILS TAKYR WHEN USING POLYFUNCTIONAL CHEMICAL MELIORANTOV

Annotation

Currently, soil fertility is one of the global problems. This applies particularly to improve the saline soils. To this end, we studied the effect of vermicompost on the toxicity of boron in the background making boron compounds and without the use of sodium tetraborate, with the addition of multifunctional chemical ameliorants and their effect on the growth and development of rice in a rice-growing array Akdalinski.

Keywords: Saline soils, boron compounds, total alkalinity, sodium tetraborate, process biochemical, chemical meliorant of polyfunctionality (PPHM)

Тоқтарова А., Райымбекова И., Аубакиров Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӨЗЕНДЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада Алматы қаласының Үлкен Алматы, Кіші Алматы және Есентай өзендерінің су сапасының гидрохимиялық көрсеткіші зерттелінген, алынған нәтижелерді бекітілген шекті мөлшерлі концентрациямен (ШМК) салыстыра отырып талдау жасалынған. Өзен суларының үлгілерінен нитритті азот, фторид, мыс, жалпы темір және марганецтің мөлшері анықталған.

Кілт сөздер: өзен, ластану су, су сапасының гидрохимиялық көрсеткіші.

Кіріспе

Қазіргі таңда су нысандарының ластануы өзекті мәселе болып табылады, себебі, адамзат су нысандарын пайдалануда түрлі шығарылымдар мен қалдықтарды тастау арқылы судың табиғи режимін қайтарылмастай етіп бұзуда. Су нысандарының тұрмыстық қалдықтармен, канализация ағысымен, өнеркәсіп орындарының қалдықтарымен ластану үлесі де жоғары. Қазір жер бетінде іс жүзінде қандай да бір дәрежеде адам қызметі нәтижесінде ластанбаған жер үсті тұщы су көзі жоқ деуге болады.

Су көздерінің ластану мәселесі Алматы қаласының өзендеріне де қатысты болып отыр. Алматы қаласының территориясында 4 жасанды арналы су қоймалары және 22 ірілі-ұсақты өзендер орналасқан. Өзендердің арналарының жалпы ұзындығы 220,8 км, су қоры айналарының жалпы ауданы -1116 га. Алматыдағы ең үлкен өзендер: Үлкен Алматы, Кіші Алматы және Есентай өзендері.

Соңғы деректер бойынша Алматы өзендерінің суын қорғау аймағына 1252 нысан орналасыпты. Олардың ішінде 1090 – тұрғын үй, 11 – техникалық жөндеу орталықтары, 3 – авто жанармай бекеттері, 27 – кафе, 20 – дүкен, 5 – жел үрлеу бекеттері, 45 – гараж, 26 – кәсіпорын мен ұйымдар бар екен [1]. Сол себепті Алматы өзендерінің ластану деңгейінің жоғарылауы заңдылық, ал бұл өз кезегінде су сапасының төмендеуіне алып келеді. Сондықтан да, Алматы қаласын сумен қамтамасыз етіп отырған негізгі өзендер суының экологиялық жағдайын зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Үлкен Алматы өзені –Қаскелен өзенінің оң жақ сағасы. Ол Іле Алатауының орта бөлігінде орналасқан, оның тереңдігі 35 м дейін жетеді. Жазда судың температурасы 10 - 12 градусты құрайды. Өзеннің жалпы ұзындығы 96 км, су жинау аумағы 425 км². Үш үлкен мұздақтың астынан еріп шығып пайда болған суларының жиынтығынан пайда болатын өзен. Қаланы тасқыннан қорғау үшін өзен бойынан биіктігі 40 м темір-бетон бөгет және Сайран су қоймасы орнатылған [2,3].

Есентай — Іле алабындағы өзен, Кіші Алматы өзенінің сол саласы. Бастауын Іле Алатауының солтүстік баурайынан алып Алматы қаласы арқылы ағып өтеді. Ұзындығы 43 км. Жылдық орташа су ағымы 0,06 м³/с. Жалпы ұзындығы 19 км болатын 8 саласы бар. Мамыр – маусым айларында суы тасиды. Қала ішіндегі жағалауы бетонмен қапталған.

Кіші Алматы өзені — ұзындығы 125 км, су жиналатын алабы 710 км². Іле Алатауындағы Тұйықсу мұздығынан басталып, Жетіген тау жолы айырылымының солтүстік-батысында 10 км жерде Қаскелең өзеніне құяды. Аңғары тар, тік жарлы. Басты салалары:

Күйгенсай, Сарысай, Қазак. Жылдық орташа су ағымы Бұтақты сағасынан төмендеу жерде 2,26 м³/с. Қаладағы бау-бақшаны суаруға пайдаланылады [3,4].

Кіші Алматы өзені 3 негізгі жер бедерінде орналасқан: таулы, тауалды және жазық. Өзеннің таудағы жағалық су жинау ауданы өте тар болып келіп, күрделі бөлімдермен ерекшеленеді. Өзеннің ені 3-13 м, тереңдігі 0,15 м-ден 0,5 м-ге дейін; Кіші Алматы шатқалынан шыға келе өзен арнасы 3 бөлімге бөлінеді: Есентай, Жарбұлақ және Кіші Алматы[4].

Зерттеу барысында зертханалық талдауға су үлгілері Үлкен Алматы өзенінен 3 нүктеден (қаладан 10 км жоғары, АММК-ң маңы және Рысқұлов көшесімен қиылысатын тұстан), Кіші Алматы өзенінен де 3 нүктеден (қаладан 10 км жоғары, Мехкомбинат ауданынан және қаладан 5 км төмен тұстан), ал Есентай өзенінен 2 нүктеден (Аль-Фараби даңғылымен қиылысқан жерден және Рысқұлов көшесімен қиылысатын тұстан) алынды.

Зерттеу барысында марганец спектрофотометрлік әдіспен, мыс пен нитритті азот фотоэлектрокалориметрлік әдіспен, фторид ион-селективті электродпен потенциометрлік әдіспен, темірдің жалпы мөлшері фотометриялық әдіспен анықталды.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштері – судың химиялық құрамы мен физикалық қасиеттерін сипаттайтын су сапасының көрсеткіштері. Су сапасын гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша зерттегенде алынған нәтижелерді бекітілген шекті рауалы концентрациямен (ШМК) салыстыра отырып талдау жасайды [5].

Зерттеу барысында өзен суларынан нитритті азот, фторид, мыс, жалпы темір және марганец мөлшерін анықтадық.

Нитритті азот табиғи суларда бір литр суда миллиграммның жүзден бір және оннан бір мөлшерінде кездеседі. Ол нитраттардың тотықсыздануы және органикалық заттарды бактериялардың тотықтыруы нәтижесінде пайда болады. Нитриттер жер үстілік суларда әдетте кездесе бермейді, себебі олар нитратқа айналып кетеді. Ал оның талданып отырған су құрамында жоғары мөлшерде болуы судың ластанғандығын білдіреді [6,7].

Зерттеу мәліметі бойынша Үлкен Алматы (ШМК –дан 3,5 артық) және Кіші Алматы (ШМК –дан 3,0 артық)өзендерінде нитритті азоттың мөлшері жоғары болып отыр. Ал, Есентай өзенінде оның мөлшері айтарлықтай төмен, оның мәні 0,027-ге жетіп, ШМК-дан 1,33 есе асқан (кесте 1).

Кесте 1 - Алматы қаласының жер үстілік суларының гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша сапалық күйі

Су нысанының атауы	ШМК көрсеткішінен асып түсетін ластаушы заттар мөлшері	
	Ингредиенттері	ШМК көрсеткішінен асып түсу есесі
Кіші Алматы өзені	Нитритті азот	3,7
	Фторидтер	1,36
	Мыс	2,8
	Марганец	1,3
Есентай өзені	Нитритті азот	1,33
	Жалпы темір	1,3
	Мыс	1,7
	Марганец	1,12
Үлкен Алматы өзені	Нитритті азот	3,0
	Мыс	1,6
	Фторидтер	1,04
	Марганец	0,98

Қорыта айтқанда, зерттеліп отырған өзендер суындағы нитритті азот мөлшері айтарлықтай жоғары, яғни өзен сулары нитритті азотпен ластанған.

Мыс ең маңызды микроэлементтердің бірі. Жоғары концентрацияда бұл элемент уытты болып саналады [7]. Мыстың табиғи суларға түсу көзі химиялық кәсіпорындар, металлургиялық өндірістер, балдырларды жоюға арналған альдегидті реагенттер болып табылады. Зерттеу нәтижесі бойынша, Кіші Алматы өзенінде мыстың мөлшері жоғарылап, ШМК-дан 2,8 есе артса, Есентай және Үлкен Алматы өзендерінде оның мөлшері 1,72 мен 1,62-ні құрап, ШМК-дан тиісінше 1,7 және 1,6 есе артқан.

Фторидтер топырақ түзуші жыныстар мен минералдар құрамында болғандығы себепті олар табиғи және грунт сулары құрамында да кездесуі мүмкін. Олардың артық мөлшері ағзадағы кальцийді тұндырып, кальций-фосфор айналымының бұзылуына әсер етеді [7]. Сол себепті оның ауыз су құрамындағы мөлшерін анықтау маңызды болып табылады. Фторидтің ауыз суындағы ШМК-сы түрлі климаттық аудан үшін әр түрлі болып келеді (0,7-1,5 мг/л аралығында), зиянды лимиттеуші көрсеткіші – санитарлық-токсикологиялық. Кіші Алматы өзенінде оның мөлшері 1,02 мг/л құрап, ШМК-дан 1,36 есе асып кетсе, Үлкен Алматы өзені суында фторидтердің мөлшері ШМК мәнінен 1,04 есе артқан, ал Есентай өзені суында фторидтер анықталмады. Қорыта айтқанда Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің сулары фторидпен аз дәрежеде ластанған.

Темір – табиғатта кең тараған элементтердің бірі. Аз мөлшерде темір тірі ағзалар мен өсімдіктер тіршілігі үшін қажет болып табылады. Аз концентрацияда темір барлық табиғи суларда кездеседі, сонымен қатар ақаба суларда да кездеседі [7]. Зерттеу бойынша жалпы темір тек қана Есентай өзенінің суынан табылды. Оның мөлшері ШМК-дан 1,3 есе артқандығы анықталды. Ал, Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің су құрамынан темір табылмады.

Марганец ауыр металлдар тобына жатады, табиғатта кең таралмағанымен, жиі кездеседі. Ол сүйек жүйесінің қатерлі ауруларына алып келуі мүмкін [7]. Суда оның концентрациясы көп болған жағдайда су сарғыш түске еніп, дәмі де жағымсыз болады. Зерттеу нәтижесінде марганец барлық өзен суларынан анықталды. Кіші Алматы өзенінде оның мөлшері ШМК-дан 1,3 есе артық, Есентай өзенінің суындағы мөлшері ШМК-дан 1,12 есе артық, ал Есентай өзенінде ШМК-дан төмен мәнге ие.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Алматы қаласының Кіші Алматы, Есентай және Үлкен Алматы өзен сулары нитритті азот, фторид, мыс, жалпы темір және марганецпен түрлі дәрежеде ластанған. Зерттеліп отырған өзендер суындағы нитритті азот мөлшері айтарлықтай жоғары. Барлық өзен суларында мыстың мөлшері ШМК-дан асып кеткендігі анықталды. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері суларында фторидтер аз мөлшерде анықталды, ал Есентай өзенінің суынан табылмады. Жалпы темір Есентай өзенінен анықталды. Ал, Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің су құрамынан темір табылмады, яғни бұл өзендер темірмен ластанбаған. Марганец Кіші Алматы және Есентай өзенінің суындағы мөлшері ШМК-дан артық, ал Үлкен Алматы өзенінде ШМК-дан төмен мәнге ие екендігі анықталды.

Әдебиеттер

1. Казахстан сегодня. Информационно-аналитический сборник. Подготовлен Агентством РК по статистике. / Алматы ТОО «Интелсервис», 2007.- 120 с.
2. Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии. Обзор. – UNDP Kazakhstan. – Алматы, 2004.- С. 132 – 133
3. Доклады Министерства охраны окружающей среды РК «О состоянии природой среды РК», 2000-2007.- 150 с.
4. Водные ресурсы Казахстана. Справочник Алматы: Ғылым, 2002.-С.34 – 45

5. *Алекин О.А., Семенов А.Д., Скопинцев Б.А.* Руководство по химическому анализу вод суши. Л.: Гидрометеоздат, 1973.- 269 с.

6. *Реймерс Н.Ф., Яблоков А.В.* Словарь терминов и понятий, связанных с охраной живой природы. Москва: Наука, 1982 .- 144 с.

7. *Новиков Ю.В.* Экология, окружающая среда и человек. М.:ФАИР-ПРЕСС, 2003.- С.42 – 66.

Тоқтарова А., Райымбекова И., Аубакиров Н.

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ РЕК ГОРОДА АЛМАТЫ

Аннотация

В статье исследованы гидрохимические показатели качества воды рек Большая и Малая Алматинка, Есентай г. Алматы, проведен сравнительный анализ полученных результатов по показателям ПДК. В пробах воды определены содержание нитритного азота, фторидов, меди, общего железа и марганца.

Ключевые слова: реки, загрязнения воды, гидрохимические показатели качества воды

Тоқтарова А., Райымбекова И., Аубакиров Н.

THE ECOLOGICAL STATUS OF RIVERS IN ALMATY

Annotation

In the article the hydrochemical water quality of the rivers Big and Small Almaty , Esentai Almaty city, the comparative analysis of the results obtained by the MPC performance . In water samples determined by a nitrogen content of nitrite , fluoride, copper, total iron and manganese.

Keywords: rivers, water pollution, hydrochemical indicators of water quality

ӘОЖ 633: 631. 527

Толтебаева Ә.А., Тұрғанбай Г., Садуақасов С.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖОҢЫШҚАНЫҢ ЖАҢА БУДАНДАРЫ

Аңдатпа

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тау бөктерлік аймақтарында мал азығы өндірісін қарқындыру үшін жоңышқаның жаңа сорттары аса қажет. Сондықтан дақылдың шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттерінің өзгермелілігін селекциялық жұмыста тиімді пайдалану мақсатында ген қорынан алынған линияларын және будандарын кешенді зерттеу жүргізілді. Оларды бағалау және жіктеу нәтижесінде ерте, орта және кеш мерзімдерде пісетін топтар оқшауланып алынды. Селекцияның осы материалы өнімділік және басқа ерекшеліктері бойынша сұрыпталып, деректер талданды. Жоңышқаның С-1924/0820, Р-2728/2009, С-1465/0828, С-1808/2512 және Р-0421/0841 жаңа будандары 540-600ц/га көкбалауса өнімін беріп, стандарттан 10,6-22,8% асып түсті.

Кілт сөздер: селекция, жоңышқа, стандарт,үлгі, будан, сорт.

Кіріспе

Дүниежүзілік егіншілікте жоңышқа кең тараған дақыл. Оның құндылығы, біріншіден, көкбалауса мен пішен өнімділігінің және белок шығымының жоғарылығында, екіншіден, топырақты азотпен айтарлықтай байытуында. Суармалы жоңышқа егістерінен 90-100 т/га көкбалауса немесе 12-15 т/га пішен немесе 3-4 т/га протеин өндіруге болады. Сондықтан бұл дақылдың жалпы егістігі әлемнің 80-нен астам елінде 33 млн. га құрайды [1, 2].

Дақыл көпжылдық шөптесін бұршақ тұқымдастар қатарына жатады. Ол мал азығы тұрғысынан өте бағалы болып табылады. Табиғатта оның 100-ден астам түрі таралған. Ресей және Қазақстан мемлекеттерінде 50-ге жуық, яғни, негізінен, көк немесе егістік, сары немесе орақ тәріздес, көгілдір түрлері мен олардың будандары өсіріледі. Жоңышқа жемшөп және ұнтақ түрінде өте пайдалы. Оның егістігінен мол өнім жинау агротехникалық шараларды бұлжытпай орындаумен қатар, оның сорттарының қасиеттеріне де тікелей байланысты. Көп жағдайда жоңышқа тұқымын өндіру өте қиын. Себебі оны тозандандыратын жәндіктер жылдан жылға азая түсуде. Бұл өсімдіктің жаппай гүлдену кезеңінде жабайы ара тәрізді жәндіктердің жетіспеуінен тұқым байлау деңгейі төмендейді. Сондықтан дақылдың өзін-өзі тозандандыратын сорттарын шығару селекцияда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі [2, 3].

Жоңышқаның қазіргі сорттары генетикалық күрделі популяция. Сондықтан оның селекциясындағы негізгі мәселе сорттардың ішкі құрамында гетерозисті будандар үлесін көбейту болып табылады. Сорттық популяцияларда тұқым түзу негізінен айқас тозандану арқылы жүргенімен, ішінара өзін өзі ұрықтандыруда орын алады. Өзін өзі ұрықтандыру қасиетін пайдалана отырып, инбредтік линиялар алу және құнды селекциялық белгілері бойынша сұрыптау арқылы синтетикалық сорттарды құрастыру және сынақтан өткізуге арналған жұмыс тақырыбы жоңышқа селекциясының өзекті мәселесі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысандары мен әдістемелері тақырыпқа сәйкес ерекшеленген. Поликросс-тест әдісі бойынша 44 инбредтік линияның жоғары өнімді будандар түзу қабілетін анықтау арнайы салынған поликросс питомнигінде күрделі будандар алу арқылы жүргізілді. Линиялардың бір бірімен толықтай және бір деңгейде айқас тозандануын қамтамасыз ету үшін әр линия аталған питомникте 10 рет қайталанып себілді. Фенотипі бойынша сұрыпталған 28 инцухт-линиядан топкросс әдісімен алынған жаңа будандар сынақтан өткізілді.

Тестер ретінде әртүрлі сорттардың биотиптері қолданылды. Олар шығу тегі, өнімділігі, морфологиялық белгілері және биологиялық құрамы бойынша бір бірінен айтарлықтай айырмашылықта болды. Тестер I (T₁) кеш пісетін биотип, Семиреченская местная сортынан алынған. Оның вегетациялық кезеңі тұқым алу үшін өсіргенде 140-145 тәулік. Тестер 2 (T₂) орта мерзімде пісетін биотип, Вега 87 сортынан алынған. Вегетациялық кезеңінің ұзақтығы 120-130 тәулік, жапырақтануы 55%, орташа биіктігі 88-93 см, түптенуі 57-60 данасабақ. Тестер 3 (T₃) ерте пісетін биотип, Түркия үлгісінен алынған. Вегетациялық кезеңі 113-120 тәулік.

Будандар сынағы жекелеп өсірілген түптер бойынша (60x60 см) жүргізілді. Есепке әр қайталау бойынша 10 өсімдік алынды. Будандарды сынақтан өткізу үшін салынған тексеру питомнигінің егістігі 4 рет орылып, жалпы көкбалауса, пішен өнімділігі, ал қосымша салынған тұқымдық питомникте тұқым мөлшері анықталды. Тәжірибе деректері дисперсиялық әдіспен өңдеуден өткізілді [4].

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Зерттеу 2013-15 жж. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тау етегіндегі далалық аймақта орналасқан Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы) тәжірибе танабында жүргізілген. Климаты құбылмалы континенттік - көктемде ауа температурасы бірден көтеріліп, күзде

күрт төмендесе, атмосфералық ылғал түсуі керісінше өзгереді. Сондықтан қуаңшылық жиі орын алады.

Бұл жерде біртекті құмбалшық және әртүрлі қалыңдықта құмдақ, ақшыл-қоңыр топырақ таралған. Оның генезистік қабаттарында қиыршық, домалақ ірі тасты шөгінділер бар. Аймақтағы топырақ құнарлылығы ауылшаруашылық дақылдардың жоғары өнімін алуға мүмкіндік береді. Осы топырақтың тік қимасы (0-180 см) былай сипатталады:

- А₁(0-22 см) ақшыл-сұр түсті, құрғақ, аздап тығыздалған, орташа түйіршікті, саз-балшықты;

- В₁ (22–40 см) қошқыл қарасұр, ірі тас кесегі де кездеседі, тығыздалған, орташа саз-балшықты, келесі қабатқа өткенде топырақ тығыздығы мен түсі айқындала түседі;

- В₂ (40–68 см) ақшыл сұр, аздап ылғалданған, ірі тас кесекті, тығыздалған, әлсіз түйіршікті, орташа балшықты;

- В_с (68–92 см) сарғыш тартқан сұр түсті, аздап ылғалданған, лесс тәрізді кесек-кесек, орташа тығыздалған, карбонаттар тізбектелген нүкте түрінде, келесі қабатында түсі анық байқалады;

- С₁ (92–148 см) сарғыш лесс тәрізді, балшықты, кесек-кесек, тығыздалған, карбонаттар ойдым-ойдым және сирек кездеседі;

- С₂ (148–180 см) ашық сарғыш, лесс тәрізді саз-балшықты, тығыздалған, карбонаттар тізбектеле орналасқан.

Гранулометриялық құрамы бойынша бұл топырақ шаңытпалы, орташа балшықты, шаң 40-50%, микроагрегаттар 80-90%, физикалық балшықтылығы 43-45%, тұнбалық бөлігі профиль бойынша 13,8-ден 8,6%-ға дейін кемиді. Жыртылатын қабатында шірінді мөлшері 1,98-2,0%, ерітіндісі әлсіз сілтілі (рН=7,3-7,5), сиымдылығы 15 мг/экв., жалпы азот 0,15%, жалпы фосфор 0,21%.

Жоңышқаның сорт-үлгілерінен 150-ден астам инцухт-линия, қайталай өздігінен тозандандыруменолардың І₂ және І₃ ұрпақтары алынған. Селекциялық салыстырмалы зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, әр ұрпақтан фенотип бойынша линиялар сұрыпталған. Соның нәтижесінде Семиреченская местная сортынан С-13/08, ресейлік к-29570 үлгісінен Р-14/08, канадалық к-27167-ден К-14/20, Басқұртстан сортынан Б-21/12, украиналық жоңышқадан У-22/15, Қытай үлгісінен К-28/09 Ұлыбритания сортынан У-14/03 және басқа ең үздік 28 линия таңдалып алынды.

Жаңа күрделі будан С-1314/0820 2-ші пайдалану жылы 600 ц/га көкбалауса немесе 133 ц/га пішен, 3,86 ц/га тұқым беріп, стандарттан тиісінше 22,8%, 25,5% және 18,8% асып түсті (кесте 1).

Кесте 1. Жаңа жоңышқа будандарының өнімділігі (2013 ж. салынған тексерулік питомник, орташа 2015 ж.)

Нысан	Көкбалауса		Пішен		Тұқым	
	ц/га	стандартпен салыстыру, %	ц/га	стандартпен салыстыру, %	ц/га	стандартпен салыстыру, %
Капчагайская 80 - стандарт	488,6	-	106,0	-	3,25	-
С-1924/0820	600,0	122,8	133,0	125,5	3,86	118,8
Р-2728/2009	582,9	119,3	131,3	123,9	3,73	114,7
С-1465/0828	573,6	117,4	130,0	122,6	3,70	113,9
С-1808/2512	560,4	114,7	128,0	120,8	3,55	109,2
Р-0421/0841	540,4	110,6	122,0	115,1	3,66	112,5
ЕТА, 0,95, ц.	12,7		5,8		0,14	

Бұл буданның құрамына 5 линия: Д-19/24, Д-8/65 (Даусон), С-21/4 (Семиреченская местная), К-8/41 (Капчагайская 80), И-7/3 (Иолотанская 1763) енген. Гүл түсікүлгін, шоғы цилиндр тәрізді, тығыз шашақ, бұршақ 2,5-3 айналым, орымнан кейін өсу қарқыны күшейе түседі. Жылына 4 орым пішен өнімін береді. Өсімдік биіктігі 77-109 см, сабақ жуандығы орташа, жұмсақ, түсіжасыл, түптілігі және бұталылығы өте жоғары (1 сабақта 6-11 бұтақша), орташа 38 сабақ түзеді. Жапырақтылығы жоғары (55,7%). Мал азықтық құндылығы өте жоғары, құрғақ шөпте протеин шығымы 12,0-15,2% құрайды.

Жоңышқаның өнімділігін арттыруда жаңа күрделі будан сорттар шығарудың маңызы зор. Оның сорттары генетикалық күрделі популяция түрінде қалыптасады, сондықтан осы дақыл селекциясындағы негізгі мәселе сорттардың ішкі құрамындағы гетерозис әсерін ұлғайту және реттеу болып табылады. Сорттық популяцияларда тұқым түзу негізінен айқас тозаңдану және ұрықтану арқылы жүргенімен, ішінара өзін өзі ұрықтандыруда орын алады. Өсімдіктердің өзін өзі ұрықтандыру қасиетін пайдалана отырып, инбредтік линиялар алу, оларды құнды селекциялық белгілері бойынша сұрыптау арқылы синтетикалық сорттардың бастапқы материалдарын жасау және сақтау гетерозис құбылысына негізделген жоңышқа дақылының өзекті мәселелеріне жатады. Жоңышқа тұқымын өндірудегі қиындықтарға байланысты гетерозисті пайдалану жолы тек көп құрамды синтетикалық сорттар шығару болып табылады.

Сынақтағы будандар инбредтік линиялардың комбинативтік құндылығын поликросс әдісімен анықтау арқылы шығарылған. Популяцияның генетикалық құрамының әртекті болуы гетерозис құбылысының тұрақты түрде пайда болуына әсер етеді. Сондықтан селекциялық жалпы популяция құрамына комбинативтік қабілеттілігі жоғары инбредті линияларды топтастыру гетерозис әсерін ұлғайтуға мүмкіндік туғызады және осындай тәсілмен жасақталған популяцияларды синтетикалық сорт деп атау жоңышқа селекциясында қалыптасып отыр.

Жоңышқа үшін гетерозисті пайдаланудың басқа жолдары, айталық, аталық ұрықсыздық негізінде алынатын қарапайым будандар (F₁) шаруашылыққа тиімсіз. Сондықтан осы дақыл селекциясында қызығушылық туғызатын мәселе синтетикалық сорттар шығару. Мұнда бастапқы материалдың комбинативтік қабілетін бағалау арқылы болашақ синтетикалық сорттың ішкі популяциялық құрамы реттеледі. Ол мынадай мүмкіндіктер береді:

- гетерозис артықшылықтарын жартылай болса да өндірісте тұрақты жүзеге асыру;
- тұқымқуалаушылық деңгейі төмен шаруашылық-құнды белгілердің фенотиптік көрсеткіштерін жоғарылату;
- комбинативтік құнды генотиптерді селекциялық жобаларға қайталап енгізу;
- жасанды популяциялар негізінде шығарылған күрделі будан сорттардың бірнеше ұрпағын өндірісте пайдалану.

Синтетикалық сорттарды шығару оның бастапқы компоненттерін, яғни клондарды, биотиптерді және линияларды комбинативтік ерекшеліктері және басқа құнды белгілерінің жиынтығы бойынша іріктеуден басталады. Алдымен селекция талдау әдісімен жүргізіліп, соңынан жаңа сорт синтездеуге ауысады. Бұл жағдайда жалпы комбинативтік қабілеті жоғары генотиптерді салыстыру, іріктеу және жаңа будандар алып, сынақтардан өткізу селекциялық жұмыстың негізін құрайды.

Қорытынды

Жоңышқаның С-1924/0820, Р-2728/2009, С-1465/0828, С-1808/2512 және Р-0421/0841 жаңа будандары 540-600 ц/га көкбалауса өнімін беріп, стандарттан 10,6-22,8% асып түсті. Жаңадан шығарылған күрделі будандардың ішінде С-1314/0820 буданы 2013 жылы салынған тексерулік питомникте 600 ц/га көкбалауса немесе 133 ц/га пішен, 3,86 ц/га тұқым, яғни стандарттан тиісінше 22,8%, 25,5% және 18,8% асатын өнім берді.

Әдебиеттер

1. Иванов А.И. Люцерна. - М.: Колос, 1980.- 350 с.
2. Мейрман Г.Т., Масоничич-Шотунова Р.С. Люцерна. - Алматы, 2011.- 251 с.
3. Константинова А.М. Методика селекции многолетних трав.- М., 1969.-410 с.
4. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. - М., 1985.- 337 с.

Толтебаева Ә.А., Тұрғанбай Г., Садуақасов С.С.

НОВЫЕ ГИБРИДЫ ЛЮЦЕРНЫ

Аннотация

В статье приведены показатели хозяйственно-ценных признаков новых гибридов люцерны С-1924/0820, Р-2728/2009, С-1465/0828, С-1808/2512, Р-0421/0841, созданных поликроссным методом селекции.

Ключевые слова: селекция, люцерна, стандарт, образец, гибрид, сорт.

Toltebaeva A., Turganbay G., Saduakasov S.

NEW HYBRID ALFALFA

Annotation

To the article the indexes of economic-valuable signs of new hybrids of alfalfa of С-1924/0820, Р-2728/2009, С-1465/0828, С-1808/2512, Р-0421/0841, created by the polycross-method of selection, are driven.

Keywords: breeding, alfalfa, standard, sample, hybrid, variety.

ӘОЖ 577.4:502

Толыбай Ұ., Махамедова Б.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АЙМАҚТАРЫ

Андатпа

Бұл ғылыми баяндамада Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары туралы жазылған. Дамыған мемлекеттердің ерекше қорғалатын аймақтарын салыстырмалы тұрғыда талдау жасалған. Аталған мәселелерге байланысты табиғат ресурстарын тұрақты пайдаланудың және тиімді басқаруға жол ашады.

Кілт сөздер: ландшафт, қорық, табиғат ескерткіштері, қорғалатын табиғи территориялар, табиғи-мәдени нысаналар, табиғат лабораториясы, зоологиялық, ботаникалық, полеонтологиялық қорықтар, ұлттық парк.

Кіріспе

Ландшафтарды қорғаудың ең жоғарғы сатысы – қорықтар ұйымдастыру. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде қорық ұйымдастыру ХІХ ғасырдың басқы кездерінен бастап жүзеге аса бастағанын көрсетеді. Ал, оның алғашқы нәтижелерінің бірі тіптен 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған

алғашқы ұлттық парктер (бақтар). Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия, т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық бағы құрылған болатын.

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы тиіс.

Адам баласы XX-XXI ғасырлар аралығында негізгі қауіп-қатердің бірі – қоршаған ортаның нашарлауына тап болды. Осыған байланысты экожүйені әлемдік, аймақтық және ұлттық дәрежеде қорғау жалпы мақсатқа жетудегі негізгі міндеті болып табылады. Әлемдегі ең ірі және беделді табиғат қорғау ұйымы Халықаралық табиғат қорғау одағы (ХТҚО, ағылшынша қысқартылған атауы – IUCN) болып табылады, оған бірнеше мемлекеттер, сонымен қатар халықаралық және ұлттық үкіметтік емес бірлестіктер мүше болып кіреді. ХТҚО бүкіл әлемнен алты белгілі мақсатқа арналған бағытта жұмыс істейтін бірнеше мыңдаған сарапшыларды біріктіреді. Олардың бірі – қорғалатын территориялар жөніндегі әлемдік комиссия (WCSPA), табиғи экожүйені қорғаудың территориялық және практикалық мәселелерімен айналысады, табиғи қор жағдайларында сараптау мен бағалау жүргізеді, тәуелсіз мемлекеттер үкіметіне қорғалатын табиғи территориялар жүйесін қорғауға ұсыныстар дайындайды.

Материалдар мен әдістер

ХТҚО онжылдықта бір рет қорғалатын территориялардың бүкіләлемдік конгресін өткізді, онда табиғи экожүйелерді қорғаудағы қазіргі жағдай мәселелері қаралады және келешекке жоспар жасалады. 2003 жылы Дурбан қаласында (ЮАР) өткен бесінші бүкіләлемдік конгресс комиссия жұмыстарын қорытындылай келе, биоәртүрлілікті қорғау және оның тұрақты дамуы үшін қорғалатын табиғи территориялар (ҚТТ) маңызын қайта бағалады. Оның ішінде, өткен онжылдықта табиғатты территориялық қорғау мәселесінде ХТҚО келесідей нәтижелерге қол жеткізді [1, 2] :

- Қорғалатын территориялар биоәртүрлілік жөніндегі конвенция пікірін іске асыруда негізгі топ болып танылады;

- 1992 жылдан бері әлемдегі ҚТТ-ның жалпы саны және олардың көлемі екі еседен көп ұлғайды: қазіргі кезде, Антарктиданы қоспағанда, құрлық бетінің 12% - ынан көбі қорғалады, тек территорияның 10 пайызына ғана қатаң қорғау тәртібі таралған;

- Әлемдік мұраның табиғи және табиғи-мәдени нысаналар саны 101-ден 172-ге өсті, және де табиғи және мәдени қазыналарды қатар қорғау қажеттілігі одан да бетер ақиқат болып отыр.

Бұрын қорғалатын табиғи территориялардың адам баласының басқа саладағы мүдделерімен байланысы толық емес еді. Сондықтан Дурман конгресі келешектің негізгі бастамасы қорғалатын табиғи территориялардың біртұтас жалпы жүйесін құру туралы қаулы қабылдады. Әлемдік үлгі талабы бойынша мемлекет территориясы көлемінің 10 пайызынан көбі қорғалатын табиғи территория болу керек [4,5].

Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан, қорғалатын табиғи территориялардың әлемдік жүйесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Біздің мемлекетімізде қорық құру тарихы 1922 жылдан басталды. Бұл жылы мәдени және көне табиғи ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті құрылған, ол алғаш рет сол аймақта қорық құру қажеттілігі мәселесін көтереді. 1926 жылы Орта Азия мен Қазақстанда бірінші рет Ақсу-Жабағылы қорығы ұйымдастырылады. 5 жылдан кейін, яғни 1931 жылы, Наурызым мен Алматы қорықтары, 1936 жылы Бурабай қорығы, ал 1939 жылы Барсақалмес қорығы құрылды. Одан әрі қорықтармен бірге қорғалатын табиғи территориялардың басқа да түрлері – геологиялық, зоологиялық және ботаникалық қорықшалар, табиғи ескерткіштер

және т.б. ұйымдастырылды. 1985 жылы біздің елімізде алғаш рет Баянауыл мемлекеттік ұлттық қорығы құрылды.

Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның қорықтары, ұлттық бақтары, қорықшалары мен табиғи ескерткіштері құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан, үлкен мемлекеттің қорғалатын территориясының біртұтас жүйесінде болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан ауыр экономикалық жағдайды бастан өткізді, бұл жағдай қорғалатын табиғи территорияларды зор шығынға ұшыратты. Қаржының жетіспеушілігі жұмысшы адамдар санын қысқартуға және табиғат қорғау жөніндегі көптеген жете зерттелген мәселелердің жабылуына әкелді. Қазіргі кезде Қазақстан әлемдік экономикалық жүйеге одақтасуға және әлемдік бірлестіктің толық құқықты мүшесі болуға талпынды. Бұл мемлекеттік құрылыс пен қоғамдық өмірдің көптеген жақтарын өзгертуді талап етеді. Осындай талаптардың бірі ҚТТ ұлттық жүйесінің дамуы болып табылады, оның көлемі мемлекеттің бар территориясының 10 пайызынан жоғары, сонымен қатар қорғалатын табиғи территорияның жалпы жүйесіне енген болу керек. Осы жолда мемлекетіміз айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Ландшафтарды қорғаудың ең жоғарғы сатысы – қорықтар ұйымдастыру. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде қорық ұйымдастыру XIX ғасырдың басқы кездерінен бастап жүзеге аса бастағанын көрсетеді. Ал, оның алғашқы нәтижелерінің бірі тіптен 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған алғашқы ұлттық парктер (бақтар). Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия, т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық бағы құрылған болатын.

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы тиіс. Осы орайда, Канада, Африка, Австралия, Англия т.б. өркениетті елдерде мемлекеттің барлық аумағы ұлттық байлық деп қорғауға алынған. Мәселен, Англияның кішкене ғана жерінде 189 ұлттық қорықша, 10 ұлттық парк, 81 корольдік қорықтар болса, ал Германия жерінде 735 қорықшалар, 400-ден астам ландшафтық заказниктер, 9100 табиғат ескерткіштері бар. Сол сияқты Франция жерінде 22 ұлттық парк, 20 қорық бар екенін ескерсек, жоғарыдағы «өркениетті» елдердің табиғатты қалайша сүйетінін 5 жасар бала да түсінетін болар.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Қазақстан Республикасы бойынша 10 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44-зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 полеонтологиялық), 8 ұлттық парк және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жерлердің 3 пайызын қамтиды. Мұның өзі табиғат қорғау проблемасының өз шешімін таппай отырғанын көрсетеді. Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Мәселен, соңғы жылдары Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатауы ұлттық парктерінің құрылуы осының айғағы болса керек (кесте 1).

Кесте 1 . Қазақстанның ерекше қорғалатын нысандары

№	Ерекше қорғалатын аймақтар	Құрылған жылы	көлемі, га
Қорықтар			
1	Ақсу-Жабағылы	1926	128 118,1
2	Алакөл	1998	19 773
3	Алматы	1964	71 700

4	Барсакелмес	1939	16 795
5	Батыс-Алтай	1992	56 078
6	Қаратау	2004	34 300
7	Қорғалжын	1968	258 963
8	Марқакөл	1976	75 048
9	Наурызым	1931	191 381
10	Үстірт	1984	223 342
Ұлттық парктер			
1	Алтынемел	1996	161 235
2	Баянауыл	1985	50 688
3	Бурабай	2000	83 511
4	Іле Алатауы	1996	199 702
5	Қарқаралы	1998	90 323
6	Қатон -Қарағай	2001	643 477
7	Көкшетау	1996	134 511
8	Шарын	2004	93 150

Егеменді Қазақстан жері жақын жылдары Қаратау, Бетпақдала, Кент, Қаптанқыр, Балқаш, Ерейментау, Торғай, т.б. көптеген қорықтар мен ұлттық парктердің отанына айналары сөзсіз.

Қандайда болмасын табиғат байлықтары, өсімдіктер дүниесі немесе тұз тағыларының өкілі болсын, оларды өздері бейімделіп тіршілік ететін табиғи ортасының ажыратпай қорғау және мейлінше қорын молайту ісі, бүгінде күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі. Қазіргі өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының, транспорттың қарышты қадамы оларға өзінің ықпалын тигізуде. Оларға кері әсер етпеу үшін, адам ғылыми-техникалық прогресс пен табиғат қорғау ісін ғылыми негізде етене ұшырастыра білуі қажет. Яғни, табиғатта өтетін түрлі экологиялық процестерге игі ықпал етіп, қоршаған ортаны көркейтумен қатар, небір қайталанбас көркі бар табиғи ландшафттарды барлық компоненттермен қамқорлыққа алғаны жөн.

Қорытынды

Қазақстан жері жасыл өсімдіктер әлемі мен жабайы жануарлар дүниесі өкілдеріне бай өлке.Туған өлке топырағына ғана тән хайуанаттар мен өсімдіктердің эндемикалық түрлерімен қатар, сонау мұздану дәуірінен бері бізге жеткен реликт және толып жатқан себептерге байланысты азайып кеткен түрлері де аз емес. Айталық, жойылып кету қауіпі бар және сиреп кеткен тізіміне хайуанаттардың 87, өсімдіктердің 306 түрі іліккен. Осы міндеттерді шешудің бір жолы- қорықтар мен табиғи парктер, қорыққор мен табиғат ескерткіштерін ұйымдастырып, ботаникалық бақтар мен хайуанат парктерін құру.

Қорықтар – табиғат объектілерін қорғаудың ең жоғарғы формасы. Қорық аймағы шаруашылық айналымынан босатылып, онда кен өндіру мен құрылыс жұмыстарын жүргізу, аң-құс атып, балық аулау, шөп шабу мен мал жаю және ағаш дайындау сияқты табиғат байлықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге тыйым салынған. Сонымен қатар, қорық жеріне улы химикаттарды шашуға және басқа жерлердің өсімдіктері мен хайуанаттарын жерсіндіруге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, қорық ұйымдастырылған жердің табиғаты, сол аймақтың ландшафтылы-географиялық белдеуінің үлгісі, ретінде қорғалуы қажет. Бұл жерлердегі экологиялық процестердің барлығы адам араласуынсыз табиғи жағдайда өтеді. Адам оның бақылаушысы, зерттеушісі ғана. Сол себепті де қорықтарды соңғы кезде ашық аспан астындағы нағыз «табиғат лабораториясы» деп те атап жүр. Өйткені, мұнда ұзақ жылдар бойына табиғат комплекстерін табиғи жағдайда ғылыми терең зерттеу «табиғат

жылнамаларын» жүргізу сияқты алуан түрлі жұмыстар жүзеге асырылады. Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге жақын тұрған хайуанаттар мен аса бағалы өсімдіктер ғана қамқорлыққа алынып қоймай, сонымен қатар, өлкеміздің көрікті табиғат ландшафтылары, жалпы табиғат комплекстері сол қалпында сақталады. Міне, сондықтан да болашақ ұрпаққа табиғат байлықтарын кемеліне келтіре көркейген қалпында табыс етуге қорықтардың алатын орны ерекше.

Әдебиеттер

1. Саданов А., Сүлейменова Н.Ш., Дәменова Н.С., Махамедова. Экология және тұрақты даму. -Оқулық. Алматы, 2010.-385 б.
2. Демина Т. А. Экология, природопользование, охрана окружающей среды. – М.: Аспект Пресс, 2008.-185 с.
3. Реймерс Н.Ф. Природопользование. -М. 2000.- 336 с.
4. Нурмаганбетов Д.Ш. Теоретические и прикладные основы проблем планирования и управления природопользованием и охраной природы.- Алматы: Каганат, 2007.- 354 с.
5. Сулеев Д. К. и другие Экология и природопользование. Концепция перехода к устойчивому развитию – Алматы: Ғылым, 2004.- 392 с.
6. Жумабеков Г.Ж. Охрана окружающей среды – Алматы, 2002.-54 с. б.
7. Алимбаев Т.А. Экологические проблемы в Казахстане – Алматы, 2007.-44 с.

Толыбай Ұ., Махамедова Б.Ж.

ОСОБО ОХРАНЯЕМЫЕ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье приведена информация о особо охраняемых территориях Казахстана и сравнительный анализ особо охраняемых территорий развитых государств. Проблемы, раскрытые в статье, способствуют рациональному использованию природных ресурсов.

Ключевые слова: ландшафт, заповедник, памятники природы, охраняемых природных территорий, природно-культурных объектов, лаборатория природы, зоологические, ботанические, палеонтологические заповедники, национальный парк.

Толыбай Ұ., Махамедова Б.Ж.

PROTECTED AREAS OF KAZAKHSTAN

Annotation

This article presented information about specially protected areas of Kazakhstan. Showed comparative analysis of specially protected areas developed countries. Problems which disclosed in the article, promote the rational use of natural resources.

Keywords: landscape, nature reserve, nature monuments, protected natural territories, natural and cultural sites, natural laboratory, Zoological, Botanical, paleontologicheskii reserves, national Park.

Худайбергенова Ф., Даулетхан А., Медеуова Ғалия Ж., Жексембиев Р. Қ.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ТҰЗДЫ ТОПЫРАҚТА КҮРІШТІҢ ӨСУІ

Аңдатпа

Мәдени күріш немесе екпе күріш (*Oriza sativa* L. – егіс күріші) біржылдық өсімдік-астық тұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық, бағалы астық дақылы. Күріш жинаудың ең қолайлы жолы сұрыптау болып табылады. Сұрыптаудың ең негізгі құрылымы ретінде әр түрлі сорттар, гибридтер алу, яғни будандастыру кезінде жұп таңдау болып келеді. Күріш егістік коллекция түрлерін жинау үшін көптеген көлемде жер қажет, және де оған үнемі бақылау керек. Тұзға төзімді үлгілерді іздестіру тек сортаңдануға ұшыраған аймақтардың үлгілерімен шектелмеуі керек, себебі тұзға төзімділіктің көздері өте кең таралған. Әрбір сұрыптау орталықтарында тұзға төзімді белгілері бар сорттар алу жұмыстарының енгізілуі артық болмайды.

Кіріспе

Тұз көп жинақталған жерлерде өсуге бейімделген өсімдіктерді галофиттер (гр. “*galos*” – тұз, “*phyton*” – өсімдік) деп атайды. Бұл әр түрлі тұзды теңіз, өзендегі жағасында, әсіресе далалы және шөлді аймақтардың өте тұзды топырақтарында өсетін тұзға төзімді өсімдіктер. Олар тұзды емес топырақтар мен өсетін галиофиттерден анатомиялық ерекшеліктерімен және зат алмасу ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Галиофиттер шамадан тыс тұз концентрациясынан негізгі үш тәсіл арқылы қорғалады: 1) осмостық қысымның көтерілуіне тұздардың сіңірілуі және вакуол сұйықтығының концентрациясы әсер етеді; 2) клеткаларға сіңген тұздарды сумен қосып арнайы тұз бездері арқылы шығару немесе түскен жапырақтармен бірге артық тұздарды шығару; 3) тамыр клеткаларымен тұзды аз сіңіруімен. Бұл әртүрлі өсімдік органдарының тұзға төзімділік мөлшерін анықтайды. Тұздардың жоғары концентрациясының қарсы әсері ең алдымен өсімдік тамыр жүйелерінде байқалады. Сонымен бірге тамырдың ішкі клеткалары бұзылады, яғни тұз ертіндісімен әрекеттесетін клеткалар.

Тамыр жүйелерінің ерекше қарашіріктік терең тұздануы олардың жер бетіне таралуына байланысты.

Ортадғы NaCl концентрациясының күрт көтерілуі тамыр жүйесіне иондардың өтуін бірден жоғарлатады. Өсімдік тамырлар тұз өте көп жинақталғанда тургорын жоғарлатады, өледі және ылғалданып күңгірт түске ие болады.

Мәдени өсімдіктердің тұзды топырақта өсуінің әсерінен вегитативті органдарының микроскопиялық құрлысы анық өзгереді. Чухолёбов пен Беловолов жүргізген зерттеулер тұзды топырақта өскен жүгері тамырының диаметрі 1,2 есе азаятындығын көрсетті. Тәжірибелік өсімдік тамырымен салыстырғанда экзодерма және мезодерма клеткаларының біріншілік қабаты ұқсас клеткалы болады. Соған қарамастан біріншілік қабаттың клеткаларының саны өзгереді, ал диаметрінің кішіреюі ұсақ клеткалыққа байланысты. Орталық цилиндрінің құрамы айқын өзгерістерге ұшырайды. Диаметрінің өзгеруіне негізделген, ксилема сәулелерінің саны азаяды. Құрғақшылықта өсірілген тәжірибелік өсімдіктердің сору аймақтарында түктер санының екі есе көбеюі байқалды.

Топырақтың тұздану факторы жапырақтың плазмасын 1,4 есе кішірейтеді. Өсімдік мезофилінің клеткаларын сырттан қарағанда, онда хлоропластардың санының көбейетіндігін көруге болады, сонымен бірге моторлы клетканың үлкен көлемі белгіленді, олар жапырақ құрлысын ксерофиттілік жаққа ауыстырады. Клетканың көлемі 2,3 есе

кішірейеді. Өсімдіктердің клеткалар орналасқан аймағында, яғни тұзды стрестен кейін, фотосинтез процесі төмендейді. Тұздану устыца аппаратының бұзылуына алып келеді. Устыцалардың көлемі кішірейеді, ал олардың бірлік көлемдегі саны артады.

Келтірілген материалдар тұздың әсерінен жүгерінің тамыр жүйесінде су режимі бұзылып, ассимиляциялық беттің ксерофиттік жаққа өзгеруін және фотосинтездің қарқындылығы төмендейтіндігін көрсетеді [40].

Тұздалу жағдайында субстраттық тұздалуы қаншалықты жоғары болса, өсімдіктердің өсімінің соншалықты төмен болатындығы ғылыми әдебиеттерде көптеп айтылып жүрген факт [41]. Бұл тұздалу жағдайында өсу процесінің барлық параметрлері – өсімдіктің биіктігі, бөлек мүшелерінің өлшемі, олардың салмағы және т.б. өлшемдерінің түсімінің анық көрінісі. Сонымен қатар Т.В. Удевенко мен оның әріптестерінің зерттеулерінде бірдей тұз жетіспеушілік жағдайында өсу процесінің тежелу қарқыны әр түрлі мәдениеттер мен олардың сорттарының тұзға шыдамдылық дәрежесімен анық кері коррекциясы болатындығы байқалды.

Фотосинтез жағынан өсу функциясының профессионалық және энергетикалық қамтамасыздандыруы өсімдіктік дамуы мен өсуінің шарттары болып табылады.

Жердің бетінде 1/15 бөлігі тұзды жерлер болып саналады. Егер неорганикалық иондардың өлшемі 0,2% аспаса, ондай жерлерді тұзсыз деп санайды. 0,2 - 0,4 % — аз тұзды; 0,4-0,7% — орташа тұзды, 0,7-1,0% — қатты-күшті тұзды жерлер деп аталады. Неорганикалық иондардың мөлшері 1,0%-тен көп болса, оларды солончактар деп атайды. Тұзды топырақта әдетте катиондардан Na көп болады, бірақ Mg²⁺ мен Ca²⁺ -да көп жерлер болады. Аниондардың ішінде Cl және SO₄ көп болады, бірақ карбонаттар да көп болады [42].

Тұзды жерде өсетін және тұздың жоғары концентрациясына үйренген өсімдіктерді галофиттар (от греч. galos — тұз, phyton — өсімдік), деп аталады. Тұздық жерде өспейтін өсімдіктерді гликофиттер (греч. glucos — тәтті, phyton — өсімдік) деп атайды. Ауылшаруашылық өсімдіктер көпшілігінде гликофиттерге жатады. Тұздың мөлшері көбейгенде егістің өнімі төмендейді. Галофиттер қатты тұзды жерлерде өсе алады. Әдеттегі галофиттерге Chenopodiaceae тұқымдасы, Salicornia europaea, Kochia prostrata, Petrosimonia triandra және т.б. жатады. Тұздың көп мөлшері олардың өсуін ынталандырады.

Тұзды жерлерде гликофиттерде судың және иондардың гомеостазы клетка және өсімдік деңгейінде бұзылады. Ол токсикалық әсер береді, биополимерлерді зақымдайды, өсуін баяулатады [43].

Қазақстан Республикасының ауыл шарушылығын және өндірістік қауіпсіздігін стратегиялық дамыту үшін, пайдалы, ауылшаруашылық-бағалы, өсірілетін ауданға бейімделген, жоғары өнімді, тұзға төзімділігі жоғары отандық сорттарды шығару аса маңызды. Елімізде негізгі күріш өсіретін аймақ Қызылорда облысы, ал осы облыста өсірілетін күріш сорттарының тұзға төзімді болуы маңызды критерий болып табылады.

Зерттеу нәтижелері төменде келтірілген 4-кестеде биомассаның жинақталуы бойынша азаю ретімен көрсетілген.

Кесте 4 -Тұзды ортада жалпы биомассаның жинақталу көрсеткіштері

Зерттеу материалдары	Он өскіннің орташа биомассасы, г
Анаит	0,0686±0,0050
Лиман	0,0646±0,0045
Дарий 23	0,0627±0,0032
Курчанка	0,0608±0,0026
Фишт	0,0567±0,0034
Маржан	0,0557±0,0015

ПакЛи	0,0540±0,0032
Регул	0,0529±0,0029
ВНИИР 10178	0,0516±0,0023
Бақанас	0,0514±0,0024
Мадина	0,0512±0,0022
Ару	0,0512±0,0032
ВНИИР 10173	0,0509±0,0023
Соната	0,0509±0,0041
Новатор	0,0500±0,0039
Кубань	0,0500±0,0026
Славянец	0,0497±0,0031
Баракат	0,0492±0,0036
КазНИИР 5	0,0484±0,0033
62-09	0,0482±0,0025
Лидер	0,0474±0,0034
Ақдала	0,0464±0,0041
Опытное	0,0449±0,0026
Янтарь	0,0448±0,0028
Виолетта	0,0443±0,0038
Атлант	0,0439±0,0034
Виола	0,0418±0,0038
Чапсари	0,0372±0,0045

Осыған орай, зерттеу жұмысында Ресей, Өзбекстан және еліміздің коллекциясында бар күріш сорттарына тұзға төзімділігі бойынша скрининг жүргізілді. Зерттеу нәтижелерінен хлоридті тұздану жағдайында жалпы биомассаның жинақталуы бойынша Анаит, Лиман, Дарий 23, Курчанка ең жоғары көрсеткіштермен сипатталғаны анықталды.

Орташа көрсеткіштермен: Фишт, Маржан, Пак Ли, Регул, ВНИИР 10178, Бақанас, Мадина, Ару, ВНИИР 10173, Соната, Новатор, Кубань, Славянец, Баракат сорттары сипатталды. Зерттеуге алынған келесі сорттардың тұзға төзімділігі төмен болды: КазНИИР 5, 62-09, Лидер, Ақдала, Опытное, Янтарь, Виолетта, Атлант, Виола, Чапсари.



Сурет 28- Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Анаит және Курчанка сорттарының өскіндері



Сурет 29- Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Баканас, Кубань3 және Мадина сорттарының өскіндері




Сурет 30- Зертханалық жағдайда өсірілген тұзды ортадағы Новаторжәне Янтарь сорттарының өскіндері


Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелерден зерттеуге алынған материалдарды тұзға төзімділігі бойынша үш топқа бөлуге болады:

- 1) тұзға төзімділігі жоғары;
- 2) тұзға төзімділігі орташа;
- 3) тұзға төзімділігі төмен.

Тұзды ортада биомассаның жинақтару параметрлері ,ойынша кластерлік талдау “*Past*” бағдарламасы көмегімен жүргізілді.



Сурет 31- Тұзға төзімділігі төмен күріш сорттарын зертханалық жағдайдағы өсуі



Сурет 32- Тұзды ортада жалпы биомассаның жинақталу көрсеткіштері бойынша жүргізілген кластерлік талдау нәтижелері

Кластерлік талдау жұмыстары тұзға төзімділігі бойынша зерттеу материалдарын екі топқа жіктеді. Тұзға төзімділігі жоғары топтарға Анаит, Лиман, Дарий 23 және Курчанка сорттары кірді. Қалған зерттеу материалдары екінші топқа жатқызылды. Екінші топ екі субкластерге жіктелді. Төзімділігі орташа материалдар екінші топтың бірінші субкластеріне (Фишт, Маржан, ПакЛи, Регул, ВНИИР 10178, Бақанас, Мадина, Ару, ВНИИР 10173, Соната, Новатор, Кубань, Славянец, Баракат) жіктелді, ал төзімділігі төмен сорттар екінші субкластерге жіктелді (КазНИИР 5, 62-09, Лидер, Ақдала, Опытное, Янтарь, Виолетта, Атлант, Виола, Чапсары).

Қорытынды

Алынған нәтижелерді қорыта айтқанда, тұзды стресс жағдайында биомассаның жинақталуы бойынша жоғары көрсеткіштермен сипатталған Анаит, Лиман, Дарий, Курчанка сорттарын тұзға төзімділігі жоғары отандық жаңа сорттарды шығаруда күріш селекциясында кеңінен қолдануға болады.

Әдебиеттер

1 *Гринин А.Л.* Устойчивость растений горчицы к засолению и возможная роль пролина // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата биологических наук. Москва – 2010.- С.3.

2 *Delauney A.J. Verma DPS* // Proline biosynthesis and osmoregulation in plants. Plant Jour. 1993. №4. P. 215-223.

3 *Епринцев А.Т., Солодилова О.С., Хожжаинова Г.Н.* Роль свободных аминокислот в адаптивной реакции кукурузы в условиях солевого стресса // Вестник ВГУ. Серия. Химия. Биология. Фармация. 2003. №2. С. 132-135.

4 *Шевякова Н. И.* Метаболизм и физиологическая роль пролина в растениях при водном и солевом стрессе.//Физиология растений, - 1983., Т. 30. Вып. 4, - с. 768-781.

ӘОЖ 681. 35. 03

Шалауова Ж.Д., Асылова Р. Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЭКОФЕРМАЛАРДА ӨСІРУДІҢ АГРОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Қолданбалы маңызы бар дәрілік өсімдіктердің құнды түрлерін егіс -тікке енгізіп, жеке шаруашылық қожалықтарда дәрілік өсімдіктер экофермаларын ұйымдастыруды дамытуда өсіру технологиясының элементтерінің ерекшеліктері зерттелген.

Кілт сөздер: Флора, генофонд, коллекция, ассортименттер, фитошикізат.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында дәрілік шикізат өндірісін тұрақты жолға қоюға үлкен мүмкіншілік бар. Өйткені мұнда дәрілік өсімдіктердің табиғи флорасы алуан түрлі, бірақ кейінгі жылдары дәрілік фитошикізаттарды жаппай дұрыс жинамау нәтижесінде көпшілік бағалы фитоценоздар тоқырап, 300-ден астам дәрілік өсімдіктер түрлері жойылып кету қаупі туындап отыр [1].

Сондықтан, дәрілік өсімдіктердің құнды түрлерін жоғалтып алмас үшін оларды егістікке енгізіп, жеке шаруашылық қожалықтарда дәрілік өсімдіктер экофермаларын ұйымдастыру өзекті мәселелер қатарына жатады.

Еліміздің ерекше эколого-географиялық алуан түрлілігін, әртүрлі дәрілік өсімдіктерді өсіруге қолайлылығын пайдалана отырып фармацевтикалық фабрикалар мен зауыттарды фитошикізаттармен қамтамасыз ететін дәрілік өсімдіктерді өсіріп, халықты арзан дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге болады.

Дәрілік өсімдіктердің генофондтарын сақтау және құнды түрлерін анықтап, оларды егістікке енгізу мақсаттары қойылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.10.2002ж №1294 қаулысымен бекітілген «Фитопрепараттарды жасау мен оларды өндіріске енгізу және Республика халқын, медициналық мекемелерді отандық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» мақсатты бағдарламасы (Ц0075), дәрілік өсімдіктерді егістікке енгізу, олардың селекциясы мен тұқым шаруашылығы деген тапсырма бойынша 2005 жылдан бастап Ж.Ш.Қ «Раусиб» ҚР БҒМ-нің фитохимия институтымен бірге дәрілік өсімдіктерді таңдап алу мақсатында, олардың коллекциясын құрып, өндіріске енгізу үшін іріктеп-сұрыптап мол өнімді, дәрілік әсерлі заттары көп түрлерін шаруашылықта өсіріп, экологиялық таза кешенді агротехнологиясын зерттедік.

Келешекте дәрілік өсімдіктерге альтернативті орғано-биологиялық агроэкожүйе пайдалану нәтижесінде агроэкофермаларда фитошикізаттар өндіруді кең көлемде таратып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға себіміз тисе, алға қойған бағдарламаның мақсаты орындалғаны деп білеміз.

Материалдар мен әдістер

Қазақтың егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми орталығында, дәрілік өсімдік бөлімінде және Ж. Ш. Қ. «Раусиб» соңғы жылдардың ішінде көшеттеме питомнигінде 360 дәрілік өсімдіктер түрлері сынақтан өтті, оның 72 ботаникалық тұқымдас түрлері іріктеліп алынды [2]. Көшеттемелік сұрыптау питомнигінде, дәрілік маңызы жоғары, тұқымнан, тамырлары арқылы немесе қосалқы тамырлары арқылы көбейетін табиғи дәрілік өсімдіктер шоғырланған. Олардың биологиялық қасиеттері мұқият ескеріледі, өйткені оларды айқасып тозаңданудан сақтау үшін, шахматты кереге көздеп, биік бойлы өсімдіктермен қалқалап орналастырады. Ондай қалқа өсімдіктерге: фенхел, базилик, биік аңдыз және басқалар жатады.

Экологиялық таза дәрілік фитошикізатын алу мақсатында 6-танапты дәрілік ауыспалы егіс енгізуге болатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденді. Ауыспалы егіс кестесі төмендегідей: арпа + жоңышқа, жоңышқа, жоңышқа, күздік бидай, екі жыл қатарынан дәрілік өсімдіктер өсіріледі. Жоңышқа көпжылдық бұршақ тұқымдас өсімдік болғандықтан оның тамырында түйнек бактериясы болады, ол атмосфера ауасынан бос азотты жинап, топырақтың құнарлылығын арттырады [3]. Дәрілік өсімдіктерге тікелей минералды тыңайтқыштар берілмейді және арамшөптерге қарсы гербицидтер қолданылмайды. Қосымша минералды тыңайтқыштарды, тек қана ауыспалы егістің алдыңғы танаптарына беруге болады.

Көпшілік дәрілік өсімдіктер ассортименттерін өсіруге Іле Алатауының тау бөктері өте қолайлы деп есептейміз. Бұл өңірде экологиялық таза фитошикізаттарын өндіруге және дәрілік өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін қалпына келтіру мақсатында қорықтар мен питомниктер және экофермалар құру қажет.

Бұрынғы кеңестер одағында дәрілік өсімдіктерді өсірумен колхоздар мен совхоздар айналысқан, барлығы 19 мамандандырылған шаруашылықтарда 100 мың гектардан артық жерге өсірген.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талдау

Біздің елімізде Қарағанды облысының Бұхар-жырау әкімшілігінде Березняки ауылда 530 га, Алматы облысының Қарасай ауданында Алмалыбақ ауылында 14 га, Улан – 5 га, Қошмамбетте – 2 га дәрілік өсімдіктер өсіріледі.

Кешенді агротехникалық жүйелер қолдану нәтижесінде дәрілік өсімдіктердің өнімі жоғары және тұрақты болатындығы тәжірибеде дәлелденді.

Іріктелініп алынған 12 перспективті дәрілік өсімдіктер түрлерін экофермаларда өсіруге болады. Олар егістікте жақсы өсіп дамиды, пісіп-жетілу фазаларына жетіп, кейбір түрлерін екі рет орып жинауға болады. Дәрілік түймедақтың гүл шоғырын 3-4 рет, ал дәрілік календуланы 20 рет жинап, кептіріп фитошикізат ретінде пайдаланады.

Өндіріске енгізуге болатын дәрілік өсімдіктердің түрлерінің жеке өсіру технологиясының элементтерінің ерекшеліктері зерттелді (1 - кесте).

Кесте 1 – Дәрілік өсімдіктерді өсіру технологиясының элементтері.

Аттары	Егіс ауданы, га	Тұқым себу мерзімі	Егіс нормасы, кг/га	Тұқым сіңіру тереңдігі, см	Жинау саны, рет	1 га-дан алынатын өнім, ц
Дәрілік түймедақ	1,5	Күзде, көктемде	2-3	5	3-4	11,2
Бұрыш жалбыз	1,2	көктем	8	0,5	2	24,6
Дәрілік мелисса	1,2	көктем	8	3-5	2	30,4
Дәрілік календула	1,1	көктем	10,0	2-3	20,0	12,5
Дәрілік валериана	0,01	Қыс аяғы, көктем	2-2,5	2-3	1 тамыры	10,3
Бестармақты сасықшөп	0,02	Ерте көктем	7-8	1-1,5	2	20,5
Күнгірт эхинацея	0,02	Қыс аяғы, көктем	2-3	1-1,5	1	7,9
Кәдімгі түймешетен	0,1	күзде	3-4	2-3	1	12,0
Биік андыз	0,2	Қыс аяғы	2,0	1-1,5	1 тамыры	1-10,0
Кәдімгі ақбас жусан	0,03	күзде	2,5	0,5	2	14,0
1 – кесте жалғасы						
Үштармақ итошаған	0,06	Күзде, көктем	8-10	0,5	1	5,0
Шілтер жапырақты шалқурай	0,2	Қыс аяғы, ерте көктем	3-4	2,5-3 сіңірусіз	2	25,0

1 – кестеден дәрілік өсімдіктерді көктемде, күзде, ерте көктемде, қыс алдында себуге болатындығын көреміз. Тұқым себу мөлшері 2,0-ден 10 кг гектарына, тұқым сіңіру тереңдігі 0,5-тен 3см, фитошикізат ретінде гүлшоғыры, сабағы, жапырағы мен тамыры жиналады.

Дәрілік өсімдіктер өнімін көтеру және дәрілік шикізат сапасын жақсартуда өсірілетін дәрілік дақылдардың табиғи, тектілік қасиеттерінің маңызы зор. Сондықтан, келешекте селекциялық сорттарды шығару, іріктеу және экофермаларды тұқымдармен, отырғызу көшеттермен қамтамасыз ету – ғылыми-зерттеу институттары мен дәрілік өсімдіктер бойынша жаңа құрылымдардың негізгі міндеті.

Республика ауылшаруашылығын жаппай жекешелендіруге шаруа қожалықтарының құрылуына байланысты ХХІ ғасырда 8 – экологиялық ауылшаруашылық өндірісін құрудың уақыты келді және ол келешекте көп салалы ауылшаруашылығының экономикасын дамытуда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Қорытынды

Елімізде жалпы экономиканы көтеру үшін, жеке шаруашылық қожалықтарда дәстүрлі дақылдармен бірге қосымша дәрілік өсімдіктерді де өсіру қажет және сол арқылы фитошикізат өндірісін жаңа жолға қою қажет. Сонымен қатар, дәрілік шөптерді өсіру үшін экофермалар құру, дәрілік өсімдіктерді өсірудің технологиялық тәсілдерін, келешектік

түрлерін анықтау, популяцияларды іріктеу, өсу орнының жаңа жағдайларына бейімдеу және дәрілік өсімдіктердің селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту қажет. Экофермалар шикізат өндірісі және денсаулық мекемелер мен республика халқын отандық дәрілермен қамтамасыз етудің маңызды құралы болып саналады[4].

Республикада дәрі шикізатын жаппай өндіру және экофермаларда дәрілік өсімдіктерді өсірудің жаңа технологиясымен, сондай-ақ тұқымдарымен қамтамасыз ету, фитошикізаттың өнеркәсіптік өндірісі үшін дәрілік өсімдіктердің келешектік формаларын іріктеп алуды ғылыми жолға қою кезек күттірмейтін мәселелер болып саналады.

Әдебиеттер

1. *Кукенов М.К., Рахимов К.Д.* и др. Лекарственные растения Казахстана и их использование. Алматы, 1996.
2. *Рахимов К.Д., Сатыбалдиева Ж.А., Суходоева Г.С., Адекенов С.М., Тулемисова К.А.* Руководство по работе с лекарственными растениями. Алматы, 1999.
3. *Байракимов С.И., Имангазиева Б.С., Асылова Р.Н.* Разработка экологически чистых технологий выращивания лекарственных растений для получения фитосырья. «Поиск» Научный журнал Министерства образования и науки. Алматы, № 2, 2012.
4. *Байракимов С.И., Имангазиева Б.С., Асылова Р.Н.* Интродукция и отбор лекарственных растений для введения в культуру. «Поиск» Научный журнал Министерства образования и науки. Алматы, № 2, 2012.

«ВЕТЕРИНАРИЯ» СЕКЦИЯСЫ

УДК 619:616.9

Акшалова П., Шабдарбаева Г.С.

Казахский национальный аграрный университет

РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ОПИСТОРХОЗ*

Аннотация

В статье приведены результаты исследования рыбы семейства карповых Акмолинской области, на наличие личинок (метацеркарий) описторхов с целью изучения распространенности зоонозного гельминтоза – описторхоза и характера биотопа этой болезни.

Ключевые слова: Описторхоз, церкарий, метацеркарий, компрессорный метод, природно-очаговое заболевание, эпизоотическая цепь, девастация, эпизоотическая и эпидемиологическая ситуация.

Введение

Основание выбора направления исследований - сложная эпизоотическая ситуация по природно-очаговым зоонозным гельминтозам в Казахстане и потребность в переходе на современные методы анализа природных очагов гельминтозов в соответствии с рекомендациями международных организаций (МЭБ, ФАО, ВОЗ) [1, 2].

В Казахстане гельминтозы имеют свои эпизоотологические особенности, обусловленные специфическими природно-климатическими и социально-экономическими условиями. Практически вся территория - благоприятна для массового распространения гельминтов, в том числе, приуроченных к природным очагам. Природно-очаговыми называются болезни, связанные с комплексом природных условий. Они существуют в определенных биогеоценозах независимо от человека и для их поддержания важное значение имеют трофические связи [3, 4]. Сведения о характере природного очага того или иного гельминтоза, в частности описторхоза, о его составляющих компонентах являются важным параметром для оценки и интерпретации проявления эпизоотического процесса, эпидемиологической ситуации и планирования санитарных и ветеринарных мероприятий.

Мировой опыт показывает, что установление уровня заболеваемости гельминтозами животных позволяет оценить степень угрозы их для человека [4]. Это положение можно полностью отнести к опасному для человека гельминтозу – описторхозу.

Описторхоз (*Opisthorchosis*) – это природно-очаговое, антропозоонозное, трематодозное заболевание плотоядных и человека, характеризуется поражением печени, проявляется исхуданием, интоксикацией, циррозом печени. Восприимчивы собаки, кошки, лисы, песцы, норки, соболи, куницы и другие плотоядные, а также свиней и человека, вызываемая трематодой *Opisthorchis felinus* (кошачья двуустка, сибирский сосальщик), паразитирующей в желчных протоках печени, поджелудочной железе и желчном пузыре. Рыба семейства карповых является основным источником заражения человека и животных описторхозом [5,6]. По данным Бронштейна А.М. трематодами печени, относящимися к семейству *Opisthorchiidae* (*Opisthorchis felinus*, *Opisthorchis viverrini*, *Clonorchis sinensis*) поражено около 17 млн. человек, а риску заражения подвержено около 350 млн. человек, проживающих в 13 странах. Эта группа представляет особую опасность ввиду длительных сроков жизни в организме хозяев. Например, имеются данные, что описторх может прожить в организме человека от 6-7 до 20-40 лет, поэтому такой гельминтоз не имеет тенденцию к

самоизлечению. В СНГ и Казахстане отмечен рост заболеваемости людей описторхозом в 11,3 раза. Из Государственного доклада о ситуации в Казахстане следует, что по стране эпидемиологическая ситуация по паразитозам создает угрозу здоровью населения. Заражение человека происходит при недостаточной ветеринарно-санитарной экспертизе рыбы и употреблении в пищу плохо проваренной или прожаренной рыбы. Высокая зараженность промысловых рыб описторхами способствовала широкому распространению этой инвазии среди населения нашей страны. Случаи заболевания людей описторхозом отмечены на 9 административных территориях. Ежегодно в Казахстане отмечается от 1200 до 1700 случаев описторхоза, показатель заболеваемости по республике составил 7,0-11,0 на 100 тысяч населения. Наиболее высокая заболеваемость людей описторхозом отмечена в Павлодарской области (91-106 на 100 тысяч населения); г. Астана (25-40 на 100 тыс. населения); в Западно-Казахстанской области (17-22 на 100 тыс. населения). На эти территории приходится 82 -84% всей заболеваемости [3, 4] (рисунок 1).




Рисунок 1. Распространение зоонозных гельминтозов в Казахстане
(Примечание: желтой звездочкой помечен описторхоз человека)

Материалы и методы исследований

Исследования проводились в лаборатории «Противопаразитарной биотехнологии» КазНАУ.

Так как в цикле развития описторхов и в эпизоотической цепи этой болезни участвуют 3 хозяина: definitive (плотоядные и человек), промежуточный (водные моллюски) и дополнительный (рыбы семейства карповых), для нас представляла большой интерес степень зараженности всех трех хозяев. Мониторинг зараженности плотоядных, которые являются основными источниками инвазии, проводили на основании анализа статистических данных отдела паразитологии Республиканской ветеринарной лаборатории г.Астаны за 2014-2015 гг., а также на ветеринарных отчетностях ветеринарных лечебниц г.Алматы. Мониторинг заболеваемости зоонозными гельминтозами среди населения проводили на основании статистических данных отдела паразитологии РКП «НПЦ санэпидэкспертизы и мониторинга» Министерства Здравоохранения РК, г.Алматы за 2014-2015 г. Во время экспедиционных выездов исследовали дополнительных хозяев описторхов - рыб на наличие личинок описторхов – метацеркариев. Основным методом исследования рыбы – компрессионный, который и использовался в наших исследованиях [6]. Материалом для

исследований служила рыба, отловленная в реках Нура и Есиль, а также приобретенная на стихийных рынках бли г. Астана.

Результаты исследований и их обсуждение

Важное значение в оценке эпидемиологической ситуации имеет анализ паразитарной заболеваемости населения в разрезе нозологий, т.е. определение нозологического профиля в регионе. Исследования нозологического профиля проводили, распределив гельминтозы по систематическому принципу. По отдельности проводили анализ по группам гельминтозов: трематодозы, цестодозы и нематодозы.

Анализ паразитарных болезней в разрезе нозологии среди трематодозов показал значительную заболеваемость населения опасным природно-очаговым заболеванием – описторхозом. Наиболее неблагополучна Павлодарская область, где в 2014 г. было зарегистрировано 532 случая и в 2015 г. – 451 случай. Имеет место тенденция к небольшому снижению заболеваемости. На втором месте находится Астана (127 и 124 случая). Далее по уменьшению идет Западно-Казахстанская (107 и 96 случаев), затем Костанайская (59 и 69 случаев) и Акмолинская области (52 и 58 случаев). Все указанные регионы являются стационарно неблагополучными по описторхозу, на их территории официально зарегистрированы природные очаги описторхоза: Обь-Иртышский (самый крупный) и Ирғиз-Турғайский (Таблица 1).

Таблица 1 – Заболеваемость населения описторхозом по регионам (по данным отдела паразитологии РГКП «НПЦ санэпидэкспертизы и мониторинга» МЗ РК)

Области, регионы	Описторхоз		
	2013	2014	Рост/сниж. %
Акмолинская	52	58	+6
Алматинская	1	0	0
Атырауская	0	0	0
Актюбинская	3	2	-1
Восточно-Казахстанская	22	18	-4
Жамбылская	1	0	0
Западно-Казахстанская	107	96	-10
Карагандинская	38	28	-10
Костанайская	59	69	+10
Кызылординская	0	0	0
Мангистауская	0	0	0
Павлодарская	532	451	+16
Северо-Казахстанская	24	18	-6
Южно-Казахстанская	0	0	0
г. Астана	127	124	-3
г. Алматы	1	0	0
РК	967	864	-10,7

Приведенные выше данные по заболеваемости населения описторхозом вызывают тревогу у эпидемиологов. Поскольку животные являются основными источниками заражения людей, знание эпизоотологической ситуации и улучшение ситуации по гельминтозам среди животных позитивно повлияет на уровень заболеваемости людей, что имеет огромный социальный спрос. Эпизоотическая ситуация по гельминтозам животных в разрезе областных филиалов и регионов приведены в таблице 2.

Таблица 2 – Сводные данные по гельминтозам животных за 2014 – 2015 годы в разрезе филиалов и Центрального филиала РГП «РВЛ» (по данным РВЛ)

Области Казахстана	Проведено исследований на гельминтозы	Дали положительный результат	
		Кол-во	%
Акмолинский областной филиал	17254	344	1,99
Алматинский региональный филиал	7	2	28,60
Актюбинский областной филиал	4319	436	10,09
Атырауский областной филиал			
Восточно-Казахстанский обл. филиал	19476	845	4,33
Северо-Казахстанский обл. филиал	7257	439	6,04
Южно-Казахстанский областной филиал	38	28	73,68
Западно-Казахстанский обл. филиал	3261	92	2,82
Карагандинский областной филиал	16294	155	0,95
Кызылординский областной филиал	213	12	5,63
Костайский областной филиал	59756	1652	2,76
Жамбылский областной филиал	14	11	78,57
Жезгазганский региональный филиал	1	1	100,0
Мангистауский областной филиал			
Павлодарский областной филиал			
Талдыкорганский региональный филиал	1	1	100,0
Семейский областной филиал	4134	273	6,60
Центральный филиал РГП «РВЛ»	26605	1530	5,75
ВСЕГО по республике:	158630	5821	3,67

В последние годы увеличение количества домашних плотоядных в таких крупных городах, как Алматы и Астана, способствует распространению зоонозных гельминтозов. В городах, неблагополучных по описторхозу регионов, особый интерес вызывает зараженность плотоядных описторхами. Отсюда изучение эпизоотологической ситуации по гельминтозам собак является не только актуальной проблемой, но и практически необходимо. Исследования проводили в 4-х филиалах ветеринарной клиники «У Лукоморья». Сводные данные приведены в таблице 3.

Таблица 3 – Сводные данные о зоонозных паразитах плотоядных по всем подразделениям ветеринарной клиники «У Лукоморья» за 9 месяцев 2015 года

Наименование гельминтоза	Месяцы:									Общее кол-во за 9 мес.
	январ.	февр	март	апр	май	июнь	июль	авг	сент	
Аскаридоз*	9	5	11	5	8	8	7	7	10	70
Токсокароз*	4	2	4	9	5	2	7	1	4	38
Токсаскаридоз			1		1				2	4
Цестодоз	1	3	1	2	1	1	2	1	1	13
Описторхоз**			1			1				2
Анкилостомоз*	1	1	1	1	1	1		1		7
Остертагии	1		1	1			1		1	5
Дирофиляриоз*		1					2			3

Дипилидиоз	2	4	2	2	1	3	2	1	2	19
Эхинококкоз*						2		1		3
Альвеококкоз*				1				1		2
Трихинеллез*										-
Всего:	18	16	22	21	17	18	21	13	20	166
Примечание: * - помечены гельминтозы, общие для человека и собак; ** - помечен описторхоз										

Из таблицы 3 видно, что зараженность плотоядных небольшая, зарегистрировано всего 2 случая. Но так как Алматы считается благополучным регионом по описторхозу, считаем, что полученные данные достоверны. Естественно, обстановка по описторхозу плотоядных в городах, неблагополучных по данному заболеванию регионам, представляет особый интерес и исследования в этих регионах будут продолжены в рамках данного проекта.

В связи с тем, что основным источником заражения человека и плотоядных является рыба, считаем, что определение поражения рыб семейства карповых личинками описторхов вносит определенный вклад в уточнение эпизоотологической и эпидемиологической ситуации в регионе. Исследования рыб на зараженность личинками описторхов в неблагополучном регионе – в Акмолинской области проводили компрессионным методом. Дифференцировали метацеркарии описторхов от личиночных форм других гельминтов – дифиллоботрий. Всего исследовано 80 рыб (Рисунки 2,3,4,5).



Рисунки 2, 3, 4, 5. Исследование рыб на наличие метацеркарий описторхов

При просмотре срезов из спинных мышц встречались личинки 1-ой стадии – церкарии, и личинки 2-ой стадии, т.е. инвазионные личинки описторхов – метацеркарии. Церкарии располагались, в основном, в мускулатуре рыб (главным образом, в поверхностных слоях спины), реже в плавниках, жабрах. Метацеркарии располагались в более поверхностных слоях спинных мышц. Размеры освобожденных метацеркариев колебались в пределах 0,44-1,36 x 0,15-0,3 мм. У них были хорошо видны 2 присоски и экскреторный пузырек округлой формы, заполненный черными гранулами. Под микроскопом наблюдали движение и переливание жидкой части личинки. При анализе степени пораженности исследованной рыбы метацеркариями описторхов, была отмечена наибольшая зараженность у более взрослой рыбы.

Из исследованных 80 особей метацеркарии описторхов были обнаружены у 39, что составило 48,7%, т.е. экстенсивность инвазии (ЭИ) составила 48,7%. Интенсивность инвазии (ИИ) колебалась от единичных экземпляров до 7-8-16 экземпляров на одну особь. Результаты приведены в таблице 4.

Таблица 4 – Пораженность рыбы описторхами

№	Вид рыбы	Количество исследованных особей	Поражено метацеркариями описторхов		Интенсивность инвазии (ИИ), экз.
			Количество	%	
	Карп	39	18	46,1	8-14
	Язь	25	16	64	7-16
	Карась	16	5	31,2	2-4
	Всего:	80	39	48,7	

Из таблицы 4 видно, что наибольшая пораженность метацеркариями описторхов отмечена у язей и составила 64% от числа исследованных. Интенсивность инвазии (ИИ) колебалась у разных особей от 7 до 16 экз. На втором месте по пораженности были карпы, из 39 исследованных особей у 18 были обнаружены метацеркарии описторхов, что составило 46,1%. ИИ колебалась от 8 до 14 экз., что, в среднем, составило 11 экз./на 1 особь. Наименьшая пораженность отмечена у карасей, она составила 31,2% от числа обследованных особей. Интенсивность инвазии была также низкой, от 2 до 4 экз., в среднем, 3 экз./на 1 особь. Средняя зараженность рыб по всем исследованным видам составила 48,7%.

Выводы

Таким образом, из результатов исследований видно, что наиболее неблагополучна по описторхозу Павлодарская область, где в 2014 г. было зарегистрировано 532 случая и в 2015 г. – 451. На втором месте находится Астана с пригородами, в 2014 г. 127 случаев, а в 2015 году – 124. Изучение эпизоотической ситуации показало значительную зараженность их гельминтозами: от 100% (Талдыкорганский регион) до 78,57 – 28,7 % в южных областях что в среднем по республике составило - 3,67%. При исследовании рыб на описторхоз установлено, что наибольшая зараженность метацеркариями описторхов отмечена у язей (64%), затем у карпов (46,1%), самая низкая у карасей (31,2%). Проведенные исследования по зараженности рыб бассейна рек Акмолинской области вносят уточнение в эпизоотическую ситуацию по описторхозу и через это опосредованно в эпидемиологическую ситуацию. Также уточняют составляющие компоненты природного очага описторхоза и являются важным параметром для оценки и интерпретации проявления эпизоотического процесса и планирования мероприятий в указанном регионе.

Литература

1. Информационный бюллетень № 99 Всемирной организации здравоохранения, 2013.- июль [Электронный ресурс].–Режим доступа: [http://www.who.int/mediacentre / factsheets / fs099/ru/](http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs099/ru/)
2. Международные руководящие принципы техники безопасности ЮНЕП в области биотехнологии // ЮНЕП, 1995.- 39 с.
3. *Абдыбекова А.М., Токпан С.С., Абилдаева Р.А., Абдибаева А.А.* Методические указания по диагностике описторхоза рыб и плотоядных [Текст] / А.М. Абдыбекова, С.С. Токпан, Р.А. Абилдаева, А.А. Абдибаева.– Алматы, 2011. – 21 с.
4. *Амиреев С.А.* Эпидемиология. Частная эпидемиология: учебник. Том 2 [Текст] / С.А. Амиреев.- Алматы, 2002.- 693 с.
5. *Сидоров, Е.Г.* Природная очаговость описторхоза: монография [Текст] / Е.Г. Сидоров; АН КазССР; Ин-т зоологии.- Алма-Ата: Наука, 1983.- 240 с.
6. *Сидоров Е.Г.* Очаги описторхоза в Казахстане и профилактика заболевания: монография [Текст] / Е.Г. Сидоров.- Алматы: «Жания-Полиграф», 2011.- 63 с.
7. *Шабдарбаева Г.С., Абдыбекова А.М., Шапиева Ж.Ж.* Антропозоозы и меры их профилактики в Республике Казахстан: монография [Текст] / Г.С Шабдарбаева, А.М. Абдыбекова, Ж.Ж. Шапиева.- Алматы: «S-Принт», 2012.- 104 с.

Ақшалова П., Шабдарбаева Г.С.

ОПИСТОРХОЗДЫҢ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ*

Аңдатпа

Бұл мақалада Ақмола облысындағы тұқы балықтар тұқымдастарының балаңқұрт барлығына зерттеу нәтижелері көрсетілген, зооноздық гельминтоздың таралушылығы мен аурудың өзгешілігін зерделеу мақсатымен жүргізілген.

Кілт сөздер: Описторхоз, церкарий, метацеркарий, компрессорлық әдіс, эпизоотиялық тізбек, девастация, эпизоотиялық және эпидемиологиялық жағдай.

Akshalova P., Shabdarbayeva G.S.

RESULTS OF EXAMINATION FOR OPISTHORCHIS*

Annotation

The article contains results studies of fish of the carp family in Akmola region, for the presence of larvae (metacercariae) of opisthorchis to examine the prevalence of zoonotic a helminthiasis - opisthorchiasis biotope and nature of this disease.

Keywords: Opisthorchiasis, cercaria, metacercaria, compressor technique, epizootic situation, natural focus, naturofocal disease, natural anthropogenic hearth, zoonotic helminthosis

**Настоящая публикация сделана в рамках проекта №0115РК00730 «Эпизоотолого-эпидемиологический мониторинг природно-очаговых зоонозных гельминтозов в Казахстане и разработка комплексных мер контроля с использованием новых технологий», финансируемого МОН РК – Грантовое финансирование.*

УДК 619:616-07:636.1:612.32

Алманбет уулу Г., Айтматов М.Б., Токоев К.К.

Кыргызский национальный аграрный университет им. К. И. Скрябина.

Шұжықтардың түрлері өте көп, бүгінгі уақытқа дейін, олардың 200-ге жақын атаулары белгілі. Шұжық жасауға арналған шикізаттарды өңдеуге байланысты, шұжықтарды мынадай топтарға жіктейді: пісірілген, жартылай ысталған, шикілей-ысталған, пісіріп-ысталған ливерлік, диетикалық және ет-өсімдіктік. Одан басқа ерекше топқа ет-нан шұжық, қан шұжығы, студень, зельцтер, паштеттер кіреді. Шұжық қазіргі таңда сұранысқа ие тағам өнімдерінің бірі. Шұжықтың көптеген түрі белсенді жарнамалануда, сондықтан шұжық өнімдерін өндіруші кәсіпорындар бәсекеге қабілетті болуы үшін адам денсаулығына қауіп төндіретін және алыс шет елдерден келетін шұжық өнімдеріне әр түрлі тұрақтандырғыш заттар қосатыны белгілі болып отыр. Нарықта шұжық өнімдерін бәсекеге қабілетті етуі үшін бәрін салуда. Стандарт талабына сай шұжық өнімдерінде міндетті түрде сақтау мерзімі көрсетілген, ол ет комбинатында 4 тәуліктен аспауы керек. Жартылай ысталған шұжықтарды ұзақтау ұстауға болады, яғни температурасы 7-9⁰ болған жағдайда үш ай шамасында, ал температура 0-4⁰ болғанда бір айға дейін. Толық ысталған шұжықтарды 7-9⁰ температурада төрт айға дейін, ал температура 0-4⁰ болса, 30 күнге дейін сақталуы тиіс. Шұжықтар жоғары қоректілігіне және калориялығына байланысты тағамдық құндылығы өте жоғары өнім. Әр түрлі шұжықтар химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы бойынша өзара тепе-тең емес. Бірақ олардың барлығында ақуызды заттар, В тобы витаминдер, липидтер, макро-және микроэлементтер көп. Шұжықтардың тағамдық құндылығы бастапқы шикізат пен басқа ет өнімдерінің құндылығына қарағанда жоғары. Осы аталған талаптарға қаншалықты сай екеніне көз жеткізу үшін ақпараттар жинадық.

Ғылыми жұмыстың мақсаты

Күнделікті біз тұтынып жүрген шұжық өнімдеріне зертханалық тексеру жүргізе келе, алдыңғы қатарлы шұжық өнімін ұсыну, отандық және шетелдік шұжық өнімдерді салыстырып, сапалы шұжық өнімін анықтау.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Органолептикалық тексеру
2. Шұжықты техникалық-химиялық тексеруден өткізу
 - 2.1. Ылғалдылығын
 - 2.2. Тұз мөлшерін
 - 2.3. Нитритті
 - 2.4. Крахмалды анықтау
3. Бактериологиялық тексеру жүргізу
4. Жүргізілген зерттеу нәтижелерін салыстырып, қорытынды шығару.

Зерттеу жаңалығы

• Орал қаласындағы сауда орындарынан сұранысқа ие шұжық өнімдерінен сынама алынды.

- Шұжықтың үлгілері әр түрлі әдістермен зерттелініп, құрамы анықталды.
- Шұжық үлгілерінің МЕМ СТ талаптарына қаншалықты сай екендігі анықталды.

Зерттеу жұмысы

Ғылыми жұмыс Орал қаласындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Эпизоотология, паразитология және ветеринарлық- санитарлық сараптау» кафедрасында жүргізілді. Зерттеу жұмысымызға 4 түрлі шұжық өнімін алдық. Олар: ысталған Орал қаласында жасалған шұжық, пісірілген «Южная» шұжығы, сардельки және

пісіріліп – ысталған «Конская» шұжығы. Алынған үлгілерге органолептикалық, техникалық-химиялық, бактериологиялық зерттеу жүргізілді (сурет 1).

Материалдар мен әдістер

Тексерудің нәтижесі бойынша шұжықтың МС немесе ТШ талаптарына сәйкестігіне қорытынды жасау ережесі: Шұжық өнімдерінің түрлері мен сорттарына қарай, ылғалдылықтары әр түрлі болады, пісірілген шұжық, сосиска мен сарделькада 60-75%, жартылай ысталғанда 35-55%, шикілей ысталғанда 25-30%, пісіріп ысталғанда 38-43%. Шұжық өнімдері қабықтарын алып тастап, екі рет турағыштан, қайшымен де ұсақтауға болады. Тұздың мөлшері пісірілген шұжықта 1,5-3,5%, жартылай ысталғанда 2,5-4,5%, шикілей ысталғанда 3-6%, пісіріліп ысталғанда 3-5%, қақталған өнімдерінде 3-6% болуы керек. Нитриттің мөлшері пісіріліп-ысталған шұжықтарда, сондай-ақ қақталған өнімдерінің 100 грамында 5 мг, ал шикі ысталған шұжықта 3 мг - нан аспауы керек. Жаңа тілінген шұжық кесіндісінің үстінде 3-4 тамшы Люголь ертіндісін тамызады. Крахмал бар болса, тамшы тиген жер қара көк түске боялады.



Сурет 1 – Шұжықтарды зерттеу барысы

Зерттеу нәтижелері

Шұжық үлгілеріне органолептикалық зерттеу жүргізілді. (кесте 1).

Кесте 1 - Шұжықтарды органолептикалық зерттеу нәтижелері

Үлгі Көрсеткіштер	№1	№2	№3	№4
Атауы	Ысталған шұжық	Пісірілген «Южная» шұжығы	Сардельки	Пісіріліп ысталған конская шұжығы
Өндіруші	Орал қаласы, ЖШС «Жайық Ет»	Мәскеу қаласы	Орал қаласы, ИП «Махорин»	Орал қаласы, ЖШС «Ибрагим»
Құрамы	сиыр еті, сиыр майы, тұз, дәмдеуіш	Құс еті, шошқа терісі, бидай ұны, ұнтақ жармасы, су, нитритті тұз, сарымсақ, тұрақтандырғыш, натри	Қант, тұз, мускат жаңғағы, кардамон, бұрыш,	Жылқы еті, жылқы майы, тұз, дәмдеуіш

		й изоаскорбаты, лимон қышқылы, жұпар жаңғағы, қара бұрыш, заңзабіл, зире, күнзе, қыша, лимон, ет хош иісі, бойдана, куркума, балдыркөк, пияз, тағамдық бояғыш	(қара және хош иісті)	
Құндылығы	355 ккал	550 ккал	340 ккал	380 ккал
Дәмі, иісі Ақуыз (100г өнімде)	жағымды 13 г	жағымсыз 10 г	жағымды 15 г	жағымды 18,3 г
Түсі	қызыл	қара-сұр	ақшыл қызыл	қою қызыл
Консистенциясы	біркелкі, тығыз	жабысқақ	біркелкі, тығыз	біркелкі, тығыз

Нәтижелерді талдау

Нақты мәлімет алу үшін органолептикалық зерттеу аздық етті, сондықтан крахмалды, құрамындағы нитритті, бактериологиялық зерттеу жүргіздік (кесте 2). Бактериологиялық зерттеу үшін шұжық өнімдерін 1 жұма үй температурасында ұстап, шіріту процесін іске асырдық.

Кесте 2 - Шұжықтарды зертханалық зерттеу нәтижелері

Үлгі	№1	№2	№3	№4
Көрсеткіштер				
Ылғалдылық	28%	71%	59%	50%
Тұз мөлшері	2,5%	5,3%	3,5%	1,4%
Крахмал	-	+	-	-
Нитрит	210	448	253	261
Бактериологиялық зерттеу	-	+	-	+

Қорытынды

Зерттеу қорытындысы бойынша №1,3,4-ші үлгідегі шұжық өнімдері барлық талаптарға сай екенін байқадық. Шұжықтың үстіңгі қабатынан дайындалған жағындыны микроскоппен қарағанда 20-ға жуық микробмикроб табылса, терең қабаттарында бірлі-жарым ғана табылды. Аммиакпен күкіртті сутегі болмады, рН-тың мөлшері -5,0-6,8 шамасы. Шұжықтардың сапасы өте жоғары және айтарлықтай ақауы жоқ, таза, зиян келтіретін микроорганизмдер болмады. Шұжық өнімдерінің иісі өзіне тән хош иісті, дәмді және стандарт талабына сай келетін мөлшерде тұз, ылғал және нитрит болғанын байқадық. Ылғалдылық 60-75%, тұздың мөлшері пісірілген шұжықта 1,5-3,5%, крахмалды анықтау кезінде «Жайық Ет» өнеркәсіп өндіреті шұжықта тамшы тиген жер қара көк түске боялмады.

«Жайық Ет» ет өнімдері Орал қаласында 10 жылдан аса өндіріледі. Шұжық өнімдері линиясы ГПФИИР бағдарламасы бойынша жіберілді. Бұл жобаның концепциясы Еуропада жасалынған. Сондықтан бұл комбинат еуропалық жабдықтармен жабдықталған. Қазіргі таңда комбинатта 200-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Ал ет өнімдерінің 100-ге жуық

түрлері шығарылуда. Шикізат жергілікті кәсіпкерлерден алынады, себебі БҚО еті табиғи және экологиялық таза болып есептеледі. Ел таңдауы бойынша Орал өңірінде өндірілетін сиыр еті Қазақстан аумағындағы ең дәмді өнім болып келеді. Сондықтан біз өз таңдауымызды отандық өнімге, соның ішінде Орал қаласында өндірілетін «Жайық Ет» шұжығына бердік.

Әдебиеттер

1. *Боровков, М. Ф.* Ветеринарно-санитарная экспертиза с основами технологии и стандартизации продуктов животноводства / М. Ф. Боровков, Фролов В.П., Серко С.А. Санкт-Петербург-Москва-Краснодар, 2007.
2. *Житенко, П.В.* Ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов животноводства / Житенко П.В., Боровков М.Ф. – М.: Колос, 2000.
3. *Кухарская, А.Г. Ветеринария / А.Г. Кухарская, В.В. Сотников, А.В. Гиршов* - Алматы, 2013
4. Журнал "Мясные технологии" - Москва, 2016.

Аннотация

В статье приведены результаты ветеринарно-санитарной экспертизы колбасных изделий различных производителей. По результатам проведенных исследований высокие показатели оказались у колбас, произведенных ТОО "Жайық Ет" (ЗКО, г.Уральск), поэтому авторы рекомендуют употреблять колбасные изделия отечественных производителей.

Annotation

The results of veterinary and sanitary examination of sausages from different manufacturers. The results of the study were at high rates of sausages produced by LTD " Zhayik Et " (WKR, Uralsk), so the authors recommend eating sausages domestic manufacturers.

ӘОЖ 637.146.21

Қадыр А.Б., Талиева Э.Х., Жайлаубаева Г.А. Нурғалиев Б.Е.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

САУДА ОРЫНДАРЫНДА САТЫЛАТЫН АЙРАНДЫ
ВЕТЕРИНАРЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ САРАПТАУ ЖӘНЕ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада сауда орындарында сатылатын айранды ветеринарық-санитарлық сараптау нәтижелері жөнінде баяндалады.

Кілт сөздер: Айран, қышқыл сүт өнімдері, сезімдік тексеру, қышқылдылығын анықтау, айран сынағаларын зерттеу, айранның жалғандығын анықтау.

Кіріспе

Сүт және сүт өнімдері халқымыздың ежелден тұтынып келе жатқан ең бағалы және зор сұранысқа ие өнімдерінің бірі. Сүт – адамның тамақтануында маңызды орын алады, себебі оның құрамында амин қышқылдары, макро және микроэлементтер, витаминдер, ферменттер және т.б бар. Бұл заттар адам организміне жеңіл сіңеді. Сүт құрамындағы ақуыздардың құндылығы ерекше. Сүт – табиғаттың ең құнды өнімі, оны организм толық сіңіреді. Оның қоректік заттарын адам организмі 98-99% дейін пайдаланады [1].

Қышқыл сүт өнімдерін дайындау үшін барлық ауыл шаруашылық малдарының сүті пайдаланылады. Сүтті дәмі, иісі, консистенциясы, қышқылдылығы, тығыздығы және басқа көрсеткіштеріне қарап бағалайды. Қышқыл сүт өнімдерін дайындау үшін мемлекеттік ГОСТ 13-264-88 талаптарына сәйкес сүт пайдаланылады. Қышқыл сүт өнімдерін қалпына келтірілген құрғақ сүттен дайындауға болады [2].

ҚРСТ 982-95 Айран – сүтті айран саңырауқұлақтарының көмегімен аралас ашу (сүт қышқылды және спирттік) нәтижесінде дайындалған қышқыл сүт сусыны. Сүтті 90°C температурада пастерлеп, 20-25°C температураға дейін суытып, ашытқы қосады да шөлмектерге құйып 10-12 сағатқа термостатқа ұйытуға қояды. Ұйыту соңын қойыртпақ тығыздығы мен қышқылдығына қарап анықтайды. Дайын өнімді 36 сағат сақтайды [3].

Сүт қышқылды өнімдерді өндіру технологиясы – термостатты және резервуарлы тәсілмен дайындаған қышқыл сүт өнімдерінің қойыртпағы сұйықтау болады, сондықтан оларды пайдаланғанда еркімен ағады. Термостатты тәсілде қойыртпағы шыны ыдыста болады, сондықтан қою бөлігі бұзылмайды. Өнімдерді резервуарлы тәсілмен шығарудың маңызы – шикізатты қабылдап, пастерлегеннен кейін қойыртпақтың ұюы, дамуы резервуарда жүреді. Тек дайын өнімдерді шөлмектерге, қағаз қалталарға салады [4].

Айран иммундық жүйеге де жақсы әсерін тигізеді, әлсіздік пен ұйқы бұзылғанда жақсы әсер етеді. Айранда бактериялар мен саңырауқұлақтардан басқа витаминдер мен аминқышқылдар бар, сондықтан да балалардың өсіп-жетілуіне жақсы әсерін тигізеді. Оның құрамында сүтқышқылды болғандықтан шөлді басу үшін де пайдаланады [5].

Алғаш болып сүтқышқылды өнімдерді И.И.Мечников (1845-1916) зерттеген болатын. Ол бұл өнімдердің адам ағзасына қоректік маңыздылығын және қартаю үрдісіне қарсы маңыздылығын анықтады. Ғалымның пайымдауынша, адамның ішектерінде сүт бактерияларының (болгар таяқшасы) тіршілігі нәтижесінде шіріткіш микроорганизмдердің дамуына жол бермейтін орта түзіледі, ол микроорганизмдер ықпалымен тоқ ішектегі ақуыз, азық қалдықтары ағзаға зиянды болып табылатын органикалық улар (индол, скатол, т.б.) түзе отырып ыдырайды. Сондықтан И.И. Мечников шіріткіш микрофлораның тіршілігін баяулататын сүтқышқылды өнімдерді көбірек қолдануды ұсынады [6].

Сүт өнімдерінің нарықтағы жоғары бәсекелестігі жағдайында, тұтас сүт өнімдерінің дамуы, тұтынушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сақтау мерзімін ұзарту, сапасын жақсарту, тұтынушыны сақтау мерзімі ұзақ, кең ассортиментті сүт өнімдерімен қамтамасыз ету – экономикалық тұрғыдан тиімді және технологиялық процестерді жетілдіру негізінде жүзеге асады [7].

Айран салқын тиіп ауырған адамдар үшін жақсы ем. Айрандағы көмір қышқылды асқазанның кілегей қабығының тітіркенуінің күшеюін төмендетеді. Өзінің барлық қасиетімен сүтқышқылды өнім дәм сезу нерв жүйесін тітіркендіріп, тәбетті ашады, жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін реттеп, бүйрек пен ішектің жұмысын жақсартады. Тыныс жолдарындағы кілегейді бөліп, қақырық түсіреді [8].

Сүт өнімдерінің сапасы мен шығымы тек сүт құрамындағы компоненттердің мөлшеріне ғана емес, сонымен қатар сүттің физикалық-химиялық, технологиялық қасиеттеріне де байланысты [9].

Жоғары сапалы сүт өнімдерін дайындауда шикізат ретінде қолданылатын сүт физико-химиялық, органолептикалық, санитарлық көрсеткіштері бойынша МСТ-13264-70 талабына сай болуы шарт делінген. Сүт дені сау малдан алынған, таза, жағымды өзіне тән иісі мен дәмі, балауса, түсі ақтан ақшыл крем түстес, өзге дақтар мен түстерсіз, тығыздығы біртекті – 1.027кг/см³ болуы шарт. Азық дәмдері әсіресе пияз, сарымсақ дәмі бар сүттер өндіріске жіберілмейді, өйткені технологиялық өңдеуден соң олар кетпейді. Сүт құрамында химикаттар мен мұнай өнімдері, нейтролизациялайтын заттар қосылса, өндіріске жіберілмейді, өйткені олардың құрамында шіріткіш микрофлоралар көп болады [10].

Ақ және сары кефир саңырауқұлағы өнімге спецификалық қышқыл дәм береді. Олардың негізгі микрофлорасы сүтқышқылды таяқшалар, стрептакокктар, ашытқылардан тұрады. Олар кефирдің азықтық құндылығына әсер етеді. Сүтқышқылды стрептакокктар мен таяқшалар әсерінен сүтте сүтқышқылды ашу, ал ашытқылар әсерінен спиртті ашу болады. Осы процесс әсерінен сүттің құрамды элементтері өзгереді, әсіресе сүт қанты. Сүтқышқылы ішек микрофлорасына әсер етіп, шіріткіш бактериялардың дамуын тоқтатады [11].

Сүттің майлылық дәрежесіне байланысты кефир былай өндіріледі:

- Майлы – майлылық мөлшері 1; 2,5 және 3,2%.
- Майсыз – майсызданған сүттен алынған.

Айран консистенциясы біртекті, ұйытындысы бұзылған немесе бұзылмаған болу керек, 2,5% майлылықты жеміс – айраны үшін – сұйық, газ көпіршіктерінің болуы рұқсат етіледі. Айранның дәмі мен иісі таза, сүт қышқылды, сәл өткір, бөтен дәм мен иіссіз, ал жеміс-жидек айраны үшін-жеміс татымды болуы керек. Түсі – ақ немесе сәл кремді, жеміс-жидек айраны үшін жеміс-жидек сиропының түсі. Айран қышқылдылығы 75-120°Т, жеміс-жидек айраны үшін 85-110°Т, спирт мөлшері 0,6%. Айранды 8°С температурада 36 сағатқа дейін сақтайды. Базар жағдайында айранды көбінесе органолептикалық (түсі, дәмі, қоюлығы) тексеруден өткізеді, ал күдікті жағдайда оның қышқылдылығын, майлылығын тексереді және айран құрамында соданың бар-жоғын анықтайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу үшін Орал қаласының сауда орындарында сатылатын келесі үлгілер алынды:

- БҚО, Зеленов ауданы, Набережная ауылы «Валентина» ШҚ айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,5л;
- Орал қаласы, «Ақас» агрофирмасы айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,5л;
- Петропавл қаласы «Молпродукт» ЖШС айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,9л;
- Орал қаласы «Жастық» агрокешен айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,5 л;
- «айс» молочная компания айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,5 л;
- «Foodmaster» компаниясы айраны, майлылығы 2,5%, салмағы 0,5 л.

Сезімдік тексеру барысында айранның иісін, дәмін, түсін, консистенциясын анықтадық. Айранның түсін стаканға құйып, күндізгі жарықта қарау арқылы, ал иісін стаканға құйып иіскеу арқылы, өнімнің дәмін татып қарау арқылы анықтадық. Консистенциясын анықтағанда айранды дұрыстап шайқап, стаканға құйып, ағу біркелкілігіне, іртіктердің бар-жоқтығына назар аудару арқылы тексердік.

Айранның майлылығын анықтағанда таза, құрғақ май өлшегішті алып, оған үйлесімді тығынды дайындап болған соң, май өлшегіштің ішіне 10мл күкірт қышқылын автомат пипеткамен май өлшегішке құйып, оның үстіне 5мл айран құйдым да, бмл су қосып пипеткамен араластырдым және 1мл изоамил спиртіні қостым. Май өлшегішті резинка тығынмен тығындап, екі ұшынан ұстап ішіндегі зат толық араласқанша 2-3 рет жоғары төмен аудардым. Содан соң май өлшегішті тығынын төмен қаратып, 65°С су моншасында 5 минут ұстадым. Оны моншадан алып, центрифуганың ойықтарына жіңішке жағын жоғары қаратып, екі-екіден орналастырып, центрифуганы минутына 1000 айналым жылдамдықпен 5 минут айналдырдым. Содан соң май өлшегішті су моншасына 5 минуттай қойып алдым. Май өлшегішті алып, оның тығынын бұрай отырып, май бағанасының төменгі деңгейін үлкен бөлікке келтіріп, май бағанасының қай шкалада тұрғанын анықтадым.

Қышқылдылығын титрометрлік әдіс арқылы, яғни 150мл колбаға 10мл айран құйып, оған 20мл дистилденген су қосып үстіне фенолфталеиннің 1% спирттік ерітіндісінің 3 тамшысын тамыздым. Содан соң қоспаның үстіне сәл қызыл түсі 1 минут бойы жоғалмайтын болғанша бюреткадан сілтіні тамыза бердім. 10мл айранды бейтараптауға кеткен сілтінің санын 20-ға көбейтіп, Тернер градусы арқылы анықтадым.

Айранда сода бар-жоқтығын, яғни айранның жалғандығын пробиркаға 3мл айран құйып, сонша мөлшерде 0,2% розол қышқылының спирттік ерітіндісін қосып түсінің өзгергендігіне мән бере отырып анықтадым. Құрамында сода жоқ айран қызғылт сары түске

боялады, ал сода қосылған айранның түсі қызыл күрең тартады. Сынамаларың ешқайсысынан сода анықталмады.

Айран құрамындағы крахмалдың бар-жоғын анықтау үшін пробиркаға 3мл айран құйып, үстінен люголь ерітіндісін тамыздым. Кейін 1 және 3 сынаманың түсі қою жасыл түске айналып, ал 2 сынаманың түсі қызғылт сары түске енді. Зерттеу нәтижелері төменде кестелерде көрсетілген.

Кесте-1 Айран сынамаларын сезімдік зерттеу нәтижелері.

Сынамалар	Көрсеткіштер			
	түсі	иісі	дәмі	консистенциясы
“Валентина” ШҚ айраны	Ақ, айранға тән, біртекті	Сәл қышқылты, өзіне тән	Сәл қышқыл, жағымды, өзіне тән	Сұйықтау, біртекті, іртіктері жоқ
“Ақас” агрофирмасы айраны	Ақ, айранға тән, біртекті	Қышқыл, өзіне тән, жағымды	Өзіне тән, жағымды	Сұйық, ірілі-ұсақты ірітпектері бар
“Молпродукт” ЖШС айраны	Ақ, айранға тән, біртекті	Өзіне тән, жағымды	Жағымды, өзіне тән	Өте қою, біртекті, іртіктері жоқ
«Жастық» агрокешен айраны	Ақшыл крем түсті, өзіне тән	Өзіне тән, жағымды	Сәл қышқыл, өзіне тән	қою, біртекті, іртіктері жоқ
«айс» сүт компаниясы айраны	Ақ, айранға тән, біртекті	Өзіне тән, тәтті иісті	Өзіне тән, тәтті дәмді	Сұйық, біртекті, іртіктері жоқ
«Foodmaster» компаниясы айраны	Ақ, айранға тән, біртекті	Өзіне тән, сәл қышқылтым	Өзіне тән, сәл қышқыл	Біртекті, іртіктері жоқ

Кесте-2 Айран сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижелері.

Сынамалар	Көрсеткіштер			
	Майлылығы,%	Қышқылдылығы, °Т	Соданың болуы	Крахмалдың болуы
“Валентина” ШҚ айраны	2,5	120	-	+
“Ақас” агрофирмасы айраны	2,5	140	-	-
“Молпродукт” ЖШС айраны	2,5	120	-	+
«Жастық» агрокешен айраны	2,5	140	-	-
«айс» сүт компаниясы айраны	2,5	120	-	+
«Foodmaster» компаниясы айраны	2,5	110	-	-

Нәтижелерді талдау

Кесте-1-де көрсетілгендей сезімдік тексеру нәтижесі бойынша зерттелген 6 сынаманың ішінде “Ақас” агрофирмасы, “Молпродукт” ЖШС, «Жастық» агрокешен айраны дәмі мен консистенциясының қалыпты жағдайдан ауытқығаны, ветеринарлық санитарлық талаптарға

сай емес екендігі анықталды. Кесте-2-де көрсетілгендей зертханалық зерттеулер нәтижесінде алынған 6 үлгідегі айранның барлығының майлылығы қалыпты мөлшерде екені анықталды. Қышқылдылығы бойынша «Жастық» агрокешені және «Ақас» агрофирмасы дайындаған айран қышқылдылығы өте жоғары екендігі анықталды. Қышқылдығын анықтау барысында бұл айран сынамаларына сілті тамызу барысында қызғылт түс 2-3 минуттан аса уақыт тұрақсыз болған болатын. Сонымен қатар “Валентина” ШҚ, “Молпродукт” ЖШС, «айс» сүт компаниясы айранының құрамынан крахмал анықталған болатын.

Қорытынды

Сауда орындарында сатылатын айранды ветеринарлық-санитарлық сараптау және сапасын бағалау кезінде мынадай тоқтамға келдік, халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында айран өндірушілерге:

- «Валентина» ШҚ және «Молпродукт» ЖШС, «айс» сүт компаниясы өндірген өнімнің сапасын бақылауды, сонымен қоса крахмал қоспауды; “Валентина” шаруа қожалығына айранның сақтау мерзімі цифрларын анық көрсету және штрих кодын жазу;
- «Ақас» агрофирмасына, «Жастық» агрокешеніне стандартқа сай өнім өндіруді;
- Жоғары сапалы және адам денсаулығына пайдалы өнім алу мақсатында өндіріске сүт қабылдаған уақытта сүттің аурудан таза шаруашылықтардан алынуын, сүттің сапасы мен физикалық-химиялық қасиеттері ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес келетіндігін қадағалауды ұсынамыз.

Әдебиеттер

1. Әлімжанова Л. В. Сүт өнімі. –А.: 1998.
2. Криштафович В.И. Товароведение и экспертиза продовольственных товаров // Москва – 2010.
3. Шепель А. Ф., Кожухова. О. И. Товароведение и экспертиза продовольственных товаров: Учебное пособие. – Ростов – на –Дону: Издательский центр “Март”, 2001.
4. Тайбеков П. Е. Молоко и молочные продукты. – Алматы, 1986.
5. Брежной А. В. Кисломолочные напитки. // Молочная промышленность. – 2004.
6. Смагулов А. К. Технология и экспертиза качества молока и молочных продуктов. – Алматы: 2000.
7. Вековцев А. А. Потребительские свойства молочных продуктов. // Молочная промышленность. – 2005.
8. Барабанишников А. Л. Молочное дело. – М., 1993.
9. Тілеуғали Т., Қырықбайұлы С. Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы. –Алматы, 2007.
10. . Кузьмина В. А. Экспертиза качества молока и кисломолочных продуктов.–М: КолосС. – 2001.
11. Чекулева Л. В. Технология молока и молочных продуктов. – М.: Агропромиздат, 1991.

Аннотация

Ветеринарная-санитарная экспертиза кефира, продающиеся в торговых местах. Оценка качества и органолептическая проверка кефира. Лабораторные исследования и фальсификация кефира. Соблюдение соответствия требованию к упаковке и маркировке по ГОСТ-у.

Annotation

Veterinary sanitary expertise of yogurt and quality control. Sensory inspection of yogurt and research falsification. Compliance with the revelant requirements for packaging and labeling.

Қонай Г.Қ., Кенжебекова Ж.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ІРІ ҚАРА МАЛ ТЕЙЛЕРИОЗЫНЫҢ ПАТОЛОГИЯЛЫҚ МОРФОЛОГИЯСЫ

Андатпа

Ғылыми мақалада Жамбыл облысына қарасты жеке меншік мал шаруашылығынан өлім себебін анықтау мақсатында әкелінген 5 ірі қара мал, оның ішінде 3-і бұзау өлексесінің ішкі мүшелері қолданылып, тейлериоз кезінде болатын негізгі патологиялық морфологиялық өзгерістер нәтижелері берілді.

Кілт сөздер: ірі қара мал, тейлериоз, кене, патологиялық морфология, атония, гистологиялық зерттеу, гематоксилин-эозин

Кіріспе

Бүгінгі кезде республикамыздың мал шаруашылығы әр түрлі инвазиялы аурулардан, атап айтқанда, қан паразит ауруларының ішінде тейлериоздан көп зиян шегеді. Аурудың бұл түрі Қазақстанда, әсіресе оңтүстік облыстарда кеңінен тараған. Қазақстан Республикасында аудандар бойынша мүйізді ірі қара малдың тейлериозы үлкен шығынға әкеп соқтыруда. Мал иксод кенесінің шаққанынан ауруға шалдығады, қан арқылы шығатын бұл аурудың өлім – жітімі орта есеппен ересек малдарда 65-70%, ал төлдердің ішінде 80%-ды құрайды [1].

Тейлериоз ірі қарада жіті және жітілеу түрде өтетін, тейлерия туысына жататын қарапайымдылар қоздыратын протозооз ауруы [2].

Ауруға шалдыққан малдың сөл бездері үлкейеді, қызба, қаназдық белгілері байқалып, жүрек-қан тамыр жүйесінің және асқазан жолдарының қызметі бұзылуымен сипатталатын аса қауіпті ауру. Тейлерия мутанс паразитінің Қазақстанда өз алдына жеке кездесетін паразит емес, тек тейлерийдің зияны кемдеу, яғни тейлерия аннулятаның бір түрі екендігі байқалады [3, 4].

Бұл ауру тек қана кең таралғанымен ғана белгілі болмай, ауырған малдардың өлім-жетімге ұшырауының көптігімен, буаз сиырлардың түсік тастауымен, қысыр қалуымен, сауын сиырлардың сүтінің азаюымен, малдың азып тозуымен, емдеуге және бағып күтуге кететін шығындардың көптігімен, малдардың аурудан жазылғанының өзінде оңалуының қиындылығымен, яғни жалпы мал шаруашылығына өте үлкен зияндылығымен сипатталады [5].

Тейлериоз ауруын емдеуде біршама басылымдарда арнайы химиопрепараттар жоқ және патологиялық морфологиялық зерттеулер аз немесе жоқтың қасы деп жазылған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстарының шаруашылықтарында қан паразит ауруларына жыл сайын 10-12 мың ірі қара және қой шалдығады [6]. Оның кемінде бестен бірі өлім-жітімге ұшырайды, лажсыздан сойылады. Сонымен қатар, ауырған малдың қоңы кетіп, өнімділігі төмендейді, ал қайсы біреуі қысыр қалады. Соның бірі тейлериоз ауруы малдың тұқымдық сапасын жақсарту жолында үлкен қиындықтарға душар етеді. Бүгінгі шаруашылықтардағы өндірістік талдау дәлелдері басым көпшілігінде тейлериоз ауруына қарсы күрес шаралары тыңғылықты жүргізілмейді. Әрине, тейлериоз ауруын дұрыс емдеу қарсы қолданылатын шаралардың маңызды түріне жатады, алайда тек емдеу арқылы қан паразит ауруларын жою мәселесін шешуге болмайтындығы ғылыми тәжірибе нәтижелері дәлелдеді. Демек, бұл ауруларға қарсы күресе білу, нақты шаралар қолдану арқылы олардың дамуына, тарауына жол бермеу, сондай-ақ сапалы жем-шөп қорын жасап, малдың күтімін арттыру – алда тұрған келесі міндеттердің бірі.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми жұмыс Қазақ ұлттық аграрлық университетінің биологиялық қауіпсіздік кафедрасында жүргізілді. Материалдар Жамбыл облысының кейбір шаруашылықтарының меншігінде болған табиғи жағдайда тейлерхозға шалдығып өлген барлығы 5 ірі қара малдан (оның ішінде 3-і бұзау) алынды. Олардың жастары әртүрлі жаста болды. Мал иелерінен сиырлардың шығынға ұшырау себептерін айқындау мақсатында университеттің биологиялық қауіпсіздік кафедрасына алып келген ірі қара мал өлекселері кафедраның секция залында сойылып зерттелді. Ауруға диагноз кешенді зерттеулер нәтижелері бойынша қойылды. Өлекселер патологиялық-анатомиялық зерттеулерден өткізіліп, патогистологиялық зерттеулер өткізу мақсатында кесекшелер алынды, сонымен қатар, кафедраға қарасты «Паразиттерге қарсы биотехнология» зертханасында паразитологиялық зерттеулер жүргізілді.

Әрбір тексерілген жануарға патологиялық анатомиялық зерттеу хаттамасы толтырылды, айқын өзгерістерге ұшыраған мүшелер тексеру барысында фотоаппаратпен түрлі-түсті суретке түсірілді. Гистологиялық және гистохимиялық зерттеулерге қажет препараттарды дайындау мақсатында ішкі мүшелерден қалыңдығы 0,5 - 1см-дей үш-төрт кесекше алынып, формалиннің 10 % бейтарапталған ерітіндісінде, Карнуа сұйығында, спирт-формалинде бекітілді.

Микроқұрылымдарды өлшеуде окуляр-микрометрді қолдандық. Гистологиялық және гистохимиялық зерттеу жұмыстарын орындағанда патогистологиялық техниканың арнайы жетекші құралдарын пайдаландық. Гистологиялық препараттардан суретке түсіру үшін KARL ZEISS микроскопы мен сандық фотоаппарат қолданылды. Гистопрепараттарды жарық микроскоптың (МБИ-6, МБР, PZO (WARZAVA) кіші және үлкен үлкейткіштері арқылы зерттедік. Иксодид кенелерін мал жайылатын жайылымдарынан, биотоптардан «Пропашник» әдісімен жинадық.

Ал микроскопиялық зерттеу үшін қызуы көтерілген малды оқшаулап, бір құлағынан бір тамшы қанды алып, төсеніш шыныға жағып, жағынды жасап, 96° спиртпен бекітіп, Романовский – Гимза әдісімен боядық. Ал, ауру жаңадан басталған малдардан ісінген лимфа бездерінен, теріні тесіп, сол ісінген лимфа безінен шприцпен пунктатты алдық, 1-2 тамшыдан төсеніш әйнекке жағынды жасап, 96° спиртпен бекітіп, Романовский – Гимза әдісімен боядық.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Ауырған малдарды малдәрігерлері комплексті емдеген, сонымен қатар мал денесінен кенелер жинап, микроскопиялық зерттедік.

Аурудың клиникалық белгілерін зерттеу үшін, анамнездік деректерді, мал иелерінен, малдәрігерлерінен алдық. Зерттеу кезінде байқағанымыз малдардың клиникалық белгілері негізінен бір типті көрінеген, ауру алғашқы кезде басталғанда: малдың шабындағы, жауырын алдындағы бездер шошынып ісінген, денесінің қызуы 41-42° градусқа дейін жетіп, сауын сиырлардың сүті азайған, малдың жүні үрпиіп, жалпы күйі нашарлаған. Осындай белгілер байқалғаннан кейін 1-2 аптадан соң малдың тынысы тарылып, жөтел пайда болған, тамыры жиі соққан, минутына 80-130-ға дейін жеткен, қарынның бұлшық еттері босаңсып, салбырап, екі бүйірі ішіне кіріп, қабырғалары ырсиып шығып кеткен.

Малдардың іші қатып, кейбір малдардың әсіресе бұзаулардың іші өткен. Ал, өлген малдарды тірі кезінде зерттеген малдәрігерлерінің айтуы бойынша аурудың бастапқы клиникалық белгілері көрінгеннен кейін 3 аптадан соң малдардың терісінің әр жері, желіні, мұрнының, ернінің, көздің кілегей қабықтары, тағы басқа жерлері қанталап кеткен, көздерінен тоқтаусыз жас ағып, қызылға боялған, кейіннен кілегей қабаттары бозарған. Сонымен қатар, зәр шығарулары ауырлап, аз-аздан бөлінген, түстері онша өзгермеген, аздап қоңырланған. Кейіннен мал денесін көтере алмай, белі бүкірейіп, талтайып әрең тұрған, ауырсынып, соңынан мүлдем жатып қалған, рефлекстері төмендеп, температурасы 35-36°

градуска күрт түсіп, мал өлген. Өлген бір бұзауда ғана клиникалық белгілер айтарлықтай көрінбей, ауырғаннан соң 2 күннен кейін өлген, патологиялық анатомиялық зерттеген кезде талақтың жарылып кеткенін көрдік.

Сойып зерттеу барысында зерттелген ірі қара малдарының ішкі мүшелеріндегі туындаған патологиялық анатомиялық өзгерістер бір типті болды.

Сиыр өлексесіндегі өзгерістер: өлексе жүдеген, анемия және сарғайған. Мүшелердің кілегейлі және ылғалды қабықтарында қанталаулар пайда болған. Олар лимфалық түйіндерде, ұлтабардың кілегейлі қабығында, бауырда, жүректің ішкі және сыртқы қабаттарында, бүйректе жиі әрі мол болды, көздің, ішектің, өт қабының, тыныс және несеп жолдарының кілегейлі қабықтарында, терінің шелқабатында, теріде, қаңқа бұлшық еттерінде сиректеу кездесті. Талақ, лимфалық түйіндер, әсіресе жауырыналдылық, шаптық түйіндер - бірнеше есе ұлғайған, босаңсыған. Негізгі өзгеріс ұлтабарда болды. Мүшенің кілегейлі қабығы түгел дерлік көкнар дәніндей, қып-қызыл түстітүйіншектер жайлаған, бір сиырда олардың көлемі ұлғайып, түсі сұрланған. Көмекей, кеңірдекте, өт қабында, қуықта, бауырда, бүйректеде осындай өзгерістер болды. Қатпаршақ қарын құрғақ жем-шөппен кернелген.

Бұзау өлекселеріндегі өзгерістер: Өлексе арық, тері асты торшаларына су жиналып сарғыштаған, көптеген нүкте және сызықша тәрізді қанталаулар көрінді. Лимфа бездері ісініп, ұлғайған, паренхимата қанталаулар пайда болған. Оны тіліп, кескенде сөлденіп, қызғыш түске енді. Талақ үш есе ұлғайған, шеттері дөңгелектенген, 1 бұзаудан жарылғанын байқадық. Бауыр ісінген, қоңыр-сары түсті, консистенциясы болбыр, кесіп карағанда ішкі бетінің суреті жойылған. Қалтасы үлкейіп, өт қоюланған, қоңыр, көк түсті. Бүйректері ұлғайған, оның сыртқы қабығы оңай ажыратылды, кескенде қызыл қоңыр болып тұрды. Бүйректің сыртқы және ішкі бөліктерінің шекарасы жойылған. Қуықтың ішкі қабаты өңсізденген, зәр қоңыр қызыл болды. Жүрек ісіңкі, оның қан тамырлары қалыпты жағдайға карағанда адырайып тұрды. Жүректің түтікшелерінде қоймалжың фибриндер мен ұйымаған қоңыр қызыл, сұйық қан кездесті. Қанталау байқалды, өкпенің түсі сұрғылт қызыл, сыртқы беті тығыздау келді. Ас қорыту жолдарының ішкі қабаты ісіңкі, нүкте сияқты немесе жалпылама қанталаулар көрінді. Жалбыршақ, қарын кеңейіп, тығыздалған, азыққа толып, тас тәрізденіп қалған. Қарында тұрқы 2-12 мм шамасында дөңгеленген жаралар пайда болды, олардың шеттері ісініп, көтеріліп тұрды.

Гистологиялық зерттегенде негізгі өзгерістер мына сипатта болды: ауруға тән түйіншектер түріндегі зақымдалу ошақтарында ілкіде қанмен кернелген майда тамырлар, ангиоэктаздар, қылтамырлық қанталаулар байқалды. Олар лимфоциттерден, плазмоциттерден, фибробластардан торшалардан тұратын түйіншетерден тұрады. Ұлтабар мен ішектер некрозға ұшырап, ойылымданған, басқа паренхималық мүшелерде тыртықталған немесе сорылған. Лимфалық түйіндердегі серозды-қанараласа қабынумен басталған, лимфоциттер, плазмоциттер көбейіп, гиперплазиялық қабыну процесіне ұласқан.

Ішек бүрлерінің қалыпты пішіндері өзгерген, олар жуандап, биіктігі қысқарған. Бүрлердің жабынды эпителиі мүлдем жойылған, олардың терең түпкі бөліктерінде бірнешеуі ғана сақталған. Ішек бездерінің эпителий жабындысы терең зақымданып дистрофиялық және некроздық өзгерістерге ұшыраған. Некроздалған эпителий торшалары ішек безі қуысында жиналған. Зақымдалған ішек бездері эпителий торшаларының ядросы ішінде базофильді вирус денешіктері орналасқан. Сонымен қатар, ішек бездерінің қуысында шар тәрізді ісінген домалақ пішінді эпителий торшалары көрінеді. Көптеген ішек бездерінің қуысы тым кеңіп үлкен қуыстар түзген. Мұндай өзгерістер аш ішектің барлық бөліктерінде кездесті. Ішектің өзіндік қабатындағы қантамырлар қанға толған. Ішек кілегей қабаттарындағы қантамырлар жағынан өзгерістер байқалмады. Ішектің солитарлы фолликулдарының көлемі лимфоциттердің пролиферациясына байланысты ұлғайған, көбею орталығы анық білінбейді. Тоқ ішектегі өзгерістер қатарлы қабыну аясында.

Шажырқай лимфалық түйіндерінде фолликулдардың көбею орталығы анық көрінбейді, пиронинофильді лимфоидты торшалардың пролиферациясы нәтижесінде фолликулдардың көлемі ұлғайған. Өкпеде анықталған микроскопиялық өзгерістер бір типті емес. Әртүрлі көлемде дамыған гиперемия және домбығу, эмфизема және ателектаз көріністері бір бірімен шектесіп араласып орналасқан. Өкпенің ауқымды бөлігінде альвеолалар аралық дәнекер тоқымада орналасқан капиллярлар қуысы кеңіп қанға толған, альвеолалар қуысында озинмен қызыл түске боялған домбығу сұйығы жиналған.

Жүректе кардиомиоциттердің көлденең және ұзына бойы орналасқан жолақтары анық көрінбейді. Жүрек ет талшықтарының арасында қантамырлар қанға толып, домбығу, кейбіреулерінің көлденең жолақтары жойылған немесе әлсіз көрінеді, ядролар анық көрінбейді. Бауыр – барлық зерттелген гистопрепараттарда гепатоциттер синусоидтық капиллярларлардың қанға толуына байланысты кішірейіп, атрофияланған. Олардың кейбіреулері түйірлі дистрофия күйінде. Терең зақымдалған гепатоциттерде ұсақ май тамшылары байқалады.

Бүйрек - нефроциттер терең дистрофиялық өзгерістерге ұшыраған. Олардың көлемі ұлғайған, шекаралары анық емес, ядролар саны сиреген, нефроциттер цитоплазмасында озинофильді түйірлер көбейген.

Талақтың қызыл пульпасы эритроциттермен толған, мүшенің кейбір бөліктерінде капсула астында геморрагиялық инфаркттер көрінеді. Лимфалық фолликулдардың саны азайып, көлемі кішірейген. Олардың көбею орталығы мүлдем көрінбейді, лимфоциттер саны тым азайған. Кейбір фолликулдарда эритроциттер шоғыры немесе лимфоциттердің некрозы байқалады. Браше тәсілімен боялған препараттарда фолликулдарың маргинальды аймағында пиронинмен оң боялған бірен-саран плазмалық клеткалар көрінеді. Қызыл пульпада эритроциттер мөлшері және гемосидерин саны көбейген. Перльс әдісімен гемосидерин көгілдір түске боялған. Шажырқай лимфалық түйіндер фолликулдарының көлемі кішірейген, онда лимфоциттер саны азайған, көбею орталығы анық емес. Көптеген фолликулдарда және синустарда эритроциттер шоғырланған.

Ми затында қантамырлар қанға толған. Қантамырлар және нейрондар айналасында домбығу сұйығы жиналған. Көптеген нейрондар хроматолиз жағдайында. Сонымен қатар, ми затында глиалық торшалардың белсенділігінің жоғарылағандығы байқалды.

Қорытынды

Патологиялық және гистологиялық зерттеулер нәтижесін қорытындылай келгенде тейлерхоз кезінде негізгі өзгерістер ірі қара малда мынадай сипатта болды: кілегейлі қабықтардың қанталауы, жүдеу, анемия, жалпы сарғаю, ұлтабар жарасы, геморрагиялық диатез, қатпаршақ қарын атониясы, үстіңгілік лимфалық түйіндерінің гемморрагиялық қабынуы, бауыр, бүйрек, миокардтың түйірлі дистрофиясы, талақ гиперплазиясы, жіті қатарлы-геморрагиялық гастроэнтерит.

Әдебиеттер

1. *Сабанишев М.С., Сүлейменов Т.Т.* Терапевтическая эффективность плазмы крови при анаплазмозе крупного рогатого скота // Исследования и результаты: материалы III Международной конференции «Состояние и перспективы развития производства ветеринарных биопрепаратов» Алматы, 2006.-С.407-409.

2. *Теплова Е. И.* Распространение клещей рода *Rhipicephalus Kochi* на территории Ставропольского края и их эпизоотическое значение / Е И Теплова, Н А Кошкина, В А Чвалун// Сб СНИИЖК "Актуальные вопросы зоотехнической и ветеринарной науки и практики в АПК"- Ставрополь, 2005 – С.264-267

3. *Дорош М.* Болезни крупного рогатого скота, isbn 5-9533-1681-x, Вече, 2007.

4. Протозойные болезни сельскохозяйственных животных. /Под редакцией Степанова Н.И. // М., Колос, 1982, С. 79-84.

5. Шабдарбаева Г.С. Иммунобиологические аспекты конструирования диагностикумов на основе антиидиотипии для выявления кровепаразитозов//Док. диссертация, Алматы, 2008, С. 27.

6. Сабанишев М.С., Сулейменов Т., Карамендин О., Шабдарбаева Г.С., Жанторе М. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары// Алматы, «Агроуниверситет баспасы», 2003, Б. 50.

Конай Г.К., Кенжебекова Ж.Ж.

ПАТОМОРФОЛОГИЯ ТЕЙЛЕРИОЗА КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Аннотация

В результате патологоанатомических исследований при тейлериозе крупного рогатого скота были обнаружены: кровоизлияние слизистых оболочек, истощение, анемия, общая желтушность, язва двенадцатиперстной кишки, геморрагический диатез, атония, геморрагическое воспаление лимфатических узлов, зернистая дистрофия паренхиматозных органов, гиперплазия селезенки, острый геморрагический гастроэнтерит.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, тейлериоз, клещ, патологическая морфология, атония, гистологические исследования, гематоксилин-эозин

Konay G., Kenzhebekova Zh.

PATHOMORPHOLOGY THEILERIOSIS OF CATTLE

Annotation

As a result of pathological study researchers at theileriosis cattle were discovered: hemorrhage of mucous membranes, emaciation, anemia, total yellowness, duodenal ulcer, and hemorrhagic diathesis, atone, hemorrhagic inflammation of the lymph nodes, granular degeneration of parenchymal organs, spleen hyperplasia, and acute hemorrhagic gastroenteritis.

Keywords: cattle, theileriosis, mite, pathological morphology, atony, histological studies, hematoxylin-eosin

ӘОЖ 619:612.017.1

Мансуров Б.Е., Омарбекова У.Ж., Мусоев А.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚҰСТЫҢ ЖҰҚПАЛЫ БРОНХИТІН СЕРОЛОГИЯЛЫҚ БАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аннотация

Балапандардың тыныс мүшелерінің, мекиен тауықтардың жыныс мүшелерінің зақымданып, жұмыртқалауының төмендеуімен сипатталатын аса жұғымтал жұқпалы бронхит құс шаруашлықтарында кеңінен таралып, экономикалық зиян келтіреді. Мақалада құс шаруашлықтарында жұқпалы бронхитті анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижелері келтірілген.

Кілт сөздер: патологиялық материал, тауық, балапан, өкпе, кеңірдек, бауыр, бүйрек кесінділері, тауық эмбрионы, изолят.

Кіріспе

Қазіргі кезде жұқпалы бронхит өнеркәсіпті бағытта құс өсіретін елдердің барлығында кеңінен тараған індетті ауру. Шаруашылықтарға орасан зор экономикалық шығын келтіреді, олар ет және жұмыртқа өнімінің 60 % дейін төмендеуінен, бір айлық балапандардың арасындағы өлім көрсеткішінің 30 % жетуімен және аурудың бактериалды инфекциялармен асқынып, созылмалы түрде өткенде 60 % жарамсыз болады.

Аурудың қоздырушысы-құрамында РНК-ы бар *Coronaviridae* тұқымдастығына жатады. Вирионизометриялық пішінде, көлемі 70-120 нм, сыртқы суперкапсид қабықшасында түйреуіш тәрізді қылтанақтар күн тәжі сияқты орналасқан, сол себептен бұл топтағы вирустар короновирустар деп аталынады. Нуклеокапсидтің диаметрі 1,16-1,27 г/см³. Вирустың сыртқы қабықшасында липидтер бар. Нейраминидаза анықталмаған [1, 4].

Вирус антигендігі жағынан түрлері көп. Соңғы деректерге қарағанда вирустың 20 серотипін ажыратады, солардың ішінде жиірек кездесетінді Массачусетс, Коннектикут, Айова-97, Грей. Сол себептен жаңадан анықталған серотиптерден қорғану үшін жаңадан вакциндік препараттар дайындауға тура келді [2, 3].

Ресей, Қазақстан құс шаруашылығында негізінен Массачусете, Коннектикум сеортиттері кездеседі. Вирус сыртқы қабатында 5 аглютинин анықталған: А, В, С, В, Е олардың алғашқы төртеуі вирусты бейтараптауға жауапты.

Ауырып жазылған құстарда гемагглютинге қарсы, вирус бейтараптаушы антиденелер түзіледі және сол ауыртқан серотип өмір бойлық иммунитет түзіледі. Преципитация беретін антиденелер құрамында 2-3 аптадан кейін байқалады, алайда вирус бейтараптаушы антиденелерге қарағанда ерте жоғалып кетеді. Сонымен қатар комплемент байланыстыратын антиденелер де түзіледі.

Табиғи жағдайда жұқпалы бронхитке тауық жасына, жынысына қарамай бейім келеді. Тәжірбие жүзінде кептер, көжек, жарғанатта ауруға болады. Ауру тауықтармен жанасқан жапон бөденесі ауруға шалдығады.

Ауру қоздырушысының бастауы ауру және жұқпалы бронхитпен ауырып жазылған тауықтар үш айға дейін вирус алынып жүруші болып қалды.

Ауру қоздырушысының бастауы ауру және жұқпалы бронхитпен ауырып жазылған тауықтар үш айға дейін вирус алынып жүруші болып қалды.

Осы кезеңде олар сыртқы ортаға танаудан, көзден аққан бөлінділермен, саңырықпен, жұмыртқамен вирус бөліп отырады. Вирус ауа арқылы өте жылдам таралады. Індет аса жұғымтал, әсіресе бұрын сау шаруашылыққа енгенде ауру өте тарап, кейіннен 1 жыл бойына індеттің тұрақты жағына айналады.

Олардың арасында жасырын ауыратын құстар ауруға қарсы жұмыртқа арқылы енжар иммунитет береді. Аурудың құс тобында таралуына құстардың аса, орналасу тығыздығы, микроклиматтың көрсеткіші, азықтандыру сапасы, тірі вакциналарды пайдалану, қосалқы инфекциялық, инвазиялық аурулар т.б. қолайсыз жайттар әсерінен тигізеді. Ауру құстар жұмыртқамен 2-4 күн бойына вирус бөліп шығарады.

Жұқпалы бронхит шыққан шаруашылықтағы құстар басқа инфекциялық аурулардың қоздырушыларына аса сезімтал келеді, әсіресе ларинготрихеит, респираторлы микоплазмоз, колибактериоз сияқты кең таралған індеттерге ауру шыққан құс шаруашылығында құстардың жұмыртқа тастау деңгейі 50 % одан да көп деңгейге төмендейді және ол жұмыртқа таратушылықтың кезеңіне байланысты болмайды [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Вирусологиялық зерттеуге қажетті материалдарды соңғы екі жылдың күзгі-қысқы мезгілінде жинадық. Барлығы 25 құстың ұшасы, 132 танау және клоака шайындысын, 380 қан сарысуын зерттедік.

Клоака, танау қуысынан шайындыны стерильді мақта тампонымен алып, оны ішінде антибиотик қосылған (1000 әб/мл нистатин) физиологиялық ертіндісі бар флаконға орналастырдық.

Қанды тауықтардың қанат астындағы қан тамырынан 2-3 мл мөлшерінде стерильді жағдайда алып, шыны стерильді құтыға құядық. Содан кейін термостатқа 37 °С 30 минут, жазды күні бөлме жағдайында 1 сағатқа қалдырып, бөлінген қан сарысуын стерильді түрде полиэтилен ампулаларға құйып, белгілеп тоңазытқышқа орналыстырдық. Биосынамаларды - 20 °С, ал қан сарысуын 0, +4 °С сақтайдық.

Вирусты бөліп алу үшін құс мүшелерінен алынған ішкі ұлпалардың (өкпе, кеңірдек, көмекей, көкбауыр т.б.) кесінділерінен езінді дайындап, 1:10 қатынасында физиологиялық ерітіндімен сұйылтып (антибиотиктер қосып,) 3000 ай/мин 10 мин айналдырып, тұнбаның үстіндегі сұйықты эмбрионға егуге пайдаландық. Зерттеу материалын 8-10 күндік 4 тауық эмбрионының аллантоис қуысына жібердік. Егілген эмбриондарды термостатқа (37°С) қойып, 5-6 күндей бақыладық. Бақылау мерзімінен кейін 3 рет тауық эмбриондарында пассажддау арқылы құстың инфекциялық бронхитінің изолятын бөліп алдық.

Бөліп алынған изолят құстың жұқпалы бронхитінің қоздырушысы екенін дәлелдеу үшін ДПР, ПТР реакцияларын жүргіздік.

Құстың инфекциялық бронхитінің антиденесін анықтауға серологиялық тестік талдау жасау үшін Голландық фирманың «Avian bronhitis infectis Antibody Test Kit» BioChek жиынтығын қолдандық. Зерттеу сынақтары өндірушінің ұсыныстарына сәйкес жүргізілді. Ерітіндінің тығыздығын анықтау үшін, толқынының ұзындығы 650 нм ELX 800 ® ELISA ридер (BioChek, Winoski, VT, USA) қолданылды. Антидененің салыстырмалы деңгейі тексерілетін қан сарысуының белгілі оң нәтижелі қан сарысуына қатынасы бойынша (S/P) анықталды. Алынған қансарысудың үлгілері мен S/P арақатынасы 0,2 жоғары болғанда (титр мөлшері 1700 жоғары) қайталау сынақтарында IBV әсерінен деп саналды. Әрбір құс қорасынан 18-25 бастан кездейсоқ іріктеу тәсілімен құс қан сарысуы алынды. Ең бірінші кезекте құс қораларындағы құстардың клиникалық белгілері респираторлық ауруларға тән белгілері айқын біліне бастаған құстардан қан үлгілерін алдық 1 тәуліктік және 50 апталық тауықтардан алынған сынамалардың жалпы саны 380 болды.

Жиналған құс сарысуында құс инфекциялық бронхитінің бар жоғын анықтау үшін ИФТР арқылы зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

№1, 2 құс шаруашылықтарынан алынған жұқпалы бронхитке күдікті 35 күндік балапандардың өкпе, кеңірдек, бауыр, бүйрек кесінділері тексерілді. Ағзалардың әрқайсысынан жеке езінді дайындап, бір бөлігін аздап физиологиялық ертіндімен сұйылтып ДПР қойдық. ДПР нәтижесі 1 кестеде келтірілген.

1-кесте – ДПР-мен жұқпалы бронхитке биоматериалдарды тексерудің нәтижесі

Сынамалар №	Биометриал түрі	ДПР нәтижесі					
		1:2	1:4	1:8	1:16	1:32	1:64
22	Өкпе	-	-	-	-	-	-
-//-	Кеңірдек	-	-	-	-	-	-
-//-	Бауыр	-	-	-	-	-	-
-//-	Бүйрек	-	-	-	-	-	-
37	Өкпе	2+	3+	2+	1+	-	-

-//-	Кеңірдек	-	-	-	-	-	-
-//-	Көкбауыр	-	-	-	-	-	-
41	Өкпе бауыр	-	-	-	-	-	-
-//-	Кеңірдек	3+	2+	1+	1+	-	-

1-кесте нәтижелеріне сәйкес, ДПП-да өкпе ұлпасының 37 сынамасы және кеңірдек ұлпасынан дайындалған 41 сынама оң нәтиже берді, яғни титрі көрсеткіштері 1:2 – 1:16 аралықтарында сызықшаларды түзді. 22 сынама ұлпаларынан дайындалған суспензиядан теріс нәтиже алынды.

Жоғарыда аталған (22, 37,41) сынама материалдарымен әдістемелік нұсқауға сәйкес 10 күндік тауық эмбриондарын зардаптадық. Ол үшін бір сынамадағы ұлпаларды қосып бір езінді дайындадық, себебі әр ұлпамен жеке-жеке қою үшін көп эмбрионды қажет етеді.

Қоспа езіндіні фарфор келіде дайындап 1:10 қатынасында ішінде антибиотиктері бар физиологиялық ертіндімен сұйылтып, тауық эмбрионының аллантоис қуысына 0,2 мл жібердік. Зерттеу нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

2-кесте – Биоматериалды тауық эмбрионына жұқтырудың нәтижесі

Сараптама №	Тауық эмбрионындағы пассаж деңгейі					
	1	2	3	4	5	6
22	-	-	-	-	-	-
37	-	-	-	3,26	3,91	4,61
41	-	-	3,58	6,18	6,97	7,92

2-кестеде көрсетілгендей, №22 сынамасы 5 рет пассаждау нәтижесінде ауруға тән өзгірістер байқалмады яғни жұқпалы бронхиттің изоляты бөлінген жоқ. Зерттеудегі №37, 41 биосынамадан тауық эмбрионында изолят бөлініп алынды. № 37 биосынама 4 пассаждаудан бастап тауық эмбрионында инфекциялық титрі (3,26) көбейіп, 6 пассаждаудан кейін оның инфекциялық титрі 4,61 бірлікті құрады, яғни ЦПӨ₅₀ теңесті.

№41 биосынаманың тауық эмбрионындағы инфекциялық титрі 4 тәулікте 6,18 құраса, одан кейінгі 6-шы тәулікте 7,92 бірлік ЦПӨ₅₀ болды.

Қазіргі кездегі зертханалық әдістердің ішіндегі кең қолданыс тапқан тестілердің бірі ол – ИФТ реакциясы. ИФТ нәтижесін талдаған кезде алынған көрсеткіштерге дәлелді талдау, яғни антидене деңгей титрін және CV (Вариация деңгейі) көрсеткішіне көңіл бөлінді. Серологиялық салыстырып зерттеу үшін екі түрлі құс шаруашылықтарынан әр топтағы құстардан алынған сынамалар зерттелді, нәтижесі төмендегі № 3,4 кестелерде көрсетілген.

3-кесте – ҚИБ-на №4 құс шаруашылығындағы серологиялық зерттеулердің нәтижесі

№ топ шал ар	Жасы апталық және күндік	Сынамалар -дың саны	Тө-менгі титр	Жоғ-арғы титр	Орташа титрі	Оң сына-малар	%	Теріс сына-малар	CV %
1	1 күндік	21	1	8704	3198	21	96	1	59
2	2 күндік	22	1	4986	3021	22	95	1	40
3	90 күндік	23	623	4933	2395	23	72	6	67
4	13 апталық	22	1	8769	4495	22	100	-	55
5	26 апталық	23	1920	17115	8396	23	100	-	46
6	30 апталық	23	1306	7818	3487	23	100	-	55
7	31 апталық	23	2253	5301	3827	23	100	-	20

8	35 апталық	23	1439	9357	4158	23	100	-	45
9	46 апталық	23	4876	12072	4341	23	100	-	30

4-кесте – ҚИБ-на №5 құс шаруашылығындағы серологиялық зерттеулердің нәтижесі

№ топ шар	Жасы апталық және күндік	Сынамалар -дың саны	Төменгі титр	Жоғарғы титр	Орташа титрі	Оң сынамалар	%	Теріс сынамалар	CV %
1	1 күндік	25	1	9345	3695	22	88	3	61
2	59 күндік	23	7	2403	861	9	39	14	105
4	22 апталық	22	3422	8011	5612	22	100	-	27
5	30 апталық	18	3548	15268	8273	12	100	-	49
6	35 апталық	23	1970	10523	5474	23	100	-	35
7	38 апталық	22	2612	5468	3978	22	100	-	21
8	42 апталық	22	4782	12074	7697	22	100	-	24
9	50 апталық	22	4863	11642	8074	22	100	-	26

№3 құс фабрикасындағы 1 күндік тауық балапандарынан зерттеуге алынған құс қан сарысуындағы антидене 96 % екені анықталды, 13 апталық мекиен тауықтарда құс бронхитінің антиденесі 100% көрсеткішті көрсетті.

№4 құс фабрикасынан алынған құс қан сарысуларын зерттегенде 22 апталық құстардан бастап 100% оң нәтиже берді.

Салыстырмалы түрде құс фабрикасынан алынған құс қан сарысуларын зерттегенде 26 апталық құстардағы құстың инфекциялық бронхитінің антиденесінің ең жоғарғы титрі 17115 болды, орташа титрі 8396 көрсеткіш көрсетті.

Көрсетілген құс фабрикаларында құстың инфекциялық бронхитінің антиденесі мекиен тауықтар арасында зерттелген құс сарысуларында анықталды.

Қорытынды

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ДПР-да № 37,41 сынамаларынан құстың жұқпалы бронхитінің изоляты анықталды.

ИФТ реакциясы нәтижесінде зерттеудегі құс шаруашылықтарында 1-50 апталық балапандарының қансарысуында құс бронхитінің антидене көрсеткіші анықталды.

Әдебиеттер

1. Баррет Т., Берд П. и др. Вирусология, методы. Москва. Мир, 1988 г. – с 213
2. Профилактика инфекционных заболеваний в стадах бройлеров . [http : II Kot.Kiev ua I artieie-info phh.12.11.2007.](http://artieie-info.phh.12.11.2007)
3. Луговская Н.Н., Луговской А.А., Бочков Ю.А., Батченко Г.В., Мудрак Н.С. Дрыгин В.В., Борисов А.В., Борисов В.В., Гусев А.А. Разработка непрямою жидкофазного блокирующего иммуноферментного анализа для обнаружения антигена вируса инфекционного бронхита кур II Птицеводство - мировой и отечественный опыт: Матер, конф. -М., 2002. - С. 86-87.
4. Борисов А. В, Бочков Ю.А. Изучение спектра полевых изолятов вируса инвекционного бронхита кур. Птицеводства–мировой и отечественный опыт: Мат. Конф. Москва 28-31 января. 2002-.23-26
5. Асанов Н. Г., Омарбекова У.Ж. Соврменная эпизоотологическая ситуация по некоторым инфекционным болезням птиц «Инновационные технологии аграрному сектору экономики» 1 том, Семей, 2011, с.11-14

Мансуров Б.Е., Омарбекова У.Ж., Мусоев А.М.

РЕЗУЛЬТАТЫ СЕРОЛОГИЧЕСКОЙ ДИАГНОСТИКИ ИНФЕКЦИОННОГО БРОНХИТА ПТИЦ

Аннотация

В результате проведенных исследований методом ДПР установлен изолят вируса инфекционного бронхита кур. У исследованных птиц против инфекционного бронхита птиц родительского стада с использованием метода ELISA титры антител составили в среднем 8396 ± 1 .

Ключевые слова: патологический материал, куры, птенец, легкие, глотка, трахея, печень, почки, куриные эмбрионы, изолят

Mansurov B.E, Omarbekova U.Zh., Mussoev A.M

RESULTS SEROLOGICAL DIAGNOSIS OF INFECTIOUS BRONCHITIS BIRDS

Annotation

Нервты жүйенің аурулары (соның ішінде күйзелістік, ұйқысыздық, стресс салдары);

Иппотерапия үшін қарсы симптомдар:

1. Ауыр остеопороз.
2. Жедел және созылмалы остеомиелит.
3. Гемофилия.
4. Эпилепсия.
5. Бүйрек аурулары.
6. Аллергиялық реакциялар.

Қорытынды

Қорыта айтқанда иппотерапия – жылқы жануарымен ем қабылдау. Ауырған науқастарды, тірек-қимыл жүйесі және кейбір психикалық бұзылулары бар адамдар үшін әртүрлі дәрежеде тиімді қосалқы емдеу түрі болып табылады. Емдік шара иппотерапевт немесе аттың үстінде емдеуді арнайы оқыған нұсқаушының көмегімен жүргізіледі. Иппотерпия қазіргі уақытта кең таралып, етек жайып келеді. Елімізде де арнайы орталықтар ашылды. Алматы Республикалық ипподромы, Ажар жылқы шаруашылығы, Ақсай балалар емханасы және тағы басқа емханалар нәтижелі жұмыс істеуде. Қазіргі таңда ем алып жатқан емделушілер саны көбейіп, оң нәтиже беріп жатыр.

Әдебиеттер

1. Орлов Ф.М. и др. Книга о лошади. Сельхозгиз, Москва., 1959. – 207 с.
2. Иванов А.А., Этология с основы зоопсихологий. Издательство – Лан:-Москва, 2006. – 137 с.
3. Несипбаев Т. Жануарлар физиологиясы. Білім –Баспасы, Алматы, 2005. – 202 б.
4. Бегімбетова Г.С., Исхан Қ.Ж. Ат спорты. Нұр-Принт –Баспасы, Алматы: 2013.-385- б.

УДК 636.28

Душняязова Д.С., Буралхиев Б.А.

Казахский национальный аграрный университет

РАННЕЕ ПРОГНОЗИРОВАНИЕ МОЛОЧНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ У КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ МАРКЕРОВ

Аннотация

Современные методы исследования молекулярной генетики позволяют определять гены, контролирующие хозяйственно-полезные признаки. Преимущество ДНК-технологий заключается в том, что можно определить генотип животного независимо от пола, возраста и физиологического состояния, что является важным фактором в селекционной работе. В качестве потенциальных маркеров молочной продуктивности могут рассматриваться аллели генов молочных белков и гормонов. Ген каппа-казеина (CSN3) - связан с белковомолочностью и технологическими свойствами молока. Аллель В гена CSN3 ассоциирован с более высоким содержанием белка в молоке. Соматотропин (гормон роста, bGH) - важнейший регулятор, обладающий лактогенным и жиромобилизующим действием. Исследованиями выявлена ассоциация полиморфных вариантов гена GH с показателями продуктивности (удой, содержание жира в молоке).

Введение

В нашей стране животноводство является ведущей отраслью сельскохозяйственного производства, поставщиком ценных продуктов питания для человека и сырья для промышленности. Молочное скотоводство является одной из важнейших отраслей животноводства. Повышение рентабельности молочного скотоводства, ускорение темпов совершенствования племенных и продуктивных качеств животных вызывает необходимость более раннего прогнозирования продуктивности. Требуются надежные, достоверные приемы прогноза, которые имели бы хорошую повторяемость и достаточно высокую наследуемость. Выполнение этих условий вполне возможно при разработке и внедрении молекулярно-генетических методов племенной ценности животных. Для повышения генетического потенциала молочной продуктивности поголовья крупного рогатого скота в Республике Казахстан необходимы надежные критерии тестирования параметров молочной продуктивности. В последнее время в селекционной работе активно идет поиск генов, которые можно использовать в качестве ДНК маркеров параметров молочной продуктивности.

Работа по генотипированию коров проводилась в учебно-научно-диагностической лаборатории Казахско-Японского инновационного центра КазНАУ в рамках реализации проекта МОН РК «Разработка метода раннего прогнозирования показателей продуктивности отечественного молочного скота с использованием генетических маркеров», выделение ДНК из крови проводилось в лаборатории молекулярной цитгенетики ВНИИГРЖ.

Современные методы исследования молекулярной генетики позволяют определять гены, контролирующие хозяйственно-полезные признаки. Преимущество ДНК-технологий заключается в том, что можно определить генотип животного независимо от пола, возраста и физиологического состояния, что является важным фактором в селекционной работе. В качестве потенциальных маркеров молочной продуктивности могут рассматриваться аллели генов молочных белков и гормонов. Ген каппа-казеина – связан с белкомомолочностью и технологическими свойствами молока. Аллель В гена CSN3 ассоциирован с более высоким содержанием белка в молоке. Соматотропин – важнейший регулятор, обладающий лактогенным и жиромобилизующим действием. Исследованием выявлена ассоциация полиморфных вариантов гена GH с показателями продуктивности (удой, содержание жира в молоке).

Были взяты образцы крови из яремной вены коров Алатауской породы племенного хозяйства «Какпатас» Кордайского района Жамбылской области в количестве 125 голов в вакуумную пробирку с антикоагулянтом (ЭДТА), образцы были доставлены в лабораторию течение 2,5-4 часов.

Научно-исследовательская работа проводилась по следующей схеме: формирование подопытных групп племенных животных, (коровы Алатауской породы), взятие образцов крови, выделение ДНК из биологических материалов, выделение ДНК из крови с помощью автоматической станции KingFisher, выделение ДНК методом фенол-хлороформ-изоамиловый спирт, использование пятна крови для проведения амплификации, анализ последовательностей генов по локусам соматотропина (bGH), каппа казеина (CSN3), тиреглобулина (TG). Генотипирование племенных коров методом ПЦР-ПДРФ анализа, проведение горизонтального электрофореза, рестрикция амплификата и гель-документация результатов исследования, изучение продуктивности животных, анализ полученных результатов, использование ДНК маркера по изучаемым локусам для прогнозирования продуктивности коров и телок, исследование технологических свойств молока и генетических вариантов

Выводы

По результатам генотипирования у исследуемой популяции коров преобладают животные с гетерозиготным генотипом АВ (47,0 %), доля гомозиготных коров АА и ВВ составляет, соответственно 36,14% и 16,86% по локусу каппа-казеина. Анализ данных ПЦР-

ПДРФ анализа полиморфизма гена соматотропина Msp I свидетельствует, что по этому локусу более 65 % животных имеют гетерозиготный генотип (на электрофореграмме после рестрикции были выявлены фрагменты 99 п.н, 72 п.н. и 52 п.н. В настоящее время исследовательской группой продолжается работа по определению продуктивности коров с разными генотипами по изучаемым локусам.

Литература

1. Яковлев А. Ф. Использование ДНК- маркеров в селекции голштинского скота. Генетика и разведение животных. 2114, №2, 3-6

ӘОЖ 631.1:614.31

Қалиева Т.П., Шалхарова Д.Ж., Қазтаева Б.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БИЕ СҮТІНІҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ОДАН ДАЙЫНДАЛАТЫН ҚЫМЫЗДЫ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ – САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада тәжірибе жұмыстары жыл бойы жылдың әр мезгіліне байланысты Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Керейт ауылындағы «Ақсанат» жылқы шаруашылығында жүргізілді. Қазақы жабы тұқымды биелерден жылдың төрт мезгілінде сауылған сүт сынамаларына байланысты бие сүтінің биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруін және олардан дайындалған қымыздың сапасын анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Жалпы әр жыл мезгілінде үш биеден алынған сүтке зерттеу жүргізіліп, нәтижелері осы мақалада келтірілді.

Кілт сөздер: бие сүті, қымыз, биохимиялық көрсеткіш.

Кіріспе

Қазақстанның «Бүкіл әлемдік сауда ұйымына» кіру үшін отандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер бәсекеге қабілетті болуы қажет. Еліміздің ауыл шаруашылығында бұл орайда қомақты шаруалар атқарылып жатыр. Республикалық бюджеттен қаржы да бөлінуде. Елдегі аграрлық өндірісті ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласындағы кластерлік бастаманы жүзеге асыру арқылы индустрияландыруға бағытталған жұмыстар қолдауға тұрарлық. Елбасының өзі бұған жеке сектордың назар аударуын, несие осыған мақсаткерлікпен жұмсалуды айрықша атап көрсетті.

Жергілікті өндірушілер шығарған өнімдер, озық технологияларды меңгерген шет мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен бәсекелес бола алады ма, үкіметтің көмегінсіз жұмыс жүреді ме, біздегі шаруашылықтардың басты ерекшелігі – табиғи жайылымдардың ауқымы кең. Экологиялық жағынан таза өнімдерді экспорттау – басты шарт болуы тиіс. Қазақстан республикасындағы экологиялық жағынан таза өнімдердің бірі елімізде өндірілетін қымыз. Қымыз жоғары сапалы тамақ өнімі ғана емес, сондай-ақ шипалы сусын деп те есептеледі. Халық арасында қымызды көңіл-күй сергектігі және ұзақ жасау сусыны деп текке атамаған.

Қазіргі заман талабына сай қымыз өндіруді дұрыс ұйымдастыру оны экспортты өнімнің біріне айналдыруға толық мүмкіндік бар. Себебі дүние жүзінің көптеген елдері қымыздың диетикалық емдік қасиетін жоғары бағалап, оған сұраныс ұлғаюда.

Әрине, қымыздың тағамдық, емдік қасиеті оны өндіру технологиясын дұрыс ұйымдастырып, санитариялық шараларды қатаң сақтауға байланысты.

Республикамызда бие сүтіне, оның ішінде одан дайындалатын сусын қымызға деген сұраныс күннен күнге артуда. Бие сүтінің және одан жасалған қымыздың қоректілігі, диеталық және емдік қасиеттері Орта Азия мен Қазақстан халқына ежелден мәлім [1, 2, 3].

Келтірілген өзекті мәселелерді негізге ала отырып жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің өзгеруі және одан дайындалатын қымызды ветеринариялық – санитариялық сараптау үшін салыстырмалы түрде зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тәжірибе жұмыстары жыл бойы жылдың әр мезгіліне байланысты жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Керейт ауылындағы «Ақсанат» жылқы шаруашылында және Қазақ Ұлттық арғарлық университетінің Ветеринариялық – санитариялық сараптау және гигиена кафедрасының зертханасы жағдайында жүргізілді. Зерттеу барысында жылдың әр мезгілінде сауылған бие сүтіне және олардан дайындалған қымызды тексеруге жалпы сезімдік және зертханалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу материалдары ретінде «Ақсанат» жылқы шаруашылындағы қазақы жабы тұқымды биелерінен алынған сүт сынамалары алынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Жалпы әр жыл мезгілінде үш биеден алынған сүтке зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің құрамындағы май мөлшері мен сүттің тығыздығының өзгеретіндігі анықталды. Жыл мезгілдеріне байланысты бие сүті құрамындағы май мөлшері 1-кестеде берілген.

1-кесте – Сауылу мерзімдеріне байланысты бие сүтіндегі май мөлшері,%

Сынама саны	Сауылу мерзімдері			
	Қыс	Көктем	Жаз	Күз
I	1,59±0,064	1,98±0,052	2,13±0,061	2,18±0,055
II	1,51±0,042	1,90±0,033	1,89±0,024	2,07±0,042
III	1,63±0,023	1,87±0,061	1,84±0,031	1,98±0,034
Орташа көрсеткіш	1,58±0,043	1,92±0,049	1,95±0,039	2,08±0,044

Кестеден көріп отырғанымыздай бір түрлі жылқы тұқымдарының сүт құрамындағы май көрсеткіштері жыл мезгілдеріндегі сауылу уақытына байланысты өзгеріп отыратыны анықталды. Атап айтқанда, қыста сауылған бие сүтінен алынған сүт сынамасындағы майдың мөлшері – 1,51-1,63%, көктемде сауылған бие сүтінен алынған сүт сынамасындағы майдың мөлшері – 1,87-1,98% аралығында болса, бұл көрсеткіш жаз айларында – 1,84-2,13% болса, тиісінше күзде – 1,98-2,18% аралығында болды. Ал орташа көрсеткішті алатын болсақ, қыста сауылған биелер сүтінің орташа көрсеткіші – 1,58%, көктемде сауылған бие сүтінен алынған сүт сынамасындағы май мөлшерінің орташа көрсеткіші – 1,92%, жазда – 1,95%, күзде – 2,08% шамасында болды. Сонымен бие сүтіндегі майдың ең көп мөлшері күз айында байқалды, ал күз айына қарағанда қыс айларында – 0,5%, көктемде – 0,16%, жаз айларында – 0,13% төмен болды.

Сүт құрамындағы майдың мөлшері қыс, көктем айларында төмен болуы, осы мезгілдерде бие сүтінің сұйықтау болуын жыл мезгілінің осы уақытындағы жылқылардың қыстық жиналған және көк майса шөптермен көптеп азықтандырумен байланыстыруға болады.

Бие сүтіндегі майдың мөлшері жаз және күз айларында жоғары болуын біздер осы айларда әбден жетіліп піскен шөптерге тойынған жылқы малының сүт құрамының қоюлана бастауымен түсіндіре аламыз.

2-кесте – Сауылу мерзімдеріне байланысты бие сүтінің тығыздық көрсеткіштері, °А

Сынама саны	Сауылу мерзімдері			
	Қыс	Көктем	Жаз	Күз
I	1,035±0,074	1,034±0,052	1,032±0,062	1,032±0,061
II	1,034±0,048	1,033±0,033	1,031±0,052	1,030±0,024
III	1,033±0,043	1,033±0,061	1,032±0,024	1,031±0,031
Орташа көрсеткіш	1,034±0,055	1,033±0,049	1,032±0,046	1,031±0,039

Біз осы зерттеу жұмысымызды жүргізген кезде бие сүтіндегі майдың мөлшерімен бірге сүттің тығыздық көрсеткіштерін де анықтадық. Зерттеу нәтижесінде жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің майлылық көрсеткіштерімен қатар олардың тығыздығы да өзгертіндігі анықталды (2-кесте).

Кестеден көріп отырғанымыздай жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің тығыздығы қыс, көктем айларында сүттің тығыздығы артатынды анықталды, ал жаз бен күз айларында керісінше бие сүтінің қоюланып, тығыздығының төмендейтіндігі анықталды. Мұны да біз биелердің жеген азығына байланысты деп ойлаймыз.

Қымыздың сапасын анықтау кезінде ең алдымен оның оргонолептикалық қасиеттерін сыртқы түрін, иісін, дәмін, консистенциясын анықтадық (3-кесте).

3-кесте – Зерттелген қымыз сынамаларының сезімдік көрсеткіштері

Жыл мезгілдері	Түсі	Иісі	Дәмі	Консистенциясы	Тазалығы
Қыс	Ақ көкшіл реңді	Өзіне тән сүйкімді, аздаған киік отының иісі бар	Қышқыл шырынды, бөгде дәмі жоқ	Сұйық біркелкі, газды, көбікті	I
Көктем	Ақ көкшіл реңді	Өзіне тән сүйкімді, аздаған киік отының иісі бар	Қышқыл шырынды, бөгде дәмі жоқ	Сұйық біркелкі, газды, көбікті	I
Жаз	Ақ көкшіл реңді	Өзіне тән сүйкімді, аздаған киік отының иісі бар	Қышқыл шырынды, бөгде дәмі жоқ	Сұйық біркелкі, газды, көбікті	I
Күз	Ақ көкшіл реңді	Өзіне тән сүйкімді, аздаған киік отының иісі бар	Қышқыл шырынды, бөгде дәмі жоқ	Сұйық біртектілігі төмен, газды көпіршіктер көп	I

Зерттеуге алынған қымыз сынамаларының сезімдік көрсеткіштерін тексеріп болған соң, алынған сынамаларға зертханалық зерттеулер жүргіздік. Зерттеуді ветеринариялық – санитариялық сараптаудың жалпыға белгілі әдістерімен жүргіздік (4-кесте).

4-кесте – Зерттеуге алынған қымыз сынамаларының биохимиялық көрсеткіштері

Жыл мезгілдері	Тығыздығы, °А	Қышқылдығы, °Т	Майлылығы, %	Ақзат, %	Казейн, %	Жалғандығын анықтау
Қыс	1,034	70	1,58	1,8	0,72	—
Көктем	1,033	70	1,92	1,9	0,74	—
Жаз	1,032	90	1,95	2,1	0,81	—
Күз	1,031	80	2,08	1,9	0,77	—

Биохимиялық зерттеулер бойынша қыстағы қымыздың тығыздығы - 1,0304°А, көктемде дайындалған қымыздың тығыздығы - 1,033°А, ал жазда дайындалған қымыздың тығыздығы - 1,032°А, тиісінше күздік қымыздың тығыздығы - 1,031°А болды. Егер қымыз құрамына су қосылса тығыздығы төмендеп, ал каймағы алынған сүт қосылса көтеріліп кетеді. Біздің зерттеулерімізде қымыз сапалы. Зерттелген қымыз сынамаларының қышқылдылығы - 70-90°Т аралығында болды. Мемлекеттік стандарт талабы бойынша қышқылдылығы 60-80 °Т болатын қымызды жуас, 81-100° Т қымызды орта, 101-120 °Т қымызды күшті деп атайды. Осы мәліметтерге сүйенсек тексерілген сынамалардың үшеуі жуас, біреуі, яғни жазда дайындалған қымыз орта қымызға жатады. Жыл мезгілдеріне қарай бие сүтіндегі майдың мөлшері біршама өзгертіндігін жоғарыда айтып өткенбіз, соған орай әр мезгілде дайындалған қымыздың майлылығы да соған сәйкес болды. Қымыздың құрамындағы ақзаттың мөлшері-1,8-2,1% аралығында болса, казеиннің мөлшері -0,72-0,81% аралығында болды, сондай-ақ, қымыз сынамаларына жалғандық жасалмағаны анықталды. Бұл көрсеткіштер сапалы қымыз көрсеткіші [4, 5].

Қорытынды

1. Зерттеу барысында жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің құрамындағы май мөлшері мен сүттің тығыздығының өзгертіндігі анықталды.
2. Бие сүтіндегі майдың ең көп мөлшері күз айында байқалды, ал күз айына қарағанда қыс айларында – 0,5%, көктемде – 0,16%, жаз айларында – 0,13% төмен болды.
3. Жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің тығыздығы қыс, көктем айларында сүттің тығыздығы артатынды анықталды, ал жаз бен күз айларында керісінше бие сүтінің қоюланып, тығыздығының төмендейтіндігі анықталды.
4. Жылдың әр мезгілінде сауылған бие сүттерінен дайындалған қымыздың сезімдік және биохимиялық көрсеткіштері талаптарға сай болды, бірақ жаз және күз айларында дайындалған қымыз жылдың басқа мезгілдерінде дайындалған қымыздан сапасы біршама жоғары болды.

Әдебиеттер

1. Раманқұлов Е. Биотехнология: Бүгін және ертең. Егемен Қазақстан 2007 ж 5 ақпан.
2. Нұрышев М.Ж. Жылқы шаруашылығын кластерлік жүйемен дамыту жолдары. Профессор М.Ә.Ермековтың 100 жылдығына арналған ветеринария және мал шаруашылығы мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Алматы 15-17 қыркүйек 2006 ж.
3. Дүйсембаев К.И. Жылқы өсірушінің анықтамалығы. Алматы, Қайнар, 1983, 136 бет.
4. Асылбеков Б.А. «Қымыз – шипалы сусын», Алматы, Қайнар, 1986,45 б.
5. Алтаев С., Күзембаев Қ., Сейтов З.С. т.б. Қымыз және шұбат. «Қайнар» баспасы, 1980, 136-230 б.

Калиева Т.П., Шалхарова Д.Ж., Казтаева Б.К.

ИЗМЕНЕНИЕ КОБЫЛЬЕ МОЛОКА ПО СЕЗОНАМ И ВЕТЕРИНАРНАЯ – САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА КУМЫСА

Аннотация

В данной статье приведены практические работы проведенные в течении года по сезонам в Южно-Казахстанской области, Тюлькубасском районе, Керейтском селе, ферме «Аксанат». Были отобраны пробы молока кобели породы казахского джабе и провели исследование изменение биохимических показателей кобельего молока и приготовленного из него кумыса по сезонам года. В каждом сезоне были отобраны пробы трех кобелей на исследование, результаты приведены в этой статье.

Ключевые слова: кобылье молоко, кумыс, биохимические показатели.

Kaliyeva T.P., Shalharova D.Zh., Kaztaeva B.K.

CHANGE MARE'S MILK BY SEASONS AND VETERINARY- SANITARY EXPERTISE OF KOUMISS

Annotation

This article presents the practical work carried out throughout the year seasonal in South Kazakhstan region, Tulkubas district, Kereyt village farm "Aksanat". Were selected milk samples of mares Kazakh Jabe and conducted a study changes in biochemical indicators of mare's milk and koumiss prepared from it by seasons. In each season samples were taken for analysis of three mares', the results given in this article.

Key words: mare's milk, koumiss, biochemical indicators.

ӘОЖ:636.3:612.12(574)

Құрманғалиева А., Құлатаев Б.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

МАЛ ТЕРІЛЕРІН ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Қазіргі өркениетті заманда ертедегі ата кәсібіміз – мал шаруашылығы ел экономикасының кейінгі сапына ығысқанмен, тарихи, тұрмыстық және шаруашылық мәні жойылмақ емес. Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсатып, көптен бері келе жатқан тәсілдері, үй жағдайында теріні илеу технологиясы, иленген теріден жасалатын бұйымдар жайлы сипатталады.

Кілт сөздер: тері салмағы, ұзындығы, құлақшын, ені, қалыңдығы, малма.

Кіріспе

Халық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Сондықтан бұған байланысты түрлі – түрлі ұғымдар туды. Мысалы, ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс, ал тері иленіп ұқсатылғанан кейін оны қайыс деп атайды. Мал терілерін илеудің екі түрлі әдісі бар. Оның бірі үлкен

күбіге немесе шелекке ашытқы ашытып, теріні соған салып илеу. Мұны малма дейді. «Біреу малма сапсиды салып иін, Салбыраңқы тартыпты жыртық киім» – деген сөздерді Абай атамның өлең жолдарынан көруге болады. Екіншісі – и жағып илеу. Ал иді қатықтан, айраннан не езген құрттың сары суынан, кейде ашытқан көжеден немесе ұнға тұз қосып та илейді.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты

Теріні үй жағдайында илеп көрсету ертеректегі аталарымыздың қолданған әдіс – тәсілдерін қазіргі студенттерге көрсету, үйрету және қайта жаңғырту мақсатында жасалды. Табиғи өнімді табиғи қалпын сақтай отыра болашақта автоматтандыру көзделіп отыр. Теріні қолдан илеу былғары, ат тұрманы, қайыс, қамшы жасау, белдік жасау және ерте кезде ата бабаларымыз осы әдіспен теріні илеу арқылы тері шақай яғни аяқ киім тігіп киген. Ол аяқ киімдер өте жылы әрі шыдамды болған. Сонымен қатар тымақ, бөрік, құлақшын, тон тігіп киген. Қазіргі таңда бағалы әрі үлкен маңызға ие. Әр нәрсені өзің істеп көру өте әсерлі болғандықтан тері илеу технологиясын меңгеру өте қолайлы болды.

Зерттеу жұмысының барысы

Жаңа сойылған малдың терісін сыдырып алған соң таза суға төрт бес күн көлемінде малып қояды. Тері тесілмей дұрыс әдіспен сыдырылуы керек. Теріні малатын су көлемі тері толығымен бататындай көлемінде болуға тиіс. Теріні суға батырып қоюдың нәтижесінде терідегі жүн өз бетімен сыдырылып түсу үшін қажет. Тері үш – төрт күн суға малынып тұрған кезде су сасып борсыйды, сол себепті теріден жүнді сыдырып түсіру үшін екінші әдісті ойлап табылды.

Теріні суға салып бірнеше күнге қойса өткір иіс бөлетіндіктен теріні басқаша әдіспен жүнінен сыдыруға болады. Бұл әдістің ерекшелігі өткір иіс бөлмейді. Жаңа сойылған теріні сыдырып алған соң жақсылап тұрып жуады және ыңғайлы етіп жаяды. Қортылған әкті яғни қою борды теріге барлық жеріне жағады. Жағудың да әдісі бар және өте ептілікті қажет етеді. Әкті жағып болған соң ыңғайлы етіп домалақ қылып орайды. Әк ағып кетпес үшін терінің екі жағын ортасына бүктеп орайды. Теріні ыңғайлы етіп ораған соң таза суға үш төрт күн көлемінде малмаға салып қояды. Судың көлемі тері толығымен батып тұрғанша құяды, тері көлеміне қарай. Жәнеде малманың ыдысы тігінен ұзын болуға тиіс. Бұл тері жайылып кетпес үшін.

Екінші процесс әктеліп салынған теріні қыру үшін жұмыр ағаштың бір басын қабырғаға, не дінгекке сүйеп, бір басын көлбете жерге тіреп қояды. Толық жидіген тері жүні сыдырылып өте жеңіл алынады. Бұл процессті жиду процессі деп те атайды. Теріні жайып болған соң арнайы күрекпен емесе қырғышпен қырамыз. Бұл әктің яғни бордың әсері. Терінің жүні асықпай таза қырылуға тиіс.

Үшінші процесс жүнінен сыдырылған тері үшін ең маңызды рөл атқаратын илеудің мәні мен сәні де болатын процесс.. Таза жүні жидіп түсіп қалған терінің маңызы зор. Жүнінен сыдырылған теріні жақсылап жуып алған соң, келесі малмаға он бес жиырма күн көлемінде малып бетін мықтап жауып қояды. Бұл малманың маңыздылығы сонша күн жүйесінің ыстығымен, малмаға қосылған заттардың ерекшелігімен маңызды.


Кесте 1. Тәжірибеге алынған өнімнің өлшемдері

Малманың құрамы	Мөлшері	Терінің өлшемдері	Бастапқы	Соңғы
Айран сары суы	7 литр	Салмағы	22 кг	5-6 кг
Ашыған сүт	5 литр	Ұзындығы	1,70 см	1,45 см
Бидай кебегі	4-5 кг	Ені	1,65 см	1,35 см
Ұн	1,35 кг			
Тұз	5 кг	Қалыңдығы	6 мм	3 мм

Бұл малманың маңыздылығы сонша күн жүйесінің ыстығымен, малмаға қосылған заттардың ерекшелігімен маңызды. Бұл малма құрамында 7л – лік айран сары суы, ашыған сүт 5 л, жәнеде 4 – 5 кг малдың бидай кебегі, біраз мөлшерде 1,35 кг ұн сонымен қатар қара майда мал тұзы қосылуға тиіс. Тұздың мөлшері 5 кг көлемінде тұз. Осы қоспаларды жақсылап тұрып араластырамыз. Мал кебегінің сапасы жоғары болуға тиіс. Осы қоспаларды араластырып жуылған терімізді осы малмаға батып тұратындай етіп малып қоямыз. Үш күн аралап теріні ашып сапсып араластырып отырамыз. Бұл малмада тері толығымен иіп шығу қажет. Ыдыс та теріні сапсығанда кедергі болмайтындай ыңғайлы болуға тиіс. Иге салынған тері толығымен батырылады. Олай болмаса терінің иге батпаған жері қара қайыстанып, бырысады да кейін пішіп тігуге жарамайды. Теріні малып бетін тұмшалап жабамыз. Күн де ыстық болуы керек, тез иіу үшін.

Теріні малмада үш күн сайын сапсып, он бес жиырма күн тұрып алған соң теріні кептіреді. Теріні ыңғайлы етіп жайып кептіру қажет. Жәнеде күн түсетін жерге кептірмеген дұрыс себебі тері қатып қалады да талқыланбай тез кеуіп тұратын болады. Яғни жұмсарту қиынға соғады. Сол себепті теріні көлеңке самал жел соғып тұратын жерге жайып кептірген жөн. Күн көзі теріні жеп тастауы мүмкін. Тері толық кепкен соң келесі талқылау процесіне көшеді.

Төртінші процесс. Талқы – дегеніміз екі айыр ағаштан тұратын екі жағында он екі тістері бар ортасында бастырығы бар қолдан жасалған құрылғы.



1 – сурет. Теріні жұмсартуға арналған құрылғы.

1 – қолдан жасалған айыр ағаш. 2 – ағашқа ойылған талқы тістері. 3 – теріні жұмсартуға арналған бастырық. 4 – талқыға арналған тіреу.

Осы бастырық пен талқы тістері талқылау процесінде үлкен мағызға ие. Ал теріні толық кептірмей сәл дымқыл күйінде жылтыр жағын ішіне қаратып теріс бүктеп, ыңғайлы етіп талқы бастырығының астына салып бастырықпен баса отыра теріні жұмсартады.

Талқылау теріні былғары қайыс жасауға қолайлы етіп жасау үшін талқылау процесі қолданылады. Теріні бұрап, тері жұмсақ күйге келгенше уқалап көре отыра талқылайды. Теріні талқылаған сайын тері өз қалпына келе бастайды яғни ағарады.

Тері илеудің екінші түріне тоқтала кетсек, ол и жағып илеу. И жағылған теріні 1 – 2 күн ғана тұрады. Тері бітеу сойылып, оның жүнін былғамай, өңін шыңылтырландырмай илеп алады. Мұны «сабалау» дейді. Жаңа сойылып алған теріні теріс айналдырып, құрт пен тұз жағады да, ішіне екі сабауды сұғып, кергілеп толғайды. Тұру уақыты өткен соң тымақ тігіге эзір болады. Теріні қырғыштамайды, қалың көк еттері мен майларын қолмен алып тастайды. И жағып илеу үшін иленетін заттың көлемі шағын болуы шарт.

Қой – ешкі терілері. Қой терілерін: жабағы тері, қырықпа тері, күздік тері, соғым терісі, тақыр тері, тоқтышақ терісі, сеңсең, елтірі, мари, жылбысқа тері деп, он түрге бөліп атайды. Осы аталған терілерді и жағып илейді.

Жабағы тері – қой – ешкінің көкек, мамыр айларындағы жабағы жүні қопсымаған қалың түбітті терісі. Бұдан өте жылы күпі, тон (жабағы тон), бөстек жасайды, жидітіп жүнін алады.

Қырықпа тері – жабағы жүн мен күзем жүндері қырқылғаннан кейін сойылған малдың сұйық жүнді терісі. Бұдан тон, шалбар сияқты жеңіл – желпі киім тігіледі.

Күздік тері – қазан, қараша айларында сұйылған малдың өңі қалың терілері. Бұл тон, шалбар, ішік, бөрік жасауға қолайлы.

Соғым терісі – жүндес, қыртысы қалың мықты терілер. Ол киім түрлерінің бәріне жарай береді.

Тақыр тері – жүнін қырқып алысымен сойылған немесе жүнін жидітіп алған терілер. Бұдан жарғақ шалбар, тыстық, көмкерулер, қап, тұлып, дорба, дабыл сияқты заттар жасалады.

Елтірі – туғанына 2 – 3 ай болған қозы терілері. Жүні бұйра қаракөл сияқты өте әдемі. Бұдан ішік, тымақ, бөрік, бөстек, ноғай бөрік, жеңсе, жеңұш, жаға тігіледі.

Мари – туа салып немесе бір, екі күн өлген қозы, лақ терілері. Бөрік, тақия, жұрын көкірекше жасауға, әдіптеуге, киім тысын көмкеруге қолайлы. Маридің жүні аласа, жылтыр, кейде таңдайлана өрнектеліп келеді.

Жылбысқа – іште жатып өлген немесе туысымен өлген қозының өте жұқа терісі. Оның жүні жоққа тән. Тыстыққа, астарға, әдіпке, өрнек бетіне салуға жарайды.

Тоқтышақ терісі – сеңсеңі қырқылғаннан кейін біркелкі майда жүн өскен, 4 – 5 айдан асқан қозы терісі. «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген мақал да бар. Ол иімнің барлық түріне жарамды, жеңіл де жылы, жұмсақ тері. Одан тысты он (қаптама) жасайды.

Ешкі терілерін – жүндес тері, тақыр тері, түбітті тері, серке терісі, лақ терісі, лақ мариі деп бөледі. Ешкі терілері төзімді келеді. Сондықтан одан алуан түрлі киім тігеді, тулақ, торсық, саба, қапшық жасайды.

«Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген мақал да бар. Жалпы тері өңдеу технологиясы үй жағдайында осылай жүзеге асады. Әрі табиғи өнім әрі өте сапалы өнім болып өңделеді.

Қорытынды

Иленген теріден көксауыр, таспа, қайыс, қапшық, құлын жарғақ, бота ішік, шідер, жүген, айыл тартпа, тамақбау, құлақбау сияқты нәрселермен қатар былғары, ұлтан, опайке, шегрен, көзел, етік, мәсі, кебіс, қоржын, тоқым, ертұрман, тон, шалбар, шамадан, тақия, көпшік, белдік, кісе, кейде тұс киіз сияқты көлемді заттар да жасалады. Қазіргі өркениетті заманда ертедегі ата кәсібіміз – мал шаруашылығы ел экономикасының кейінгі сапына ығысқанмен, тарихи, тұрмыстық және шаруашылық мәні жойылмақ емес.

Әдебиеттер

- 1) « Қазақ әдебиеті » газеті. 1992 жыл. 20 Наурыз 8 – 9 беттер. Садық Қасиманұлы мұрағатынан.
- 2) « Прикладное искусство » Ә. Марғұлан 1975 жыл.
- 3) « Қазақ халқының қолөнері » Садық Қасиманұлы 1969 жыл.

Курманғалиева А., Кулатаев Б.Т.

ТЕХНОЛОГИЯ ОБРАБОТКИ ШКУР ЖИВОТНЫХ

Аннотация

В настоящее время, ранне исторических, бытовых и хозяйственных условиях подъема экономики, возрождение профессионализма в развитии животноводство в не притерпело изменений. Отмечается особенности характеристики в домашних условиях технология дубления кожи обычным путем по методу обработки шкур скота.

Ключевые слова: вес кожи, длина, шапка-ушанка, ширина, толщина, дубитель.

Kurmangalieva A., Kulataev B.T.

TECHNOLOGY OF TREATMENT OF HIDES OF ANIMALS

Annotation

Presently, early historical, domestic and economic terms of getting up of economy, revival of professionalism in development stock-raising in not притерпело changes. It is marked to the feature of description in home terms technology of tanning an ordinary way on the method of treatment of hides of cattle.

Keywords: weight of skin, length, cap-cap with ear-flaps, width, thickness, hardener.

ӘОЖ 636.1

Латиф Б.З., Алмаганбетова А.Т.

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті

ТАҒАМ ДЫҚ ҚОСПАЛАРДЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда әлемде азықтың миллиондаған түрлері бар. Табиғатта кездесетін, яғни табиғи және табиғи емес тағамдық қоспалардан басқа, соңғы жүзжылдықта табиғатта атымен кездеспейтін, органикалық заттардың негізінде жасалынатын синтетикалық тағамдық арнайы заттар көбейіп кетті. Олардың қатарына азық-түлік өнімдеріне түс, иіс және дәм беретін, қажетті қызмет атқаратын, сонымен қатар табиғи шикізаттың орнын басатын тағамдық қоспалар да жатады. Олар көбінесе химиялық жолмен өңделген табиғи немесе синтетикалық болып келеді.

Кілт сөздер: Тағамдық қоспалар, табиғи, синтетикалық, тағамдық өнімдердің құрамы, органолептикалық, технологиялық қасиеттер, сапасын жақсарту.

Кіріспе

Тағамдық қоспалар табиғи немесе қажетті (органолептикалық, технологиялық) қасиеттерді беру мақсатында қолданылатын, тағам өніміне әдейі енгізілетін және өз алдына тағамдық өнім немесе азық болып пайдаланылмайтын табиғи немесе синтезделген зат болып табылады. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының комиссиясының анықтауы бойынша, тағам қоспаларына Алиментариус кодексіне сәйкес «құндылығына қарамастан қалыпты жағдайда тағам ретінде қолданылмайтын, тағам ингредиентіне кірмейтін, өндіріс, өңдеу, қаптау, сақтау кезінде органолептикалық қасиеттерін жақсартатын, техникалық мақсатпен қосылған кез-келген зат» болып табылады.

Күнделікті жер бетіндегі кез-келген адам баласы азық-түлік өнімдерімен қатар тағамдық қоспалардың бір түрін болсын (тұз, қант, бұрыш, лимон қышқылы және тағы басқалары) қолданады.

Тағамдық қоспалардың қолданылу тарихы бірнеше жүзжылдықты қамтиды. Дегенмен де, тек ХІХ-ХХ ғасырларда ғана оларға көп көңіл бөлініп, үлкен сұранысқа түсе бастады. Бұның барлығы тез бұзылып, бүлінетін тағамдарды басқа елдерге тасу саудасының ерекшеліктерімен, яғни, жарамдылық мерзімін ұзартумен байланысты болды. Қазірдің өзінде сатып алушылар көбінесе тағамдық өнімдердің сыртқы түр-әлпетіне көңіл бөледі. Олардың барлығын дерлік тағамдық қоспалардың көмегімен ретке келтіреді. Яғни, органолептикалық қасиетін, консистенциясын жақсарту мақсатында тағам өндірісінде ароматизаторлар, бояғыштар, әр түрлі консерванттар кеңінен қолданылады.

Бірақ табиғи қоспалармен қатар жасанды қоспалардың кейбір түрлері белгілі бір ауру түрлерімен ауыратын адамдар тобына кері әсерін тигізеді, және көбінесе түрлі деңгейдегі аллергия ауруларын тудырады.

Отандық және де шетелдік зерттеулердің нәтижелері бойынша бүкіл әлемде тағамдық аллергияның таралуы әр түрлі елдерде 0,01%-дан 50%-ға дейін жетіп отыр. Және де тағамдық аллергия көп жағдайда ең бірінші балалық шақта дамиды.

Неліктен азық-түлік өнімдерін қолданғаннан пайда болатын аурулардың саны қазіргі таңда азаймайды, керісінше көбейіп келеді? Біріншіден, дұрыс тамақтанудың тез және жедел тамақтанудың, яғни максималды түрде заманауи химия мен биотехнологияның жетістіктері қолданылатын түріне ауысуы болып табылады.

Екіншіден, осы тағам түрлерін қолданудан немесе құрамындағы тағамдық қоспалардың әсерінен асқазан-ішек жолдарының бұзылуынан болады. Тағамдық қоспалардың көмегінсіз болмайтынын түсіну керек. Бірақ осының салдарынан туындайтын әр түрлі аурулардың алдын алу үшін халықты неғұрлым көбірек мәліметпен қамтамасыз етіп, өте қауіпті және зиянды тағамдар мен тағамдық қоспаларды тұтынудан бас тартуға шақыру керек.

Дүкендерде азық-түлік сатып аларда, көбінесе олардың құрамына аса көңіл бөле бермейміз. Негізі, құрамына қарап, не алып, не жеп жүргенімізге назар аударсақ, тамақтан улану немесе құрамындағы тағамдық қоспалардың мөлшерден тыс немесе зияндылығынан туындайтын көптеген аурулардың алдын алар ма едік...

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл жұмысты жүргізу үшін еліміздің әр түрлі қалаларындағы әр түрлі университеттердің студенттеріне анкета жүргізілді және де сол бойынша әлеуметтік сұрастыру болды. Түгелдей 30 студент қатысты. Анкета жүргізу үшін ең алдымен келесі тапсырмалар алдыға қойылды:

- Арнайы әдебиеттердің көмегімен зиянды тағамдық қоспаларды және олардың адам организміне әсерін анықтау;
- Студенттердің ең жиі қолданатын тағам түрлерін анықтау;
- Олардың құрамындағы тағамдық қоспаларды зерттеп, зияны жағынан классификациялау;
- Студенттердің тамақтануы жайлы қорытындыға келу;

Қазіргі таңда дұрыс тамақтану мәселесі өте маңызды болып табылады. Гамбургерлер, қытырлақ қуырылған картоптар, газдалған сусындар өміріміздің ажырамас бөлігі болып кетті. Бұл тағамдар қандай болып табылады? Олардың организмге әсері қандай?

Әлеуметтік сұрастыру кезінде әр түрлі жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге келесі сұрақтар қойылды:

- Қытырлақ қуырылған картоптарды, тез дайындалатын(кеспе) тағамдық өнімдерді қаншалықты жиі қолданасыз?

- Газдалған сусындар Sprite, Coca-Cola және тағы басқаларының қолданылу жиілігі;

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы тағам өнеркәсібіндегі тағамдық қоспалардың маңызы мен рөлі анықталады.

Практикалық маңызы адамдардың азық-түлік өнімдерін сатып аларда міндетті түрде құрамына назар аударуға және өндірушілердің өнімдердің адам организміне әсерін еске алатын сапасына көбірек көңіл бөлуге шақыру.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Анкетаның анализі бойынша, осы зерттеуге қатысқан 30(100%) студенттің 91%-ы күнделікті немесе өте жиі балмұздақ жейді екен, 67%-ы газдалған сусындардың түрін қолданады екен, 56%-ы шоколад және әр түрлі тәттілер, 87%-ы жартылай фабрикаттар, яғни, жартылай дайын тұшпаралар, әр түрлі сорпалар мен ботқа түрлерін пайдаланады.

Әлеуметтік сұрастыру нәтижесі бойынша, 30 студенттің 59%-ы газдалған сусындарды өте жиі қолданатынын көруге болады, тек 6%-ы екі айда немесе бір айда бір рет ішеді екен, 38%-ы қытырлақ картопты кем дегенде аптасына бір рет жеп тұратындарын айтты, 8%-ы мүлдем қолданбауға тырысатындарын білдірді.

Жүргізілген сұрастырулардан кейін бірнеше күн ішінде өте жиі қолданыстағы өнімдердің этикеткаларын жинастырып, құрамындағы заттарды зерттеп, классификацияларға бөліп, адам организміне әсері зерттелді.

Осының нәтижесінде, тағамдық қоспалар азық-түлік өнімдерінде сыртқы түр-әлпетін сақтауға көмектесетін, назар аудартатын түс беретін, жарамдылық мерзімін ұзартатын, тотығу, ашығу процестерін баяулататын тағамдық қоспалар қолданылатынын көруге болады. Сусындардың құрамында өте қауіпті болып табылатын бояғыш заттар өте көп. Сонымен қатар, сусындарда бұзылудан сақтайтын заттар мен консерваттардың көп мөлшерде кездеседі. Олардың барлығы дерлік асқазан-ішек жолдарын бұзады және канцерогенді болып табылатындықтан, мөлшерден тыс қолданылса адам организміне кері әсерін тигізеді.

Шоколад пен сүт өнімдерінің құрамында тағамдық қоспалардың мөлшері өте аз, дегенмен де антикышқылдандырғыш асқазан-ішек жолдарына кері әсерін тигізуі мүмкін болғандықтан, оларды мөлшерден тыс пайдаланбау керек.

Тағамдардың құрамы, құрамындағы тағамдық қоспалардың жанама әсерлерін және қатысушылардың қанша пайызы осы немесе басқа тағамдық өнімдерді қолданатынын анықтай келе, студенттердің денсаулық жағдайлары қызығушылық тудырды. Осының барысында, олардың аурулары туралы сұрастырып, асқазан-ішек ауруларымен қиналатын студенттердің ортақ саны анықталды.

30 студенттің алтауы әр түрлі аурулармен ауырады екен, бұл қатысушылардың 20%-ын құрайды. Аз болып көрінгенімен, бұлар бірнеше жылдан бері медициналық орындарда тіркеуде тұрғандар, бірақ барлық студенттер барып, жиі тексерістен өтпейді, сондықтан бұл көрсеткіш бұдан да жоғары болуы мүмкін. Және олардың көбі дерлік өздерін жиі әлсіз сезінетіндерін, құсу, бұрап ауыру сияқты жайттармен кезігетіндерін айтты.

Қорытынды

Тағам өндірістік орындарында тағамдық қоспалардың 500-ге жуық түрі қолданылады. Әлі күнге дейін ғалымдардың арасында зияны мен пайдасы жөнінде қызу талас әңгіме болып жатады. Олардың адам ағзасына, өміріне өте көп зияны бар екенін растайтын дәлелдемелер баршылық. Бояғыштар мен консерванттарды қолданғаннан кейін әр түрлі аллергиялар мен

ісіну ауруларына шалдығу деңгейі қатты көтеріліп кетті. Көбінесе ет өнімдерінде қолданылатын нитриттер мен нитраттар бауыр ауруларын, әлсіздік, тез шаршау, жүйке жүйесінің бұзылуын туындатады. Асқазан және ішек жолдарының бұзылуына әкеліп соғады, бұл өз кезегінде онкологиялық және де жүрек тамырларының ауруларына шалдығуға әсер етеді. Шалғай заманнан бері натрий глютаматының (Е 621) тышқандардың миына кері әсерін тигізетінін тәжірибе жүзінде жүргізілгенін білеміз. Сонымен қатар, мөлшерден тыс қолданған жағдайда адам баласы мүлде тағамдық заттардың қалыпты дәмін сезбейтіндей халге түсуі мүмкін. Олардың ішіндегі ең зияндылары деп консерванттар мен антикышқылдандырғыштарды айтуға болады. Адамзат баласы көптеген әр түрлі клеткалардан тұрады, сондықтан бір клеткалы организмдерге карағанда консервантты қолданғаннан өле қоймайды, дегенмен, егер де өте көп мөлшерде тұтынылған болса, онда арты өте жаман болуы мүмкін.

Осы жұмысты қорытындылай келе, газдалған сусындар, тез әрі жылдам дайындалатын тағамдарды қолдану міндетті болып табылмайды, оларды пайдаланбауға тіпті болмаса өте сирек қолдануға болады. Организмнің бір қалыпты дамуы мен өсуіне дұрыс және рационалды тамақтану қажет. Әрдайым өнімдердің құрамына назар аударуды әдетке айналдыру қажет, өйткені соған жұмсалған уақыт өміріңізді ұзартып, сақтап қала алады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері менің глобальды экологиялық проблемалардың тек қана бір бөлігін, яғни, азық-түлік өнімдерінің басқа заттармен ластануын қарастырғанымға көзімді жеткізді.

Дегенмен де, бұл мәселеге деген қызығушылық арта түсіп, өндірушілердің тағамдардың сапасына жауапты қарап, ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау» заңына сәйкес қатаң түрде қадағаланады деген үміттенемін.

Әдебиеттер

1. *A.Larry Branen, R.Micheal Davidson, Seppo Salminen, John H. Thorngate III Food additives*, 2005.
2. Пищевые добавки: энциклопедия, 2012.
3. *К.С.Петровский* Гигиена питания, 1981.
4. *Владислав Лифляндский* Энциклопедия здорового питания, 2012.

Латиф Б.З., Алмаганбетова А.Т.

ВЛИЯНИЕ ПИЩЕВЫХ ДОБАВОК НА ПРОДУКТЫ ПИТАНИЯ

Аннотация

В нынешнем времени имеются много различных видов продуктов. Кроме природных пищевых добавок, за последнее столетие количество синтетических добавок увеличилось. В их числа входят специальные искусственные добавки, которые придают определенные качества, например, вкус, консистенцию, цвет, запах, продолжительность хранения, внешний вид. С развитием химии пищевые добавки стали изготавливать искусственным путем.

Ключевые слова: пищевые добавки, природные, синтетические, состав продуктов питания, органолептические, технологические свойства, улучшить качество.

EFFECT OF FOOD ADDITIVES ON FOOD PRODUCTS

Annotation

In present time there are many different types of products. Except natural food additives, for the last century the quantity of synthetic additives has increased. Their numbers include special artificial additives which have certain qualities impact, for example, relish, a consistence, color, a smell, storage duration, appearance. With development of chemistry food additives began to make in the artificial way.

Keywords: food additives, natural, synthetic, structure of food, organoleptic, technological properties, to improve quality.

УДК 579

Малова Я.А., Жайлибаева Г.К.

Алматинский технологический университет

ПОЛЬЗА И ВРЕД КИШЕЧНОЙ ПАЛОЧКИ (*E. COLI*). ДВЕ СТОРОНЫ ОДНОЙ МЕДАЛИ

Аннотация

Кишечные палочки могут долгое время сохраняться в воде, фекалиях, почве, при высушивании. Подвержены кишечным инфекциям люди со слабым иммунитетом, дети, пожилые. Тошнота, рвота, диарея, высокая температура, боли в животе, основные симптомы, вызванные кишечной палочкой, которая может быть возбудителем большого числа болезней. При этом, кишечная палочка входит в состав нормальной микрофлоры кишечника человека. Также кишечная палочка (*E. Coli*) играет важную роль в современной промышленной микробиологии и биологической инженерии.

Ключевые слова: *E.coli*, кишечник, Mutaflor, синтез, рекомбинантные ДНК, вирулентный, болезни, смертельные токсины, первичный резервуар, вакцины.

Введение

1. *E.coli*

E. coli — грамотрицательная бактерия, факультативный анаэроб, не образует эндоспор. Клетки палочковидные, со слегка закруглёнными концами, размером $0,4\text{—}0,8 \times 1\text{—}3$ мкм, объём клетки составляет около $0,6\text{—}0,7$ мкм³. Кишечная палочка может жить на разных субстратах. В анаэробных условиях *E. coli* образует в качестве продукта жизнедеятельности лактат, сукцинат, этанол, ацетат и углекислый газ. Оптимальный рост достигается культурами *E. coli* при температуре 37 °С, некоторые штаммы могут делиться при температурах до 49 °С.

2. Кишечник

E. coli в норме заселяет кишечник новорождённого ребенка в течение 40 часов после рождения, поступая с пищей или от лиц, контактирующих с ребёнком, и сохраняются на протяжении жизни. В ЖКТ кишечные палочки прилипают к слизистым оболочкам и являются основными представителями факультативных анаэробов у человека. По другим данным, микроорганизмы (в том числе, *E. coli*), начинают заселять человеческий организм ещё в утробе матери.

3. Mutaflor

Непатогенный штамм *Escherichia coli* Nissle 1917 известен как Mutaflor и используется в медицине в качестве пробиотика, в основном для лечения желудочно-кишечных заболеваний, в том числе, у новорождённых.

4. Синтез

Кишечную палочку считают универсальным организмом для синтеза чужеродных белков. В *E. coli* исследователи вводят гены при помощи плазмид, что позволяет осуществлять биосинтез белков для промышленной ферментации. Также разработаны системы для синтеза в *E. coli* рекомбинантных белков.

5. Рекомбинантные ДНК

Одним из первых примеров использования технологии рекомбинантных ДНК является синтез аналога инсулина человека. Модифицированные *E. coli* используют при разработке вакцин, синтеза иммобилизованных ферментов и решения других задач. Однако, в организме *E. coli* невозможно получать некоторые крупные белковые комплексы, содержащие дисульфидные связи, в частности, белки, для проявления биологической активности которых требуется посттрансляционная модификация.

6. Вирулентный

Вирулентные штаммы *E. coli* в норме отсутствуют в кишечнике, и заболевание наступает при заражении алиментарным путем. Передача патогенных *E. coli* часто происходит фекально-оральным путём. Частые пути передачи могут быть вызваны: низкой гигиеной приготовления пищи, загрязнением продуктов навозом, поливом урожая загрязнённой водой или сточными водами, при выпасе диких свиней на пашнях, употреблением для питья воды, загрязнённой сточными водами.

7. Болезни

Вирулентные штаммы *E. coli* могут вызывать гастроэнтериты, воспаления мочеполовой системы, а также менингит у новорождённых. В редких случаях вирулентные штаммы также вызывают гемолитический-уремический синдром, перитонит, мастит, сепсис и грамтрицательную пневмонию.

8. Смертельные токсины

Некоторые штаммы *E. coli*, например, O157:H7, O121 и O104:H21, синтезируют потенциально смертельные токсины. Пищевые отравления, инфекционным агентом при которых являются вирулентные *E. coli*, обычно вызваны употреблением в пищу невымытых овощей или не прожаренного мяса.

9. Первичный резервуар

Первичными резервуарами *E. coli* O157:H7 является мясной и молочный скот, который может переносить бактерии бессимптомно и выделять с фекалиями.

В случае заболеваний кишечника у новорождённых, при болезни Крона и при неспецифическом язвенном колите обнаруживают повышенные уровни *E. coli* в слизистых ЖКТ. Инвазивные штаммы *E. Coli* обнаружены в воспалённых тканях, а количество бактерий в очагах воспаления коррелирует с тяжестью воспаления в кишечнике.

10. Вакцины

Исследователи разрабатывают эффективные вакцины для снижения количества случаев заражения патогенными штаммами *E. coli* по всему миру.

В апреле 2009 года исследователи Мичиганского университета заявили о том, что разработали вакцину для одного из штаммов *E. coli*. Подана заявка на патент.

Выводы

Таким образом, кишечная палочка как приносит пользу играя важную роль в промышленной биотехнологии, и тем, что она является представителем нормального бактериального состава (микрофлоры) человеческого желудочно-кишечного тракта. Так и вред, по тому что, некоторые штаммы могут вызвать пищевые отравления, заболевания мочеполовой системы, а наиболее вирулентные из них приводят к смерти детей и стариков со сниженным иммунитетом, вызывая сепсис и менингит.

Литература

1. <https://ru.wikipedia.org>
2. <http://normoflorin.ru>
3. <http://teamhelp.ru>

УДК 636.598:591.47

Meimankulova G.S.. Dzhunusov R.Zh.

Kazakh national agrarian university

THE DESIGN OF THE ETHMOID BONE IN THE SAGITTAL SKULL CLIPPING

Annotation

The article, basing on archive materials, attempts to examine design of the ethmoid bone in the sagittal skull clipping and explore parts of the ethmoid bone(perpendicular plate, cribriform plate, orbital plate, ectoturbinalias, endoturbinalias). Also this article includes photos of the parts. In general, my work introduces new view of this bone.

Also my work consists of 3 parts: introduction, results of research and conclusion.

Keywords: skull, cranium, bone, neurocranium, splanchnocranium, paired, unpaired, ethmoid bone, cribriform plate, perpendicular plate, orbital plate, ethmoid labyrinths, ectorubinalia, endoturbinalia.

Introduction

The English word "skull" is probably derived from Old Norse "skalli" meaning bald, while the Latin word cranium comes from the Greek root κράνιον (kranion).

Cranium (skull) the bony structure that encases the brain. The skull supports the structures of the face and forms a protective cavity for the brain.


The bone, which I'm going to explore, is located at the roof of the nose, between the two orbits.

Materials and methods


Research work has made in preparing putrid preparation laboratory of chair of physiology, morphology and biochemistry by academician N.O. Bazanov. We have cut the skull of the horse in sagittal form and researched construction of the ethmoid bone.

Results of research

The cranium comprises 2 parts




The bones of the cranium can be divided into 2 groups



After exploring about skull, I can say about my main bone of my work.

The ethmoid bone is an unpaired bone in the skull that separates the neurocranium from the splanchnocranium. It is located at the roof of the nose, between the two orbits.



The skull of the horse


Ethmoid bone consists of 3 different plates (cribriform, perpendicular, orbital) and 2 ethmoid labyrinth (ectoturbinalia, endoturbinalia).

Cribriform plate (lamina cribrosa) - forms the roof of the nasal cavity. It contains many small holes that transmit the olfactory nerves. Crista galii - a thin vertical plate that extends upward from the cribriform plate. It is an attachment point for the falx cerebri (part of the connective tissues that surround and protect the brain).



Cribriform plat

Perpendicular plate (lamina perpendicularis) – a thin, vertical plate that extends down into the nasal cavity. It begins from crista galii.



Perpendicular plate

Orbital plate (lamina orbitalis) — is a thin plate like a paper. It's surround ethmoid labyrinths.



Orbital plate

The ethmoid labyrinths (labirintus ethmoidalis) — lie on both lateral sides and located between perpendicular plate and orbital plate. It contains many mucous-lined air cells that open into the nasal cavity. Endoturbinalias are situated at the centre. They are major ethmoturbinalias. Ectoturbinalias surround endoturbinalias and they are small ethmoturbinalias.



Ethmoid labyrinths

That's all about construction of the ethmoid bone.

Now about articulations. The ethmoid articulates with fifteen bones:

1) four of the neurocranium —the frontal, and the sphenoid (at the sphenoidal body and at the sphenoidal conchae).

2) eleven of the viscerocranium — two nasal bones, two maxillae, two lacrimals, two palatines, two inferior nasal conchae and the vomer.

At last, about function. Role in magnetoception: some birds and other migratory animals have deposits of biological magnetite in their ethmoid bones which allow them to sense the direction of the Earth's magnetic field. Humans have a similar magnetite deposit, but it is believed to be vestigial.

Conclusion

I want to say that organism of animal and human is similar. It means, we have ethmoid bone, too. Ethmoid bone is invisible part of our skull. So I understand one thing, if we don't know about us small thing, we put us in danger. So we should learn lots of facts and open new possibilities about human.

References

1. Жаңабеков К., Жаңабекова Г.К., «Жануарлар морфологиясы және латын терминологиясы» Алматы.: Сөздік-Словарь, 2005. 217-218 б.
2. Illustrated Anatomy of the Head and Neck, Fehrenbach and Herring, Elsevier, 2012, page 52.

УДК 664.6

Сагиндыкова Н., Мамаева Л.А.

Казахский национальный аграрный университет

ОБОГАЩЕНИЕ МУЧНЫХ КОНДИТЕРСКИХ ИЗДЕЛИЙ ФИТОДОБАВКАМИ

Аннотация

В работе показаны практическая возможность и целесообразность обогащения мучных кондитерских изделий фитодобавками растительного происхождения (кардамон и корица), проведены физико-химические исследования мучных кондитерских изделий и определена его энергетическая ценность.

Ключевые слова: кардамон, функциональное питание, мучные кондитерские изделия.

Введение

Мучные кондитерские изделия являются одними из основных продуктов питания, а их качество далеко не всегда соответствует предъявляемым требованиям современной науки о питании. Одним из направлений решения данной проблемы является создание новых безопасных сортов мучных кондитерских изделий функционального назначения для коррекции питания населения.

Решить эту проблему можно было бы за счет использования продуктов переработки нетрадиционного сырья, ввиду наличия целого ряда полезных веществ: витаминов и микроэлементов [2]. Применение фитодобавок существенно улучшает вкусовые и ароматические показатели пищевых продуктов. За счет содержащихся в них витаминов фитодобавки способствуют усилению обмена веществ, нормализации и оздоровлению кишечной микрофлоры, что приводит к снижению аутоинтоксикации организма и интенсивности гнилостных процессов в кишечнике [1]. К наиболее распространенным пряностям относятся: корица и кардамон. Их употребляют исключительно в сухом виде для придания пищевым продуктам новых вкусовых свойств. В пищевой промышленности также используют сухие экстракты лекарственного растительного сырья в качестве добавок в напитки, желе, кондитерские изделия.

Нами рассмотрена возможность применения фитодобавок при производстве мучных кондитерских изделий для придания им функциональных свойств. В качестве фитодобавок использовали – кардамон и корицу.



Рисунок 1. Сахарные печенье с фитодобавками.

Тесто для мучных кондитерских изделий готовили по традиционной технологии. Выпечку изделий производили в пекарной камере при температуре 180 °С в течение 15-20 мин.

Провели органолептические исследования. Добавку вносили в количестве 5,10,15,20,25 % от массы пшеничной муки высшего сорта.

По органолептическим показателям определили, что новые мучные кондитерские изделия соответствуют нормам.

По органолептическим показателям наиболее приятными по вкусу и цвету были образцы с содержанием от 5% до 10% растительного порошка. В дальнейшем, при увеличении количества порошка внешний вид изделия стал более темным.

В результате проведенных экспериментальных исследований выбрали оптимальный образец №2, т.е. с 10% растительной фитодобавкой.

Физико-химические показатели новых мучных кондитерских изделий показаны в таблице 1.

Таблица 1. Физико-химические показатели новых хлебобулочных изделий (с содержанием 10% растительного порошка)

Показатели	Сахарное печенье
Влажность, %	25
Кислотность, град	2,5
Сухие вещества, %	46
Пористость %	55
Срок хранения, сут	30
Энергетическая ценность, ккал	280

Внесение фитодобавок способствует повышению пластичности, уменьшению упругости теста и адгезии, что положительно влияет на технологические параметры производства печенья. Использование фитодобавок таких как кардамон и корица улучшает вкусовые качества сахарного печенья, заметно повышается пищевая ценность изделий, оптимизируется их состав.

Литература

1. *Касьянов Г.И., Кизим И.Е., Холодцов М.А.* Применение пряно ароматических лекарственных растений в пищевой промышленности // Пищевая пром-сть. – 2000. – № 5. – С. 33.
2. *Дорохович В.Е.* Разработка и оптимизация рецептур на мучные кондитерские изделия повышенной биологической ценности // Хлебобулочные изделия. – 2000. – № 12. – С. 8.
3. *Артемьева Н.К., Макарова Г.А., Артемьев А.В.* Использование нетрадиционного растительного сырья в кондитерских изделиях // Изв. вузов. Пищевая технология. – 1999. – №2–3. – С. 40.
4. *Быстров А.В., Матвеева И.В., Изосимов В.П.* Свойства пшеничной муки и качество сырцовых пряников // Кондитерское пр-во. – 2004. – № 2–3. – С. 40.

Салханова С.Н., Искакова І.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНАН БИОФЛАВОНОИДТАРДЫ АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Пиязқабығы мен көк шәйдан флавоноидтарды экстракциялау жүргізілді. Бөлініп алынған флавоноидтарды алюминий хлориді реакциясымен анықталды. Бөлініп алынған флавоноидтар алюминий хлориді реакциясымен сәйкестендірілді. Спектрофотометрия әдісімен флавоноидтардың сандық қосынды мөлшері анықталды. Пиязқабығы мен көк шәйдан флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтауда экстрагенттің концентрациясының, экстракция уақытының және температурасының, шикізаттың ұсақталуының флавоноидтардың шығымына әсері зерттелді.

Кілт сөздер: Биофлавоноидтар (флавоноидтар), пияз қабығы, көк шәй, этанол, гравиметриялық әдіс, кварттау әдісі, экстракция, спектрофотометрия.

Кіріспе

Биофлавоноидтар (флавоноидтар) – суда (гидрофильді) және майда еритін (липофильді) табиғи фенолды қосылыстар. Алғаш рет биофлавоноидтарға 1930 жылы американдық биохимик Альберт Сент-Дьёрди зерттеулер жасаған.

Флавоноидтар тек өсімдіктерде синтезделеді және өсімдіктер ұлпасына түрлі түс беретін пигменттер күйінде көп таралған. Олардың негізгі мақсаты түрлі сыртқы факторлар (УК, саңырауқұлақтар, вирустар, жәндіктер және бос радикалдар) әсерінен зақымдалған өсімдік торшаларының қорғаныс функциясын қалпына келтіру[1].

Қазіргі таңда олардың 5000-ға жуық түрлері кездеседі. Кең таралған түрлері: рутин, кверцетин, гесперидин және катехин.

Биофлавоноидтарды медицинада аллергиялық қабынуларға, миокард жұмысының төмендеуінде, артериальды қысымның қалыпқа келуіне, жүрек-қан тамыры жүйесінің ауруы кезінде, тыныс алу мүшелерінің ауруы кезінде, бронх аурулары, оның ішінде жіті пневмония, өкпенің ұзаққа созылған ауруы, бронхиальды астманың (инфекциялық формасы) асқынған кезеңінде, асқазан-ішек жолдары ауруларында, эндокринді аурулар кезінде, зат алмасуы бұзылған кезде, көз ауруларына (катаракта) қолдануға ұсынылады.

Жұмыстың мақсаты – биофлавоноидтардың (флавоноидтар) медико-биологиялық маңызын ескере отырып, табиғи шикізаттардан (пияз қабығы, көк шәй) биофлавоноидтарды (флавоноидтар) бөліп алу және сандық мөлшерін анықтау.

Зерттеу әдістері

Қазіргі таңда биофлавоноидтардың антиоксиданттық, антимутогендік және антиканцерогендік белсенділігінің жоғары болуы оларды түрлі өсімдік шикізатынан бөліп алу үлкен сұранысқа ие болып отыр. Шикізатта флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау үшін қолданылатын әдістердің бірі өсімдік шикізатын этил спиртімен өңдеу (концентрациясы шикізат түріне байланысты таңдалады). Нәтижесінде құрамында флавоноидтары бар спиртті ерітіндіге алюминий хлоридін қосып, флуориметр құралының көмегімен қоспадағы флавоноидтар концентрациясын анықтауға болады [2].

Табиғи шикізаттар МемСТ 24027.0-80 «Үлгілерді алу және таңдау әдістері» стандартына сәйкес таңдалды. Зерттеу жұмыстарына шикізат ретінде - пияз қабығы және көк шай алынды. Әдеби мәліметтерге сәйкес пияз қабығы мен көк шайда басқа өсімдік

шикізаттарымен салыстырғанда биофлавоноидтар концентрациясы жоғары және жинауға аса көп шығын қажет етпейтін қолжетімді өнімдер.

Табиғи шикізаттарды гравиметриялық әдіспен кептіріп, кептірілген үлгілерді кварталтау әдісімен өлшеп зерттеуге дайындадық. Зерттеу жұмыстарын дайындалған табиғи шикізаттардың ылғалдылығын анықтаудан бастадық және ылғалдылық (МемСТ 24027.2-80 «Өсімдік тектес дәрілік зат ылғалдылығын анықтау») стандартқа сәйкес жүргізілді.

Пияз қабығынан спиртті экстракт алу әдісі (этанолдың 70% концентрациясымен экстракциялау әдісі)

Бөлшегі 1-3 мм болатындай ұсақталған пияз қабығы мен көк шәйдің 1,0 г (дәл өлшенген) үлгісін көлемі 250 мл колбаларға (аузы шлифтелген) салып, 100 мл 70% этанол құйдық және колбаны кері тоңазытқышқа жалғап, 60 минут аралығында су моншасында қайнаттық. Экстракттарды бөлме температурасына дейін суытып, қағаз сүзгі арқылы әрқайсысын 200 мл өлшем колбаларға сүздіп, экстракцияны келтірілген жағдайда екі рет 50 мл 70% этанолмен қайталадық және фильтраттың көлемін 70% этанолмен толтырдық (А ерітіндісі). Табиғи шикізаттардан флавоноидтардың толық экстракцияланғандығын цианидинді үлгі арқылы тексердік[3].

Рутинге шаққандағы пияз қабығы мен көк шәйдан флавоноидтардың сандық қосынды мөлшерін анықтау әдісі

А ерітіндісінен 2 мл алып 25 мл өлшем колбасына құйып, оған 2 мл 2% алюминий хлоридінің 95% этанолдағы ерітіндісі мен 1 тамшы 5% сірке қышқылын қосып, өлшем сызығына дейінгі көлемді 95% этанолмен жеткіздік (Б ерітіндісі). 40 минуттан соң Б ерітіндісінің оптикалық тығыздығын қалыңдығы 10 мм кюветаға құйып, 414 нм толқын ұзындығын таңдап спектрофотометрде өлшедік және осы жағдайда рутиннің стандартты ерітіндісінің оптикалық тығыздығы анықталды.

Рутинге шаққандағы флавоноидтардың сандық қосынды мөлшері мына формула бойынша анықталды [4]:

$$x = \frac{D \times K^v}{m} \times \frac{m_s}{D_s \times K_s^v} \times \frac{100}{100 - W} \times 100$$

Нәтижелер мен талқылаулар

Флавоноидтардың сандық қосынды мөлшерін анықтауға дифференциальды спектрофотометрия әдісі қолданылды және алюминий хлориді қатысындағы пияз қабығы мен көк шәйдің спиртті экстрактысының максимальды жарықты жұту толқын ұзындығы 414 нм.

Зерттеуге алынған табиғи өнімдерден флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтауда экстрагенттің концентрациясының, экстракция уақытының және температурасының, шикізаттың ұсақталуының флавоноидтардың шығымына әсері зерттелді (кесте 1).

Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша бөлшегі 1 мм болатындай ұсақталған пияз қабығы мен көк шәйді 100°C температурада 70% этанолмен 90 минутта экстракциялағанда максимальды флавоноидтардың сандық мөлшерін анықталды.

Кесте 1.

Экстрагент	Экстракция уақыты, мин	Экстракция температурасы, °С	Шикізаттың ұсақталуы, мм	Флавоноидтардың сандық мөлшері, %	
				пияз қабығы	көк шәй
50% этанол	90	100	1,0	1,55	1,45
70% этанол	90	100	1,0	1,82	1,68

Қорытынды

Зерттеулерімізге алынған табиғи шикізаттар: пияз қабығы мен көк шәй 1 мм ұсақталған бөлшегін 90-100°C температурада 70% этанолмен 90 минутта экстракциялағанда максимальды флавоноидтардың сандық қосынды мөлшерін анықтау әдісі жасалды.

Әдебиеттер

1. *Корулькин Д.Ю.* Природные флавоноиды/Д.Ю. Корулькин, Ж.А. Абилов, Г.А. Толстиков. – Новосибирск: Наука, 2007.-296с.
2. *Евдокимова О.В.* Разработка и валидация количественного определения суммы флавоноидов в траве тысячелистника//Вестник ВГУ, Серия: Химия. Биология. Фармация, - 2007, №2, с.155-160.
3. *Лобанова А.А.,* и др. Исследование биологически активных флавоноидов в экстрактах из растительного сырья//Химия растительного сырья. 2004, №1, с. 47-52.
4. *Ломбоева С.С.,* и др. Методика количественного определения суммарного содержания флавоноидов в надземной части ортилии однобокой (*Orthilia secunda*(L) house)//Химия растительного сырья. 2008, №2, с. 65-68.

Салханова С.Н., Исакова И.С.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ БИОФЛАВОНОИДОВ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

Аннотация

Проведена экстракция биофлавоноидов из шелухи лука и зеленого чая 70% этанолом и определено количественное содержание суммы биофлавоноидов спектрофотометрическим методом.

Salkhanova S.N., Iskakova I.S.

DETERMINATION OF BIOFLAVONOIDS FROM PLANT RAW MATERIALS

Annotation

Produced extraction of flavonoids from onion peel and green tea with 70% ethanol and defined quantity amount of the content of bioflavonoids by spectrophotometric method.

УДК 620.16

Сапарғали А.Ж. Акишев Н.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚҰРТ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақтың ұлттық тағамы құрттың құрамы, пішіні және жасалу технологиясы қарастырылған. Әр түрлі сүттен құрт алуы жоспарланған. Құрт жасау технологиясын механизацияландыру мен автоматтандыру қарастырылған.

Кілт сөздер: құрт, сүт, шұбат, қымыз, пішін, құрт жасау технологиясы

Кіріспе

Сүт – ежелден келе жатқан өте бағалы өнім. Олай дейтініміз, ағзаға оның құрамдас бөлігінің 95-98 пайызы сіңеді. Сүт, сондай-ақ, амин қышқылдарының, макро және микроэлементтердің, дәрумендердің таптырмайтын көзі. Тарихи деректерге қарағанда адам әуелі етпен, содан кейін сүтпен қоректенуді үйренген. Келе-келе біздің ата-бабаларымыз сүтті рәсуә етпей сақтау жағын да ойластырған. Осы жағдайға байланысты сүт тағамдары «дүниеге келген».

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып, тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт деген түрлерге бөлінеді [1].

Негізгі бөлім

Мал және одан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды. Осы ақтан бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай жүре одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған. Олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау, пісіру жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған.

Сүт басқа өнімдердің биологиялық құндылығын көтереді. Ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отырады. Сүтті пайдаланып әр түрлі тағамдар дайындауға болады. Айран ұйытып, ірімшік, құрт кептіруден бастап, ботқа пісіруге дейін осы бір керемет өнім пайдаланылады. Ал сүт қосып дайындалған тағам өте дәмді болады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті бар. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылып жүр.

Сүттің химиялық құрамына пластикалық, минералды, энергетикалық, реттегіш заттар мен дәрумендер кіреді.

Сүттің пластикалық заттары.

Сүт ақуыздары, ет және балық ақуыздарына қарағанда, әлдеқайда толыққанды және тезірек қорытылады. Ақуыз адам ағзасында жаңа жасушаларды түзу үшін қажет. Сүттің ақуыздары үш құрамдастан тұрады: шикі сүтте еріген күйінде болатын казеин, альбумин және глобулин.

Сүттің барлық ақуыздары толыққанды топқа жатады, яғни олардың құрамында барлық 20 аминқышқылдары бар. Олардың ішінде – адам ағзасында синтезделмейтін және сырттан тамақ арқылы келуі тиіс 8 ауыстырылмайтын аминқышқылдары. Осы аминқышқылдарының ең болмағанда біреуінің болмауы зат айналымының бұзылуына әкеледі.

Алмастырылмайтын аминқышқылдарының ішінде үшеуі аса маңызды:

Метионин	Лизин	Триптофан
Май айналымын реттеп, бауырды май басудан қорғайды	Қан түзілуімен тығыз байланысты. Оның азық-түлік құрамында жеткіліксіздігі, қан түзілуінің бұзылуына, қанның қызыл түйіршіктері – эритроциттер санының азаюына, гемоглобин мөлшерінің төмендеуіне әкеледі. Тағамда лизиннің жеткіліксіздігі кезінде азот айналымы бұзылып, бұлшықеттің әлсіреуі байқалады, сүйектің кальцификациясы бұзылып, бауыр мен өкпеде бірқатар өзгерестер туындайды.	Кейбір маңызды қосылыстардың (никотин қышқылы, серотонин) синтезі үшін қажет. Триптофан айналымының бұзылуы жарыместікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, триптофан айналымының бұзылуы көкжөтел, қатерлі ісік, диабет сияқты аурулардың көрсеткіші болуы да мүмкін.

Сүт майы – ағза үшін энергияның бай көзі. Май жеңіл қорытылады. Сүттің құрамында май өте кішкентай май түйіршіктері түрінде болады. Сүт майы – ең толыққанды: оның құрамына осы уақытта белгілі барлық май қышқылдары, оның ішінде ағзамен синтезделмейтін, бірақ тағаммен бірге келетін алмастырылмайтын май қышқылдары кіреді. Сүт майы жануар майларында мүлдем болмайтын А, D, E және К дәрумендеріне бай.

Мал сүтінің негізгі көрсеткіштері төмендегідей:

№ р/с	Мал түлігі	құрғақ зат	майлылығы	ақуыз	лактоза	күйі
	Сиыр сүті	12,5	3,8	3,3	4,7	0,7
2	Бие сүті	10,3	1,25	2,15	6,5	0,4
3	Ешкі сүті	13,4	4,4	3,6	4,9	0,8
4	Қой сүті	18,2	6,7	6,3	4,3	0,9
5	Түйе сүті	13,6	4,5	3,6	5,10	0,7

Сөйтіп сүтті ашытып – сусын, қайнатып – құрт-ірімшік, тағы басқа тағамдар дайындаған. Бұл баға жетпес тағамдар талай ғасырлардан бері өз мәнін жойған жоқ, жоймайтын да тәрізді. Өйткені қымыз ашыту, шұбат ашыту, құрт, ірімшік қайнату секілді бұрын қолмен атқарылатын жұмыстары механикаландырылған. Қазір осы бір бағалы ұлттық тағамдар технологиялық жолмен дайындалып, халқымыздың дастарханын бұрынғыдан да молайта түсуде.

Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамының өте көне түрінің бірі – құрт. Құрт ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланылады.

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып, тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт деген түрлерге бөлінеді.

Сабада жиналып пісілген іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайната береді. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Әбден қойылған құртты қапқа құйып керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, тақтайшаға, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударып кептіреді. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойына, кейде 2-3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады.

Сиыр сүтінен дайындалатын құртты жасау әдісі:

1. Белгілі бір мөлшердегі сүт өнімін 85-90⁰С температурада пісіреді.
2. Пісірілген сүт 35-40⁰С температурада суытылады.
3. Суытылған сүтке 20 г ұйытқы қосып, 6-7 сағат ұйытылады.
4. Ашыған айранды қазанға құйып, түбі күйіп кетпес үшін, әлсін-әлсін қазанның түбін араластырып отырамыз.
5. Араластыра отыра, 5 г тұз қосылады, өйткені тұз қосылған айранның сарысуы тез бөлінеді.
6. Әбден қоюланған айранды матадан тігілген қалтаға (дорбаға) құйып, бір тәулікке іліп қоямыз.
7. Құрғатылған өнімге белгілі бір мөлшерде ас тұзын қосып, әбден араластырып, мөлшері 20-26⁰ г домалақ пішінді түр (форма) береміз.
8. Тақтаға жайылған құртты әр күн сайын аударып, 2-3 күн кептіреміз.


Әр түрлі пішінді құрттардың химиялық құрамы

№	Құрттың пішіні	Су	Құрғақ заттар	Нәруыз	Май	Тұз	Қант
1	Төртбұрышты	12,7	87,3	24,6	54,4	0,92	7,4
2	Жалпақ	13,4	86,6	25,4	56,2	0,86	4,2
3	Домалақ	13,2	86,8	26,2	56,8	0,86	2,9
4	Сығылған	14,2	85,8	27,0	57,2	0,78	0,9
	M±m	13,3±0,23	87±0,25	26±0,41	56±0,45	0,9±0,02	4±0,95

Зерттеу нәтижелері

Енді тәжірибеге келетін болсақ, түйе сүті мен бие сүтін араластырып ашытамыз. Белгілі бір мөлшердегі сүт өнімі 85-90⁰С температурада пісіріліп, 35-40⁰С температурада суытылады. Суытылған сүтке ұйытқы қосылып, 6-7 сағат қойылып ұйытылады. Одан кейін тұз қосамыз, өйткені тұз қосылған айранның сарысуы тез бөлінеді. Әбден қоюланған айранды матадан тігілген қалтаға (дорбаға) құйып, 40-50 минут іліп қоюымыз керек. Сары суы ағып біткен соң, оны пішіндегіш аппаратқа салып, жүгері ұнын қосамыз. Содан кейін әр түрлі пішіндегі құрт тағамы дайын болып, кептіру аппараттарына барады.

Қорытынды



Әдебиеттер

1. Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті-Алматы,2002.-52-53 б
2. Калиев С. Қазақтың сүт тағамдары және оларды әзірлеу технологиясы//Этнопедагогика в системе образования-2006.37-38б.
3. Инихов Г.С. Биохимия молока и молочных продуктов Издательство «Пищевая промышленность», 1989. -320 с.

Аннотация

В статье были изучены вопросы приготовления национального молочного продукта-курта, была изучена технология приготовления, основные компоненты, физико-химические показатели, предложены способы механизированного формования заготовок курта.

Ключевые слова: курт, молоко, шубат, кумыс, форма, технология приготовления курта

Annotation

The article examined the preparation of a national dairy product-kurt, was studied the preparation technology, the main components, physical and chemical indicators, proposed methods of mechanized forming of kurt.

Keywords: Kurt, milk, shubat, form, technology of kurt preparation.

ӘОЖ 636.32/385:65

Төлеген Т., Қадыкен Р.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ «ЗААНЕН» ТҰҚЫМЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада қазақстанда өсірілетін сүтті бағыттағы «Заанен» тұқымды ешкілердің сүт өнімділігі ерекшеліктері туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Заанен ешкі тұқымы, лактация, декада, сүттің физикалық қасиеті, фенотип, генотип.

Кіріспе

Елбасымыз, Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан халқына жолдауында «Елімізде мал шаруашылығы саласы экономикамыздың негізі болып саналады, сол себепті, ауыл шаруашылығын дамытуымыз керек» деп атап өткен еді. Сол үшінде өскелең елдің ұрпағы мына біз осы салаға өз үлесімізді қосуымыз керек. Жаңа заманға лайық деп саналатын биолог, селекционер, агроном немесе зоотехник, инженер, дәрігер және оқытушы мамандығын жақсы меңгерумен қатар, жұмыс барысында жиналған мәліметтерге статистикалық өңдеу жүргізу арқылы ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу керек.

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы болса, ал ешкі шаруашылығы - кенже дамып келе жатқан сала болып табылады. Қазақстанның жер байлығын, табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты ешкі шаруашылығын дамыту қолға алынып отыр. Бүгінгі таңда ешкі шаруашылығының өнімділігін арттыру жолға қойылуда. Сондықтан өнімділік ерекшеліктерін арттыра отырып, экономикамызға пайдалы жақтарын жетілдіруіміз керек. Сонымен бірге өнім алу барысында, азықтандыру мен күтіп-бағудың тиімді жақтарын игеру арқылы арзан әрі құнарлы азықтар пайдаланып жоғары өнімге қол жеткізуіміз керек.

Осындай өзекті мәселелерді шешу мақсатында «Дүйсен» жеке шаруашылығында өсіріліп жатқан сүтті бағыттағы «Заанен» ешкі тұқымының сүт өнімділігін анықтау жұмысы, айтылған ұсыныстарды шешу үшін өзекті болмақ.

Өнімділік ерекшелігі бойынша бұл тұқым ешкілері орасан төлдегіштігімен, жетілгіштігімен және сүт өнімділігімен ерекшеленеді. 100 аналықтан 180-250 төл алынады, сауын маусымы 10-11 ай, ал қысыр ешкілер жыл бойына сауылады. Сүттің физикалық қасиеттері бойынша түсі қой сүтіне қарағанда ақ түсті келеді, сүттің қышқылдығы басқа түліктер сүтіне қарағанда төмен. Сүттің қату және қайнау температурасы қалыпты. Сүт майындағы май шарларының диаметры басқа түлік сүттерінің май шарлары диаметрлерінен кіші, сол себепті сүттің бетінде май қалқымай сүтте толық араласып тұрады.

Ешкі сүтінің жалпы химиялық құрамы бойынша, оның құрғақ затында: майдың мөлшері - 34 гр, көксүт құрғақ заты - 82 гр, сүт қантты - 85 гр, көмірсулар - 30 гр, минералды заттар - 7 гр. Сол себепті де ешкі сүтінің адам организміне тигізер пайдасы өте

мол. Айтар болсақ, ешкі сүтіндегі маңызды элементтер кальций мен фосфорға өте бай. Ешкі сүтінде витаминдер мол. С витаминінің мөлшері сиыр сүтінен 10 есе артық, ал кальций мен фосфор шамасы ана сүтінен 4-8 есе артық. Ешкі сүтінің қышқылдығы төмен болғандықтан асқазан қышқылдығы артқан немесе асқазан жарасы бар адамдар үшін өте пайдалы. Ешкі сүтінің тағыда бір ерекшелігі, ана сүтімен пара-пар келеді.

Зерттеу жұмысы Алматы облысы, Іле ауданына қарасты Байсерке ауылы «Дүйсен» жеке шаруашылығындағы «Заанен» тұқымды, сүтті бағыттағы ешкілерге жүргізілді. Жалпы зерттеуге 20 бас аналық ешкілер алынып, оларды үш топқа бөліп қарастырдық. Зерттеу нәтижесі бойынша ешкілердің тәуліктік, тоқсандық және жылдық сүт беру мөлшері сонымен бірге желіннің пішіні мен көлемдері анықталды.

1-кесте. Сауынды ешкілердің сүт беру мөлшері

Топтар	Тәулік	Тоқсандық	Жылдық
I-топ 3 тума жасында	5 кг	440 кг	1000 кг
II-топ 2 тума жасында	4-4,5кг	405 кг	800 кг
III-топ 1 тума жасында	3,5-4 кг	315 кг	750 кг

1-кестеде көрсетілгендей, сауынды ешкілердің сүт беру мөлшері бойынша 3 топқа бөліп, олардың тәуліктік, тоқсандық және жылдық сүт беру мөлшерілері бойынша салыстырғанда, I-топ 3 тума жасындағы ешкілер II-топ 2 тума жасындағы және III-топ 1 тума жасындағы ешкілерге қарағанда сүттілігі жағынан жоғары екендігін көрсетіп отыр. Демек бұл ешкілердің сүттілігі тұмса жастарына да байланысты екендігін аңғаруға болады.

Ешкі сүтінің мөлшері, ешкілерді азықтандыру мен бірге ешкінің генотиптік және фенотиптік қасиеттеріне де тікелей байланысты екендігін білуге болады. Сол фенотиптік қасиеттерінің бірі болған ешкі желіннің құрлысы мен көлемі, ешкінің сүттілігінің негізгі ерекшелігі болып табылады. Оны томендегі кестеден анық байқаймыз.

2-кесте. Ешкі желінінің түрлері

Топтар	Астау	Шар	Алмұрт
I-топ 3 тума жасында	Астау тәрізді 48 см	-	-
II-топ 2 тума жасында	-	Шар тәрізді 36 см	-
III-топ 1 тума жасында	-	-	Алмұрт тәрізді 33 см

Жоғарда көрсетілген кестеде, ешкі желіннің түрлері берілген. Онда топтармен тұмса жастары өзара салыстырылып желіннің астау, шар және алмұрт тәрізді пішіндері көрсетілген. I-топ 3 тума жасындағылар II-топ 2 тума жасындағы және III-топ 1 тума жасындағы ешкілерге қарағанда желіннің пішіні бойынша астау тәрізді желіннің басқа шар және алмұрт тәрізді желіндерге қарағанда сүтті көбірек беретіндігі анықталды. Сонымен бірге желін орамын өлшегенде 12-15 см - ге үлкен екендігін көруге болады. Осыдан сүттің мөлшері тек қана тұмса жасына ғана байланысты болып қалмастан желіннің пішіні мен көлеміне де тікелей байланысты екендігін анықталды.

Қорыта келгенде, заанен ешкі тұқымы сүт өнімділік ерекшелігі сүттің мөлшеріне, желіннің түрлері мен көлеміне байланысты екендігін зерттеу барысында байқалды. Сонымен бірге сүттің нәрлігі мен энергиялық құндылығының да маңызды екендігін ұмытпауымыз керек. Осыдан соң дана халқымыз «Есің кетсе ешкі жый, Ешкіменен есінді жый» - деп бекер айтпаса керек. Ешкі сүтінің пайдасы дертке дауа, емге шипа екенін тағыда айтуға болады.

Литература

1. *Иолчиев Б.С., Марзенов Н.С., Чалых Е.А.* – Молочная продуктивность коз зааненской породы //Овцы, козы, шерстяное дело.
2. *Сабденов Қ.С., Арынгазиев С.* Ешкі шаруашылығы. Оқулық. Алматы 2010.
3. *Рахимжанов Ж.А., Сабденов К.С., Қусайнов А.К.* Новые породы и типы овец и коз Казахстана 1 и 2. Учебное пособие. Алматы. 1997.
4. *Арынгазиев С* – Селекционные и технологические аспекты повышения производства продукции козоводства //Справочник овцевода РНИ «Бастау» Алматы 2000.

ӘОЖ 664.71

Түсүпбекова Қ.М., Оспанов Ә.Ә.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

ТОЛЫҚ ТҮРДЕ ҰНТАҚТАЛҒАН ҰН ӨНДІРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада отандық селекциялы дәнді және бұршақ дәнді дақылдардан өндірілген толық түрде ұнтақталған ұнды зерттеу нәтижелері келтірілген. Осындай ұнның шығымы ұнның стандарттық ұнтағына қарағанда айтарлықтай көп болатыны, қаншалықты ұнның шығымы аз болса, соған сәйкес витаминдер мен минералдық заттар шығыны көп болатындығына назар аударылады.

Кілт сөздер: толық түрде ұнтақталған ұн, отандық селекциялы дәнді және бұршақ дәнді дақылдар, витаминдер шығыны, минералдық заттар шығыны, адам ағзасына пайдасы.

Кіріспе

Қазіргі кезде біздің республикадағы бидайды қайта өңдеуші өндіріс орындарының алдында бірқатар өзекті мәселелер тұр, оларды шешу Қазақстанның ДСҰ құрамына кірген 2015 жылдан бастап ерекше мәнге ие және отандық бидай өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Бидайды ұнтақтаудың дәстүрлі пайдаланылатын сызбаларында құнды микронутриенттер жойылып кетеді және нанның тағамдық құндылығы дәнмен салыстырғанда біршама төмендейді. Ұн өндірісі кезінде бидай шикізатының дұрыс ұнтақталуы ең маңызды. Өйткені ол қуатты көп қажет ететін үрдіс болып табылады және дайын өнім өндірісіне жұмсалатын барлық қуаттың 60-70 % тұтынады.

Ұн ұнтақтаушы өндірістік кәсіпорындарындағы ұн өндірісінің технологиялық үрдістері әдетте екі сатыдан тұрады: ұнтақтау сатысы және жіктелуі. Бидайды өңдеу үрдісін қарқынды және өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру үшін соңғы кездері ұнтақтау мен жіктелу үрдістерін біріктіретін аралас аппараттар көптеп қолданысқа енуде. Алайда менің таңдаған тақырыбым ұн өндірісінде әлі де болса сирек қолданылатын толық түрде ұнтақталған ұн өндірудің өзектілігіне тұтынушылардың назарын аудару болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсаты - дәнді және бұршақ дәнді дақылдардан алынған толық түрде ұнтақталған ұн өндірудің өзектілігі мен келешегіне тұтынушылардың назарын аудару.

Дән қабатының шетінде орналасқан витаминдер мен минералды заттарға бай келетін талшықтары мол толық түрде ұнтақталған ұннан жасалған нан және нан-тоқаш өнімдерін дәріптеп, өндіріске енгізу арқылы адам ағзасына елеулі пайда келтіруге болады.

Дәнді және бұршақ дәнді дақылдардан алынған ұн өндірісі мен қолдануы жайлы әдебиетке шолуды талдау негізінде, қазіргі уақытта шет елдерде өндірілетін ұнның алуан-түрлілігі өте көп (текстурирленген (ісінген) ұн, сұлы ұны, жүгері ұны, тары ұны, қарақұмық ұны, күріш ұны, сорго дәнінен алынған ұн, тритикале ұны, могордан алынған ұн, амарант дәнінен алынған ұн, соя ұны, толық түрде ұнтақталған дәннен алынған ұн) екендігі жайлы қорытынды жасауға болады. Осы тұста дәнді және бұршақ дәнді дақылдардың түріне қарай толық түрде ұнтақталған дәннен алынған ұн – бидай, арпа, жүгері, сұлы, тары және қарақұмық ұны болып бөлінеді (1-ші сурет).

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі кезде Қазақстанда пайдаланылатын дәнді дақылдарды ұнға айналдырудың дәстүрлі ұнтақтау әдісі дәнді біртіндеп ұнтақтауға және өзінің физика-механикалық қасиеттері мен химиялық құрамы бойынша анық ажыратылатын үш негізгі бөлігін – эндосперм, ұрық және қабығын механикалық ажыратуға негізделген. Эндоспермнен қабығын, алейрон қабатын және ұрығын ажырату кезінде дәрумендер, ақуыздар мен минералды заттардың көп бөлігі жойылып кететіндігі анық, ол ұн мен нанның тағамдық құндылығын төмендетеді. Дәнді ұнтақтаудың дәстүрлі қалыптасқан сызбалары кезінде олар жойылады және нанның тағамдық құндылығы дәнмен салыстырғанда біршама кедейленеді.



1 сурет – Дәнді және бұршақ дәнді дақылдардан алынған толық түрде ұнтақталған ұн түрлерінің үлгілері

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінен төмендегідей қорытынды жасауға болады. Ұнның шығымы аз болған сайын, дәрумендер мен минералды заттардың жойылуы соншалықты жоғары. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мәліметтері бойынша ұнтақтау мен сұрыптылығын арттыру нәтижесінде дәрумендердің жойылу деңгейі (2-ші сурет) В₁, В₆, РР дәрумендерінің, фольк қышқылының мөлшері бойынша бидай дәнінен ұнға

Нәтижелерді талқылау

Дәннің химиялық құрамының құрамдас бөліктерінің оның анатомиялық бөліктері бойынша таралуы жайлы мәліметтерінен, әр түрлі ұнтақталған өнімдердегі минералды заттар мен дәрумендердің мөлшері, оның құрамына дәннің қандай бөліктері енгеніне байланысты болатындығы анықталды. Қабықшасыз таза дәннің эндоспермінен алынған ұн, тамақтанудың бірден-бір көзі бола отырып, организмнің қалыпты тіршілік етуін бірқалыпты ұстап тұра алмайды.

Ғылыми мәліметтер көрсеткендей, жақын уақытқа дейін тағамдық өнімдерде қажетсіз жүк деп есептелген тағамдық талшықтар организмнің физиологиялық процестеріне белсенді қатысатындығы, асқазан-ішек жолының қызметін қалыпқа келтіреді. Олардың болмауы немесе жеткіліксіздігі ауруға шалдықтырады.

Көп жағдайда тұтынушы ақ нанды тандайды, өйткені ол дәмді, жағымды және оңай сіңіріледі; өндірушілер (ұн тартушылар, нан пісірушілер) болса ұн мен нанның жоғары сұрыптары тиімді, көп пайда әкеледі деп ойлайды. Бірақ физиологтар мен дәрігерлер көптен бері ірі ұнтақталған ұннан пісірілген нан адам үшін біршама пайдалы екендігін есепке ала отырып, төменгі сұрып ұндарының (шығымы 85 %, қарабидай, қабығы алынған) нанын қайта пайдаланған мақсатты да тиімді деп санайды. Шет елде бұндай нан көп таралымға ие бола бастады. Осылайша, Ұлыбританияда қара бидай ұнынан жасалынған нан сұрыпы құны бойынша нан сатылымының жартысына дерлік бөлігін құрайды. Шығымы жоғары ұннан нан пісірудің біршама артуының қажеттілігі айдан анық, әсіресе қазіргі кезде табандылықпен ұсынылады.

Клетчатканың диетадағы қызметі жайлы жүргізілген жаңа физиологиялық зерттеулердің, белгілі ғалымдардың жарияланған жұмыстарының арқасында, көптеген елдерде ірі ұнтақталған ұннан алынатын нанды тұтынудың артуы байқала бастады.

Қорытынды

Сондықтан, біріншіден, Қазақстанның наубайхана өндірісі үшін әр түрлі дақылдар дәнін ірілеп ұнтақтау арқылы өндірілетін ұнның жалпы көлемін арттыру керек. Екіншіден, нан өнімдерінің қауіпсіздігін микробиологиялық қырынан ғана емес, сонымен қатар республика тұрғындарының денсаулық жағдайын есепке ала отырып табиғи минералды заттар мен дәрумендерді сақтауды қамтамасыз ететін, ғылыми негізде дәнді және бұршақ дәнді дақылдардың толық түрде ұнтақталған дән ұнын алу үшін дәнді дайындау және өңдеудің энергетикалық сыйымдылығы жоғары әдістер жасап шығару аса өзекті саналады. Үшіншіден, толық түрде ұнтақталған дән ұнынан нан дайындау, сұрыпты ұн нанымен салыстырғанда оның құрамындағы тағамдық талшықтар, майлар, дәрумендер, минералды заттарға бай шеттік қабаттарды сақтауға мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн. Төртіншіден, өндірушілер үшін толық түрде ұнтақталған дәннен ұн алу технологиясы қысқа технологиялық сызбаға ие және әдеттегі әдістермен салыстырғанда біршама арзан болып табылатындығы маңызды екендігін ескерген жөн.

Әдебиеттер

1. *Оспанов Ә.Ә., Тимурбекова А.Қ., Қызырбай Т., Лайхан А.* Тағамдық және биологиялық қасиеттері жоғары ұн сұрыптарының номенклатурасын кеңейту // *Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана*, 2013 ж., № 1. – Б. 74-75.
2. *Ә.Ә. Оспанов, Н.Ж., Муслимов, А.Қ., Тимурбекова, Г.Б. Жұмабекова.* Толық түрде ұнтақталған ұн өндіру технологиясы: оқу құралы. – Алматы: "Нұр-Принт", 2015. – 119 б.

Тусупбекова К., Оспанов А.А.

АКТУАЛЬНОСТЬ ПРОИЗВОДСТВА ЦЕЛЬНОСМОЛОТОЙ МУКИ

Аннотация

Приведены результаты исследований цельносмолотой муки, произведенной из зерновых и зернобобовых культур казахстанской селекции. Констатируется, что выход такой муки значительно выше, чем выход муки стандартного помола, а чем меньше выход муки, тем больше потери витаминов и минеральных веществ.

Tusupbekova K. Ospanov A.A.

RELEVANCE OF FLOUR WHOLEGRAIN

Annotation

The results of wholegrain flour studies drawn from grains and legumes Kazakhstan selection. It is noted that the exit of such flour is much higher, than the exit of a flour of a standard grinding, and the is less flour exit, the it is more than loss of vitamins and mineral substances.

МАЗМУНЫ

«АГРОБИОЛОГИЯ» СЕКЦИЯСЫ

Abdulmaxut A., Agibayev A.Zh. The species composition and biological features of the major sugar beet pests in conditions of baizak district of Zhambyl region.....	3
Амантайқызы Ж., Агибаев А.Ж. Основные болезни томатов открытого грунта в условиях байзакского района жамбылской области.....	7
Асанбеков М. А. Технологии совершенствования посева семян сельскохозяйственных культур.....	10
Әбжапбарова А.Қ., Нұрғалиев Н.Ш. Қызылорда облысы жағдайында африкалық тарының тұқым шығымдылығы мен өсімдік өміршеңдігі.....	14
Әбілдаева Қ., Идрисова А.Б., Мырзабаева Г.А. Дән пісу мерзімдеріне қарай жүгері будандарын бағалау.....	20
Балықбай С.Қ., Атақұлов Т.А., Мусаходжаев Н. Алматы облысы тау бөктері жағдайында арпа дақылдың себу мөлшерінің өнімділігіне әсері.....	25
Баясов А., Джунусов К.К. Болезни зерновых бобовых культур и меры борьбы с ними в условиях Чуйской долины.....	27
Дүйсенова Г., Малимбаева А. Влияние длительного применения удобрений на показатели эффективного и потенциального плодородия темно-каштановых почв.....	30
Егінбаева Қ., Қалдыбаев С. Ертеде мелиорацияланған іле алатау тау алды жазықтығының шалғынды сортаң топырақтарының су-тұз құбылымы.....	34
Жұман Н.Б., Кежембаева Ж.Қ. Оңтүстік Қазақстан облысы қазығұрт ауданы «алтынтөбе» ауылдық округінің топырақ жамылғысы.....	40
Ильясова Г., Құдайбергенов М.С., Сүлейменова С.Е. Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында қытайбұршақты шаруашылық құнды белгілері бойынша конкурстық сортсынау питомнигінде зерттеу.....	42
Именалинова А.Т., Жоламанов Қ.К., Ешеналиева А. Алматы облысы «Агроуниверситет» ОТШ жағдайында ресурс үнемдеу технологиясының майбұршақтың өнімділігіне әсері.....	46
Кенжегалиев А.М., Есенбекова П.А., Таранов Б.Т. Полужесткокрылые (heteroptera) Сайрам-угамского ГНПП (фауна, биология, экология и хозяйственное значение).....	52
Назарматова А.А., Джунусов К.К. Калифорнийская щитовка в предгорных садах чуйской долины и меры по ограничению ее вредоносности.....	63
Ноябидинов Б.Д., Деркенбаева С.С. Влияние изменения климата на продовольственную безопасность.....	66
Омурзакова А.Т., Джунусов К.К. Биоэкологическое обоснование защиты плодовых культур от восточной плодожорки в условиях Кыргызстана.....	71
Сабденова А.С., Баядилова Г.О., Турганбайқызы Г. Изучение коллекций эспарцета для использования селекции.....	74
Сайлауханұлы А., Сулейменова Н.Ш. Рапс фитоценозының қалыптасуына және өнімділігіне экологиялық факторлардың әсері.....	78
Сулейменова А., Жаманғараева А.Н. Полифункционалдық химиялық мелиоранттар мен биогумустың тақыр тәріздес топырақтардығы бордың ұйыттылығын төмендету жолдары.....	82
Тоқтарова А., Райымбекова И., Аубакиров Н. Алматы қаласы өзендерінің экологиялық жағдайы.....	88
Толтебаева Ә.А., Тұрғанбай Г., Садуақасов С.С. Жоңышқаның жаңа будандары.....	91
Толыбай Ұ., Махамедова Б.Ж. Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары.....	95

Худайбергенова Ф., Даулетхан А., Медеуова Галия Ж., Жексембиев Р. Қ. Тұзды топырақта күріштің өсуі.....	100
Шалауова Ж.Д., Асыллова Р. Н. Дәрілік өсімдіктерді экофермаларда өсірудің агротехнологиялық ерекшеліктері.....	105

«ВЕТЕРИНАРИЯ» СЕКЦИЯСЫ

Акшалова П., Шабдарбаева Г.С. Результаты исследования на описторхоз.....	109
Алманбет уулу Г., Айтматов М.Б., Токоев К.К. Этиопатогенез, симптомы и диагностика острого расширения желудка кыргызской лошади.....	115
Әділаева Ұ.Б., Ибажанова А.С. Ірі кара мал лептоспирозын патоморфологиялық балау.....	121
Әлімова Т.Ә., Жұмагелдиев А. Ә. Түйекүс өнімдерінің санитариялық көрсеткіштері..	124
Батхиева Г.Б., Ильясов Б.К., Тулеметова С.Е., Ильясов А.Б., Нуралиев С. Оценка иммунологической эффективности противолептоспирозной сыворотки на животных....	127
Батхиева.Г.Б, Ильясов.Б.К, Ильясов.А.Б., Тулеметова С.Е., Алиханов О. Результаты производственного испытания поливалентной лечебной гипериммунной сыворотки на крупном рогатом скоте и лошадей.....	131
Болотакунов К.Б., Токоев К.К. Биогеоэкологическая диагностика животных в Кыргызстане.....	138
Болысбекова А.Н., Тоқаева М.О., Барахов Б.Б. Ірімшік өндіру технологиясы және өндіріс орнында жүргізілетін ветеринариялық санитариялық шараларды жетілдіру.....	142
Danikeyeva A. K., Isbussinov V. Kassymov Y.I. Standardization of the concentration sheep erythrocytes in the lift in ovine epididymitis.....	147
Елекенова Ж.Б., Баянтасова С.М. Сауда орындарында сатылатын шұжық өнімдерінің сапасын бағалау.....	149
Қадыр А.Б., Талиева Э.Х., Жайлаубаева Г.А. Нургалиев Б.Е. Сауда орындарында сатылатын айранды ветеринарлық-санитарлық сараптау және сапасын бағалау.....	153
Қонай Г.Қ., Кенжебекова Ж.Ж. Ірі кара мал тейлериозының патологиялық морфологиясы.....	158
Мансуров Б.Е., Омарбекова У.Ж., Мусоев А.М. Құстың жұқпалы бронхитін серологиялық балау нәтижелері.....	162
Мелисбек уулу Б., Айтматов М.Б., Майгулакова Л. Т. Микробиологические показатели мяса в процессе хранения традиционными у кыргызов методами.....	167
Палухина А.А., Хусаинов Д.М., Абеуов Х.Б. Хламидиоз кошек.....	171
Тлывалдиев Ш.Ш., Отарбаев Б.К. Спыр бруцеллезін серологиялық балаудың тиімділігін анықтау.....	177
Ялышева С., Шабдарбаева Г.С. Эпидемиолого-эпизоотическая ситуация по зоонозным гельминтозам.....	180

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР» СЕКЦИЯСЫ

Аманқосова Ә., Асқарова Ә.А. Гравитациялық тасымалдағыш құбырларды технологиялық мақсатта пайдалану үшін қайта құрылымдау.....	188
Асылбек Қ., Мұратбекова Қ.М. Күн сәулесі арқылы кептіргіш жабдық Қызылорда облысына қарасты ТОО СПК «Байқоңыр» қауынынан қауын қақ.....	193
Әбілмәжін Б., Асқарова Ә.А. Астықты әртүрлі қоспалардан тиімді тазалау технологиясын инновациялық жабдықтау.....	196

Богдашкин А.С., Бисалиева Ж.Е., Нуржанова Ф.Х. Проблема описторхоза в Западно-Казахстанской области.....	200
Вирцева Н. Е., Жайлибаева Г.К. Необычные пищевые добавки, используемые в современной пищевой промышленности.....	206
Джумадилова Д.Н., Исхан Қ.Ж. Иппотерапия	208
Душниязова Д.С., Буралхияев Б.А. Раннее прогнозирование молочной продуктивности у крупного рогатого скота с использованием генетических маркеров	211
Қалиева Т.П., Шалхарова Д.Ж., Қазтаева Б.Қ. Жыл мезгілдеріне байланысты бие сүтінің өзгеруі және одан дайындалатын қымызды ветеринариялық – санитариялық сараптау.....	213
Құрманғалиева А., Құлатаев Б.Т. Мал терілерін өңдеу технологиясы.....	217
Латиф Б.З., Алмаганбетова А.Т. Тағамдық қоспалардың азық-түлік өнімдеріне әсері	221
Малова Я.А., Жайлибаева Г.К. Польза и вред кишечной палочки (<i>e. Coli</i>). Две стороны одной медали.....	225
Meimankulova G.S., Dzhunusov R.Zh. The design of the ethmoid bone in the sagittal skull clipping.....	227
Сагиндыкова Н., Мамаева Л.А. Обогащение мучных кондитерских изделий фитодобавками.....	230
Салханова С.Н., Искакова І.С. Өсімдік шикізатынан биофлавоноидтарды анықтау.....	233
Сапарғали А.Ж., Акишев Н.К. Құрт жасау технологиясы.....	235
Төлеген Т., Қадыкен Р. Сүтті бағыттағы «ЗААНЕН» тұқымының сүт өнімділік ерекшелігі.....	239
Түсіпбекова Қ.М., Оспанов Ә.Ә. Толық түрде ұнтақталған ұн өндірудің өзектілігі.....	241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТЕРДІҢ ХХ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХХ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

Теруге 10.07.2016 ж. берілді. Басуға 18.07.2016 ж. қол қойылды.
Қалпы 70x100 ¹/₁₆. Көлемі 15,5 есепті баспа табак. Таралымы 30 дана.
Тапсырысы № . Бағасы келісім бойынша

Сдано в печать 10.07.2016 г. Подписано в печать 18.07.2016 г.
Формат 70x100 ¹/₁₆. Объем 15,5 п. л. Тираж 30 экз. Заказ №.
Цена договорная

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала мазмұнына автор жауап береді.

Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

Вып. редактор – Талдыбаев М.Б.
– Тлепбергенова С.Н.
Компьютерная обработка – Ноғайбаева А..